

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12717 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 16 маусымдағы № 52 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 16.06.2025 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 154-3-бабының 8-тармағына және 230-бабына, "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына, 20-бабының 5), 6), 11), 11-1), 11-2) және 11-3) тармақшаларына және 27-бабының 2-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау, жекеше әріптесті айқындау жөнінде конкурс (аукцион) және тікелей келіссөздер жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының мониторингін жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылу мониторингін жүргізу және бағалау мәселелерін қамтитын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жоспарланатын және іске асырылатын жобалары туралы, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің веб-порталын пайдалану арқылы ақпараттық қамтамасыз ету тәртібі және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттер тізбесін қалыптастыру және жариялау тәртібі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Мемлекет кепілгерліктерін беру немесе олардың көлемін ұлғайту үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іріктеу тәртібі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын ерекше маңызды мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына жатқызу өлшемшарттары;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің әртүрлі кезеңдерінде туындайтын тәуекелдердің болжамды тізбесі;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптар;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін құру және (немесе) реконструкциялау құнын және мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілерін мемлекеттік қолдау мен шығындарын өтеу көздерінің жиынтық құнын есептеу әдістемесі;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау әдістемесі;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тәуекелдерін бөлу және бағалау әдістемесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімдік баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы*

М. Құсайынов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
_____ Б. Сұлтанов
2015 жылғы 30 қараша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 725 бұйрығына
1-қосымша

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау, жекеше әріптесті айқындау жөнінде конкурс (аукцион) және тікелей келіссөздер жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының мониторингін жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу және бағалау мәселелерін қамтитын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидалары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау, конкурс (аукцион) және жекеше әріптесті айқындау бойынша тікелей келіссөздер жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарына мониторинг жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу және бағалау мәселелерін қамтитын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобаларын жоспарлау және іске асыру сатыларында МЖӘ субъектілерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 20-бабының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) алдын ала есептеулер – МЖӘ жобасының операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметінің келулер және кетулер бөлігі бойынша есептеулер, сондай-ақ кіріс деректері мен жол берулер көздерін көрсете отырып, тиісті нысандағы пайда мен залалдарды есептеу. Алдын ала есептеулер ашып көрсететін формулалары бар Microsoft Office Excel форматында жасалады және қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынылады;

2) жеке бастамашы – Заңда және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен МЖӘ жобасына бастамашылық жасаған әлеуетті жекеше әріптес;

3) коммерциялық жабу – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес МЖӘ шартын жасасу;

4) қаржылық жабу – әлеуетті жекеше әріптестің немесе жекеше әріптестің жеке және заңды тұлғалармен, олардың бірлестіктерімен инвестициялық кезеңде МЖӘ жобасын іске асыру үшін қажетті қарыз қаражатын тартуға келісімдер, шарттар жасасуы және олар бойынша қаржыландыру алудың қолжетімділігі;

5) мемлекеттік әріптес – Қазақстан Республикасы, оның атынан әрекет ететін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасқан мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар және жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы мемлекетке тікелей немесе жанама түрде тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар;

6) МЖӘ веб-порталы – МЖӘ саласындағы электрондық ақпараттық ресурстарды орталықтандырылған жинауға, өңдеуге, сақтауға, жекеше әріптесті айқындауға, МЖӘ жобаларының іске асырылуын мониторингтеуге, МЖӘ саласындағы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық-коммуникациялық платформасы;

7) жоспарлау кезеңіндегі уәкілетті тұлға (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) – МЖӘ жобасының іске асырылуына мүдделі, мемлекеттік орган, мемлекеттік мекеме, мемлекеттік кәсіпорындар немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар.

3. Бөлінетін бюджеттік бағдарламалар қаражатын МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді, МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу жүргізуді қаржыландыруға бөлу осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Жоспарланатын және іске асырылатын МЖӘ жобалары туралы ақпараттық қамтамасыз ету осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Жоспарланатын және іске асырылатын МЖӘ жобалары туралы, оның ішінде МЖӘ веб-порталын пайдалану арқылы ақпараттық қамтамасыз ету тәртібіне және МЖӘ жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттер тізбесін қалыптастыру және жариялау тәртібіне сәйкес МЖӘ веб-порталын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Конкурстық рәсімдер үшін МЖӘ веб-порталында ақпаратты орналастыруды республикалық МЖӘ жобалары бойынша салалық орталық мемлекеттік органдар не жергілікті МЖӘ жобалары бойынша жергілікті салалық мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Жоспарланған МЖӘ жобасы туралы мүдделерін білдіруді сұрау үшін МЖӘ дамыту орталығы республикалық МЖӘ жобалары бойынша салалық орталық мемлекеттік органдардан не жергілікті МЖӘ жобалары бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарынан ұсынылған деректер негізінде ақпаратты МЖӘ-нің веб-порталында орналастырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарau. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау

1-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың жалпы ережелері

6. МЖӘ жобасына орталық мемлекеттік органдар және (немесе) жергілікті атқарушы органдар (мемлекеттік бастама) немесе әлеуетті жекеше әріптес (жеке бастама) бастамашылық жасайды.

7. МЖӘ жобасын жоспарлау кезінде бір МЖӘ жобасының кезеңдерін бірнеше МЖӘ жобаларына бөлуге жол берілмейді.

Уәкілетті тұлғалар МЖӘ жобасы бойынша техникалық, қаржылық, заңдық шешімдерді қалыптастыруға кешенді тәсілді қамтамасыз етеді.

8. МЖӘ жобаларын мемлекеттік бастама бойынша іске асыру конкурс негізінде жекеше әріптесті айқындау жолымен жүзеге асырылады.

МЖӘ жобаларын жеке бастама бойынша іске асыру конкурс негізінде жекеше әріптесті айқындау не тікелей келіссөздер жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Қағидалардың 82-тармағы мен 7-параграфында көзделген ережелерді қоспағанда, осы Қағидалардың ережелері конкурстарды және (немесе) конкурстық құжаттаманы реттеу бөлігінде аукциондарға және (немесе) аукциондық құжаттамаға қолданылады.

9. Мемлекеттік бастаманы іске асыру шеңберінде МЖӘ жобаларын жоспарлау мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік

инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысына берген МЖӘ жобасын іске асырудың орындылығы туралы экономикалық қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамалар жүргізу "Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 8 желтоқсанда № 9938 тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

10. Конкурс өткізу жолымен жеке бастаманы іске асыру шеңберінде МЖӘ жобаларын жоспарлау әлеуетті жекеше әріптес әзірлеген конкурстық құжаттаманың ақпараттық парағының жобасына МЖӘ жобасын іске асырудың жеке бастамасы туралы өтінішті қабылдаған уәкілетті тұлғаның қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

11. Тікелей келіссөздер жүргізу жолымен жеке бастаманы іске асыру шеңберінде МЖӘ жобаларын жоспарлау әлеуетті жекеше әріптес әзірлеген МЖӘ жобасының бизнес-жоспарына жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздерге бастамашылық жасауға өтінімді (бұдан әрі – тікелей келіссөздерге бастамашылық жасауға өтінім) қабылдаған уәкілетті тұлғаның қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

12. МЖӘ жобасын жеке бастама бойынша іске асыру қажеттігі туралы қорытындыны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары және (немесе) актілері негізінде, сондай-ақ МЖӘ жобасының басымдығы мен жеделдігін ескере отырып, уәкілетті тұлға қабылдайды.

МЖӘ жобасының басымдығын, жеделдігін айқындау кезінде уәкілетті тұлға: Ведомствоаралық жобалау тобының ұсынымдарын назарға алады;

МЖӘ жобаларына басымдық беруді пайдаланады;

келіп түскен кәсіпкерлік субъектілері бастамаларының (осы бастамалар келіп түскен жағдайда) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларына не актілеріне сәйкестігін талдайды.

МЖӘ жобаларына басымдық беру шеңберінде МЖӘ жобасын іске асырудың орындылығы дәрежесі қаралады. Бірінші кезекте халықтың базалық қажеттіліктерін қамтамасыз ететін МЖӘ жобаларын іске асыру қаралады.

Егер басымды МЖӘ жобалары бірнеше болған жағдайда, мұндай жобаларды іске асырудың жеделділігі дәрежесі айқындалады.

Осы кезеңде МЖӘ жобасының алдын ала экономикалық және әлеуметтік тиімділігі айқындалады.

МЖӘ жобалары халық үшін ұзақ мерзімді кезеңге құндылық жасауға, жекеше әріптестің инвестициялар тартуына, сондай-ақ МЖӘ жобасының ерекшеліктеріне байланысты кемінде 5 (бес) жыл мерзімге жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалануына бағдарланады.

13. МЖӘ жобасын іске асыру қажеттігі туралы оң қорытынды МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасын әзірлеу рәсімдеріне көшу үшін негіз болып табылады.

14. МЖӘ жобасын жоспарлау сатысында жобаны басқару сапасын қамтамасыз ету үшін уәкілетті тұлғалар ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандарын, тәуелсіз сарапшыларды, жобалық, инжинирингтік және басқа компанияларды, мүдделі және уәкілетті мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдерін, кәсіпкерлік субъектілерін тарту жолымен Ведомствоаралық жобалау тобын құрады.

Ведомствоаралық жобалау тобын құру туралы, сондай-ақ оның құрамын өзгерту туралы шешім МЖӘ веб-порталында тиісті шешім қабылданған күннен бастап (2) екі жұмыс күнінен кешіктірілмей орналастырылады.

15. Ведомствоаралық жобалау тобы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

МЖӘ жобасын іске асыру тетіктері бойынша ұсыныстар мен бастамаларды зерделейді;

МЖӘ жобасының басымдығын, жүзеге асыру тәсілін, конкурстың түрін, жер учаскелерін бөлуге, инженерлік желілерге қосылуға байланысты мәселелерді іріктейді, бағалайды, айқындайды;

осы Қағидаларға 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамаға қол қою жолымен МЖӘ жобасын іске асырудың орындылығы не орынсыздығы туралы ұсынымдар қабылдайды;

жоспарланып отырған МЖӘ жобасы бойынша маркетингтік және өзге де зерттеулердің нәтижелерін, МЖӘ жобасы бойынша конкурстық құжаттаманы әзірлеуге қажетті есептеулер мен өзге де материалдарды зерделейді;

конкурстық құжаттамаға қосу үшін ұсыныстар қалыптастырады;

МЖӘ жобасын жоспарлау кезеңінен бастап МЖӘ шартын жасасу кезеңіне дейін МЖӘ жобасын әзірлеуге тартылған тұлғалардың есептерін тыңдайды;

келісуші уәкілетті органдар мен ұйымдардан ескертулер алынуына қарай келісу және сараптау процестері барысында МЖӘ жобасының конкурстық

құжаттамасын пысықтауды жүзеге асырады. Бұл ретте сараптаудың немесе келісудің нәтижесі бойынша қорытындыларда, бар болса, Ведомствоаралық жобалау тобы үшін МЖӘ жобаларын басқару жөніндегі ұсынымдар көрсетіледі; осы Қағидаларда көзделген мерзімдер және рәсімдердің сақталуын қадағалайды.

16. Уәкілетті тұлғалар мен өзге де мүдделі тұлғалар Заңның 26-бабына сәйкес МЖӘ саласындағы мамандарды оқыту, сондай-ақ МЖӘ мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін МЖӘ дамыту орталығын тартады.

17. МЖӘ жобасын қаржыландыруға мүдделі қаржылық және өзге де ұйымдар МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасын, МЖӘ шартының жобасын әзірлеуге және талқылауға қатыса алады, оның ішінде МЖӘ жобасын қаржыландыру, МЖӘ шарты бұзылған жағдайларда тартылатын қарыздар, көзделетін төлемдер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету схемасы және МЖӘ жобасын қаржыландыруға байланысты өзге де мәселелер бойынша ұсыныстар енгізе алады.

18. МЖӘ жобасын жоспарлауға кәсіпкерлік субъектілерін тарту, жоспарлау процесінің ашықтығын арттыру мақсатында, уәкілетті тұлғалардың жоспарланған МЖӘ жобасы туралы қызығушылық танытқан сұрау салуды өздерінің ресми интернет-ресурстарында және МЖӘ веб-порталында орналастыруына жол беріледі.

Ақпартты өзге де интернет-ресурстарда және мерзімді баспасөз басылымдарында орналастыруға қосымша жол беріледі.

Жоспарланған МЖӘ жобасы туралы қызығушылық танытатын сұрау салуда уәкілетті тұлғаның байланыс деректері, МЖӘ жобасының негізгі параметрлері мен талаптары, сондай-ақ ұсыныстар берудің түпкілікті мерзімдері қамтылады.

19. Конкурсты ұйымдастырушы жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурсты жабық түрде өткізу туралы шешім қабылдаған жағдайда, жоспарланған МЖӘ жобасы туралы ақпарат жарияланбайды. Қызығушылық танытқан сұрау салу конкурсты ұйымдастырушы алдын ала айқындаған әлеуетті жекеше әріптестерге жазбаша түрде жолданады.

20. МЖӘ жобасын талқылауға әлеуетті жекеше әріптестерді тарту мақсатында дөңгелек үстелдер, кездесулер, road-show (тұсаукесерлер), networking (салалық конференцияларға және форумдарға, көрмелерге қатысу), инвестициялық маркетинг және басқа да қажетті іс-шаралар өткізілуі мүмкін.

21. Конкурсты ұйымдастырушы келіп түскен ұсыныстарды жинақтайды және қажет болған жағдайда уәкілетті тұлғаның әлеуетті жекеше әріптестердің әрқайсысымен, оның ішінде жалғыз әлеуетті жекеше әріптеспен келіссөздер жүргізуі жолымен бәсекелі диалог ұйымдастыра алады.

Бәсекелі диалог әрбір мүдделі әлеуетті жекеше әріптестердің, оның ішінде жалғыз әлеуетті жекеше әріптестің мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық, қаржылық, заңдық және МЖӘ жобасының басқа да қажетті параметрлері, мемлекеттік қолдау шаралары, үздік конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттары бойынша оңтайлы шешімдер және өзге де шешімдер қалыптастыру үшін ұйымдастырылады.

22. МЖӘ жобалары бойынша бәсекелі диалогтың нәтижелері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді.

Бәсекелі диалогқа қатысушылардың бәрі оны жүргізу барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

23. Уәкілетті тұлғалар бәсекелі диалогтың қорытындыларын, Ведомствоаралық жобалау тобы жұмысының нәтижелерін ескере, сондай-ақ Заңның талаптарын ескере отырып, конкурстық құжаттаманы әзірлейді.

24. Конкурстық құжаттама жобасын немесе бизнес-жоспарды талқылауға мүдделі мемлекеттік органдар, сарапшылар және мүдделі тұлғалар тартылуы мүмкін.

2-параграф. Бөлінетін бюджеттік бағдарламалар қаражатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ оған қажетті сараптамалар жүргізуді, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына, оның ішінде концессиялық жобаларға консультациялық сүйемелдеу жүргізуді қаржыландыруға бөлу тәртібі

25. МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеу немесе түзету, МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу шеңберінде, экономикалық сараптаманы қоспағанда, тиісті қажетті сараптамаларды жүргізу қаржыландырылады.

26. МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын және сарапталаржүргізуді, МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуді қаржыландыру және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

27. Бөлінетін бюджеттік бағдарлама қаражаты Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 154-4-бабына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын консультациялық қолдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің тізбесі негізінде бір қаржы жылы ішінде түрлі бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арасында бөлінуге жатады.

28. МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді, МЖӘ жобаларына, оның ішінде концессиялық жобаларға консультациялық сүйемелдеу жүргізуді бөлінетін бюджеттік бағдарламалар қаражаты есебінен қаржыландыру процесі мынадай негізгі кезеңдерді:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді, МЖӘ жобаларына, оның ішінде концессиялық жобаларға консультациялық сүйемелдеу жүргізуді қаржыландыруға өтінімдер беруін;

2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын консультациялық қолдау бойынша көрсетілетін қызметтердің тізбесін қалыптастыру мен бекітуді;

3) МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді, МЖӘ жобаларына, оның ішінде концессиялық жобаларға консультациялық сүйемелдеу жүргізуді қаржыландыруды қамтитын іс-шаралар кешенін білдіреді.

29. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді, МЖӘ жобаларына, оның ішінде концессиялық жобаларға консультациялық сүйемелдеу жүргізуді қаржыландыруға өтінімдер береді.

30. МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ конкурстық құжаттамаға қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыруға арналған өтінім:

1) салалық сараптаманың оң қорытындысы;

2) МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге техникалық тапсырманың жобасы;

3) МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеудің немесе түзетудің, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізудің құнын есептеу қоса берілген инвестициялық ұсынысты қамтиды.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарламасы бойынша МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуге немесе түзетуге бөлінген қаражатты игеру кезеңі бір жылдан астам

мерзімдікұрауы мүмкін, бірақ тиісті бюджет комиссиясының ұсынысында айқындалған мерзімнен аспауы тиіс.

31. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган МЖӘ жобасы инвестициялық ұсынысқа оң экономикалық қорытынды негізінде және республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген Қазақстан Республикасы Үкіметінің МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелер лимиттерін ескере отырып, МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қорытындыларды қалыптастырады және республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

32. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган инвестициялық ұсынысқа оң экономикалық қорытынды негізінде және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган белгіленген облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың жергілікті атқарушы органдарының МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелер лимиттерін ескере отырып, МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қорытындыларды қалыптастырады және тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

33. Бюджет комиссиялары мақұлдаған, инвестициялық ұсыныстарда қамтылған МЖӘ жобалары, оның ішінде концессиялық жобалар бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтердің тізбесін қалыптастырады.

34. Әрбір МЖӘ жобасы, оның ішінде концессиялық жоба бойынша атауды және қаржыландыру сомасын қамтитын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын консультациялық қолдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің тізбесін дайындалуын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган жүзеге асыратын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы бекітеді.

35. Мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын атқарушы орган МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық

жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді қаржыландыруға арналған өтінімді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға жібереді.

36. МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді қаржыландыруға арналған өтінім мынадай негізгі мәліметтерді:

- 1) МЖӘ жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның атауын;
- 2) бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі туралы ақпаратты;
- 3) көрсетілетін қызметтердің түрлері және олардың мәлімделетін құнын қамтиды.

37. Өтінімге, сондай-ақ мыналар:

1) мынадай негізгі мәліметтер көрсетілуі тиіс қызметтер көрсету жөніндегі техникалық тапсырманың жобасы:

көрсетілетін қызметтерді тартудың мақсаты мен міндеттері;

қызметтер ұсынуға қойылатын жалпы талаптар;

қызметтер ұсыну мерзімдері;

қызметтер ұсырудың тікелей нәтижелерінің көрсеткіштері (индикаторлары);

2) көрсетілетін қызметтердің мәлімделген жалпы құнының негіздемесі;

3) көрсетілетін қызметтер тарту қажеттілігін негіздейтін өзге де мәліметтер қоса беріледі.

38. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған өтінімді кейіннен республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізу үшін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қарауына енгізеді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған өтінімді бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Бюджет комиссиялары мақұлдаған әрбір МЖӘ жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны консультативтік сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді қаржыландыру көлемі бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтердің тізбесін қалыптастырады, ол мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

39. Тиісті бюджет комиссиясы қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның тиісті

бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтердің тізбесін, сондай-ақ әрбір жоба бойынша қаржыландырудың түрлері мен көлемдерін айқындайды.

40. МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтердің тізбесі әрбір жоба бойынша атауын және қаржыландыру сомасын қамтиды.

41. Тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалар қаражатының қалған сомасына тізімдемелерге өзгерістер және (немесе) толықтыруларды қалыптастыру, тиісті бюджет комиссияның қарауына енгізу және бекіту осы Параграфта белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

42. Тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – ТЭН) әзірлеуді немесе түзетуді қамтитын МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді, МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуді қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражаты қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған немесе ішінара пайдаланылған жағдайларда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тиісті бюджетті соңғы нақтылауға дейін бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылмаған бөлігін қайтаруды қамтамасыз етеді.

43. Пайдаланылмаған немесе ішінара пайдаланылған бюджет қаражатын қайтару кейіннен түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізе отырып, белгіленген тәртіппен әзірленген және қабылданған тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлу туралы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығына немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының шешіміне өзгерістер енгізу туралы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығы немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының шешімі негізінде тиісті бюджет комиссияларының тиісті шешімінсіз мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның тиісті бюджеттік бағдарламаларын қалпына келтіру арқылы жүзеге асырылады.

44. МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді, МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды

консультациялық сүйемелдеуді қаржыландыруға тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінген бюджет қаражаты қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған немесе ішінара пайдаланылған жағдайларда, екінші жарты жылдықта тиісті бюджетті нақтылағаннан кейін, бюджеттік бағдарлама әкімшісімен тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылмаған бөлігін қайтаруына жол берілмейді.

45. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын консультациялық қолдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің тізбесінің негізінде, МЖӘ жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның конкурстық құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді қамтитын МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді, МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

46. МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларды жүргізуді, МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуді қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында және Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

47. МЖӘ жобаларын, оның ішінде МЖӘ жобаларының ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді қамтитын концессиялық жобаларды, оның ішінде МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын концессиялық жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаны әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ МЖӘ жобаларын консультациялық сүйемелдеуге арналған шарт бойынша өнім берушінің міндеттемелеріне оның ішінде концессиялық жобалар, МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын міндетті пысықтау туралы талап енгізіледі, МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді өнім беруші тиісті сараптамаларды жүргізу нәтижелері бойынша ескертулер мен ұсыныстар туындаған жағдайда, оның ішінде жобаның экономикалық сараптамасын жүргізу кезінде жобаны пысықтауға қайтарған жағдайда, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі шарттың жалпы құны шегінде күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде.

48. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеу немесе түзету, МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша іс-шараларын іске асыру барысы туралы ақпаратты, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне (оныншы) дейін ұсынады.

3-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасын, оның ішінде оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде, әзірлеу, келісу, сараптама жүргізу, сондай-ақ бекіту

49. Конкурстық (аукциондық) құжаттаманы әзірлеуші мемлекеттік орган мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысына берілетін МЖӘ жобасын іске асыру орындылығы туралы экономикалық қорытындыны алғаннан кейін инвестициялық ұсыныс, оған берілген қорытындылар және басқа да тиісті сараптамалар қоса берілген өтінімді, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен конкурстық (аукциондық) құжаттаманы әзірлеу немесе түзету (МЖӘ жобаларын сүйемелдеу бойынша заңды тұлғалар тартылған жағдайда) мәселесін одан әрі тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға енгізеді.

50. Инвестициялық ұсыныстарда қамтылған тиісті бюджет комиссиялары мақұлдаған МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган конкурстық (аукциондық) құжаттаманы әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларды жүргізу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын МЖӘ жобаларының тізбесін қалыптастырады.

51. Инвестициялық ұсыныстарға берілетін экономикалық қорытындылардың негізінде және бюджет комиссияларының қорытындыларына сәйкес МЖӘ жобасының конкурстық (аукциондық) құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын МЖӘ жобаларының ТЭН-ін (қажет болған жағдайда) әзірлеуді немесе түзетуді қамтитын МЖӘ жобаларының конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету жүзеге асырылады.

52. Конкурстық құжаттама, оның ішінде оған тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде (бұдан әрі – конкурстық құжаттама), қазақ және (немесе) орыс тілдерінде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Заңмен және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен МЖӘ жобасының ерекшелігін ескере отырып өзге де тілдерде де әзірленеді.

53. Заңның 37-бабының 2-тармағына сәйкес конкурстық құжаттама мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) МЖӘ жобасы туралы жалпы мәліметтерді қамтитын жобаның төлқұжаты:
жобаның атауы;
конкурсты ұйымдастырушының атауы;
МЖӘ объектісінің қысқаша сипаттамасы;
жобаны іске асыру орны;
институционалдық және пайдалану кезеңдерінің қысқаша мазмұны;
кезеңдерге бөлінген жобаны іске асыру мерзімі;
инвестициялардың болжамды сомасы;
- 2) конкурстық шарттар, соның ішінде:
біліктілікке өтінім беру тәртібі,
әлеуетті жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар;
үздік конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттарының сипаттамасы;
МЖӘ жобасының параметрлері көрсетілуге тиіс валютаны (валюталарды) көрсету және оларды салыстыру мен бағалау мақсатында бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын валюта (валюталар) бағамы;
конкурстық өтінім берілетін тілге қойылатын талаптар;
әлеуетті жекеше әріптестің өз конкурстық өтінімін конкурстық (аукциондық) өтінімдер ұсыну мерзімі өткенге дейін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына нұсқау;
конкурстық өтінімнің мазмұны, конкурстық өтінімдерді ұсыну тәсілі, орны, мерзімі және олардың күші, сондай-ақ конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарттары;
МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасының мазмұны бойынша түсіндірулерді алу тәсілдері;
конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімдері, орны, күні мен уақыты;
конкурстың елеулі шарттары, яғни келіссөздер барысында өзгерістер енгізуге жол берілмейтін шарттары;
- 3) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша әзірленетін МЖӘ жобасының сипаттамасын қамтитын ақпараттық парақ;
- 4) МЖӘ шартының жобасы.

54. Конкурстық құжаттаманың ақпараттық парағының жобасын жеке бастама кезінде әлеуетті жекеше әріптес осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша әзірлейді және конкурстық құжаттаманың ақпараттық парағының жобасын және МЖӘ шартының жобасын әзірлеуге жеке бастамашының шығындарын өтеу мөлшері мен тәртібі жөніндегі ақпаратты қамтиды.

55. Конкурстық құжаттаманың ақпараттық парағының жобасын қоса бере отырып, МЖӘ жобасын іске асырудың жеке бастамасы туралы өтінішті әлеуетті жекеше әріптес уәкілетті тұлғаға жібереді, ол өтінішті алған күннен бастап 15 жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес МЖӘ жобасын іске асыру қажеттігі туралы қорытынды жібереді.

Өтінішті жасаудың дұрыстығын, оның ішінде МЖӘ жобасын іске асырудың жеке бастамасы туралы өтініш жіберілетін уәкілетті тұлғаны айқындау бөлігінде әлеуетті жекеше әріптес қамтамасыз етеді.

56. Кемшіліктер немесе толық емес ақпарат анықталған жағдайда, осы Қағидалардың 55-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген мерзімде уәкілетті тұлға жеке бастамашыға ұсынылатын ақпараттық парақтың жобасына ескертулер, ұсынымдар мен талаптар жібереді және жеке бастамашымен келісу бойынша көрсетілген құжатты пысықтау мерзімін белгілейді.

Егер жеке бастамашы Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігіне сәйкес белгіленген мерзімде ақпараттық парақтың пысықталған жобасын ұсынбаған жағдайда, уәкілетті тұлға теріс қорытынды жібереді.

57. МЖӘ жобасын іске асыру қажеттілігі туралы оң қорытынды болған жағдайда, жекеше әріптес мұндай қорытындыны алған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті тұлғаға ақпараттық параққа сәйкес әзірленген МЖӘ шартының жобасын жібереді.

Уәкілетті тұлға жеке бастамашы әзірлеген ақпараттық парақтың жобасы мен МЖӘ шартының жобасы негізінде осы Қағидалардың 53-тармағына сәйкес конкурстық құжаттаманың жобасын әзірлейді және осы Қағидаларда көзделген тәртіппен одан әрі келісуге және сараптамаға жібереді.

58. Конкурсты ұйымдастырушының бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған конкурстық құжаттаманы тиісті саланың уәкілетті органы салалық сараптауға тиіс.

Конкурстық құжаттаманы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландыруға қойылатын талап конкурстық құжаттаманың барлық қажетті келісулерден және сараптамаларынан өткен кезде, сондай-ақ конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы МЖӘ веб-порталында орналастырған кезде қолданылады.

Конкурстық құжаттамаға салалық сараптаманы республикалық МЖӘ жобалары бойынша салалық орталық мемлекеттік органдар не жергілікті МЖӘ жобалары бойынша жергілікті салалық мемлекеттік органдар енгізілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізеді. Сараптама нәтижелері бойынша салалық қорытынды осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді және МЖӘ веб-порталында орналастырылады.

Жергілікті салалық мемлекеттік органдар тиісті саланың орталық мемлекеттік органдарына құны төрт миллион айлық есептік көрсеткіштен асатын жергілікті МЖӘ жобалары бойынша салалық қорытындының көшірмесін мәлімет үшін жібереді.

МЖӘ жобасының орындылығы, іске асыру мерзімдері, көлемі, құны және іске асыру тетігі, МЖӘ жобасы бойынша түпкілікті және тікелей нәтижелерге қол жеткізу бойынша танылған жағдайда, оң салалық қорытынды, кері жағдайда – теріс салалық қорытынды дайындалады.

Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде ол салалық сараптамаға жіберілуі тиіс.

Салалық қорытындыға салалық орталық не жергілікті мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға тиісті бұйрықты қоса бере отырып, мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығының электрондық цифрлық қолтаңбасын қолдана отырып қол қояды және МЖӘ веб-порталы арқылы ұсынылады.

Ақпараттандыру саласындағы МЖӘ жобалары бойынша конкурстық құжаттамада көзделген технологиялық, техникалық шешімдердің, оның ішінде іске асыру кестесінің "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкестігіне бағалау жүргізіледі.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы МЖӘ жобалары бойынша конкурстық құжаттамада көзделген технологиялық, техникалық шешімдердің, оның ішінде іске асыру кестесінің "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкестігіне бағалау жүргізіледі.

Егер МЖӘ жобасы бірнеше салалық мемлекеттік органдардың жауапкершілік аясын қозғаған жағдайда көрсетілген салалық мемлекеттік органдар салалық сараптама үшін осы тармақтың талаптарына сәйкес дайындалатын конкурстық құжаттаманың тиісті салалық сараптамалар қорытындыларын қосымша ұсынады.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. МЖӘ жобасы табиғи монополиялар салаларына жатқызылған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен олар келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде мына мәселелерді қарай отырып:

1) табиғи монополиялар саласына жататын көрсетілетін қызметтерге, тауарларға және жұмыстарға тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін)

қалыптастыру және бекіту тәртібі бөлігінде конкурстық құжаттама ережелерінің Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар салаларындағы қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін;

2) конкурстық құжаттаманың ТЭН және (немесе) тарифтер қалыптастырудың экономикалық, қаржылық, техникалық және басқа да параметрлеріне және МЖӨ жобасының жобалау-сметалық құжаттамасы (бұдан әрі – ЖСҚ) бар болған жағдайда оған сәйкес келуін;

3) конкурсқа қатысушылар ұсынған конкурстық өтінімнің құрамында МЖӨ жобасының тариф қалыптастырумен байланысты құжаттар тізбесін келісуін;

4) тариф қалыптастырумен байланысты конкурстық құжаттаманың елеулі шарттарын келісуін;

5) МЖӨ жобасының тариф қалыптастырумен байланысты МЖӨ шартына енгізілетін ережелер мен қосымшалар бөлігінде МЖӨ шартының жобасын келісуін;

6) жұмыс істеп тұрған МЖӨ объектілерін жаңғырту, реконструкциялау немесе күрделі жөндеу кезінде – іске қосылған негізгі құрал-жабдықтардың өтімділік құнының қазіргі деңгейінің капитал құрушы шығындар есебінен ұлғаюына немесе сақталуына қол жеткізуді және МЖӨ жобасын іске асыру шеңберінде әзірленген және іске асырылатын іс-шаралар жоспарларына негізделген нормативтік шығындарды төмендетуді және (немесе) бар болған жағдайда нормативтен жоғары шығындарды жоюды;

7) қызметтер (тауарлар, жұмыстар) бойынша шығыстар, өндірістік шығындарды азайтуды;

8) қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемін ұлғайту және (немесе) сапасын арттыруды;

9) тарифті (бағаны, алым мөлшерлемелерін) қалыптастыру тәртібі көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтің шекті деңгейін;

10) қарыз алудың және қарыз ресурстарын өтеудің схемасы мен шарттарын;

11) МЖӨ жобасының негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері – Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының және МЖӨ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді төлеу болжамының көрсеткіштерін ескере отырып, пайданың (кірістіліктің), тартылған активтеріне пайданың, көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) өсу болжамы шеңберінде субъектілердің көрсетілетін қызметтеріне тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелерінің) деңгейіндегі қолма-қол ақшаның дисконтталған ағымдарының ішкі нормаларын келіседі.

Конкурстық құжаттаманы келісу келісім туралы немесе әрбір қаралатын мәселе бойынша келіспеу себептерін немесе конкурстық құжаттаманы пысықтау бойынша талаптарды көрсете отырып, келіспеу туралы хат түрінде ресімделеді.

60. Жекеше әріптестердің мемлекеттік функцияларды іске асыруын қамтамасыз етуді көздейтін республикалық жобалар бойынша конкурстық құжаттама МЖӘ веб-порталы арқылы монополияға қарсы органға бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласына қатысты бөлігінде келісуге жіберіледі.

Конкурстық құжаттама қарауға қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей, монополияға қарсы орган МЖӘ веб-порталы арқылы конкурстық құжаттаманы келісу немесе негіздемелерді көрсете отырып, келісуден бас тарту туралы хат жібереді.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Конкурсты ұйымдастырушы МЖӘ веб-порталы арқылы республикалық не жергілікті МЖӘ жобаларының конкурстық құжаттамасын бюджетті атқару жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті органға келісуге жолдайды.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган құзыретіне кіретін мәселелер бойынша республикалық МЖӘ жобаларының конкурстық құжаттамасын келісуді жүргізеді, оның ішінде мынадай мәселелерді қарастыра отырып:

1) инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекеттің кепілгерлігін немесе МЖӘ жобаларын қаржыландыру үшін тартылатын қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер ұсыну мәселелерін.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекет кепілгерлігін ұсынуды көздейтін конкурстық құжаттаманы келісу кезінде МЖӘ жобасы бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс шеңберінде конкурсты ұйымдастырушы беруге ұсынған мемлекет кепілгерлігінің көлемін келіседі;

2) МЖӘ жобасын іске асыру үшін МЖӘ объектісін республикалық меншікке қабылдау немесе қолданыстағы республикалық меншік объектісін беру;

3) шығындарды өтеу және кірістер алу көздерін төлеуге, МЖӘ жобасы бойынша бірлесіп қаржыландыруға республикалық бюджеттен қаражат бөлу мәселелерін.

63. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган құзыретіне кіретін мәселелер бойынша, оның ішінде мынадай:

1) МЖӘ объектісін коммуналдық меншікке қабылдау немесе қолданыстағы коммуналдық меншік объектісін МЖӘ жобасын іске асыру үшін беру;

2) шығындарды өтеу және кірістер алу көздерін төлеуге, МЖӘ жобасы бойынша бірлесіп қаржыландыруға жергілікті бюджеттен қаражат бөлу мәселелерін қарастыра отырып, жергілікті МЖӘ жобаларының конкурстық құжаттамасын келісуді жүргізеді.

64. Бюджетті атқару жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті органның конкурстық құжаттаманы келісу мерзімі, егер жоба техникалық тұрғыдан күрделі және (немесе) бірегей болып табылса, 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайды, ал қалған жобалар бойынша келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайды.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті орган конкурстық құжаттаманы келісуді МЖӘ веб-порталы арқылы жүзеге асырады.

Келісуден бас тартқан жағдайда бюджетті атқару жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті орган конкурстық құжаттаманы келіспеу себептерін не конкурстық құжаттаманы пысықтау жөніндегі талаптарды көрсетеді.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Конкурсты ұйымдастырушы МЖӘ веб-порталы арқылы конкурстық құжаттаманы, оның ішінде оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде, сондай-ақ оған қоса берілетін материалдарды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға келісуге жолдайды.

Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде жаңа редакцияда жазылған конкурстық құжаттамаға тиісті салыстырма кесте қоса беріледі.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Конкурстық құжаттама жобасын келісуге жіберу туралы хатта тегі, атын, әкесінің атын (бар болса), лауазымын, телефонын және электрондық пошта мекенжайын (мекенжайларын) қоса алғанда, әзірлеушінің және (немесе) жеке бастамашының деректері қамтылады.

67. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті орган конкурстық құжаттама түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны және салалық сараптамаларды МЖӘ дамыту орталығына немесе егер жоба техникалық тұрғыдан күрделі және (немесе) бірегей болып табылса, осы ұйымға конкурстық құжаттаманы ұсынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде, оның ішінде оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде

сараптама жүргізу үшін, ал қалған жобалар бойынша – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары айқындайтын заңды тұлғаларға жолдайды.

Бұл ретте инвестициялық ұсыныстың және мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысына берілетін МЖӘ жобасын іске асырудың орындылығы туралы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның экономикалық қорытындысының көшірмесі қоса беріледі.

68. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның конкурстық құжаттаманы қарауының жалпы мерзімі, сараптаманы қоса алғанда, техникалық тұрғыдан күрделі және (немесе) бірегей болып табылатын жобалар бойынша 40 (қырық), ал қалған жобалар бойынша – 25 (жиырма бес) жұмыс күнінен аспауы тиіс.

69. Конкурстық құжаттама бойынша жетіспейтін және (немесе) қосымша ақпарат ұсыну қажет болған жағдайларда, МЖӘ-ні дамыту орталығы немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың жергілікті атқарушы органдары айқындайтын сараптаманы жүргізуге уәкілетті заңды тұлғалар құжаттар пакеті түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде (бірақ бір реттен артық емес) тиісті сұрау салуларды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органды бір мезгілде хабардар ете отырып, конкурс ұйымдастырушыға жібереді.

70. Жетіспейтін және (немесе) қосымша ақпаратты не қосымша мерзімдердің қажеттігі туралы хабарламаны конкурстық құжаттаманы әзірлеуші сұрау салу келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бір мезгілде сұрау салуды жіберген ұйымды хабардар ете отырып жібереді.

Бұл ретте жетіспейтін және (немесе) қосымша ақпаратты ұсынудың қосымша мерзімі күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспауы тиіс.

71. Сұрау салуды жолдаған күннен бастап, қажетті ақпаратты ұсынғанға дейін сараптама жүргізу мерзімдері тоқтатыла тұрады.

Сұрау салуға сәйкес қажетті ақпараттар мерзімге сәйкес ұсынылмаған жағдайда конкурстық құжаттама қаралмайды.

72. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті орган МЖӘ дамыту орталығы не жергілікті атқарушы орган айқындайтын заңды тұлға жүргізетін сараптаманың негізінде конкурстық құжаттаманы келісу не келісуден бас тарту туралы шешім қабылдайды және әзірлеушіге бас тарту себептерін не конкурстық құжаттаманы пысықтау жөніндегі талаптарды көрсете отырып, тиісті хат жібереді.

73. Конкурстық құжаттаманың сараптама қорытындысы мыналарды:
конкурстық құжаттаманың төлқұжатын;

конкурстық құжаттаманың Қазақстан Республикасының МЖӘ саласындағы қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін бағалауды;

ақпараттық парақты бағалауды, оның ішінде жекеше әріптеске ұсыну жоспарланатын мемлекеттік қолдау шаралары мен шығындарды өтеу және кірістерді алу көздерін бағалауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 164-бабының 2-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимитін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жылжымалы негізде үш жылдық кезеңге белгілейді;

конкурстық құжаттама шарттарын бағалауды;

МЖӘ шартының жобасын бағалауды қамтиды;

конкурс ұйымдастырушыға, жобалық топқа, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстық комиссияға, өзге де мүдделі тұлғаларға:

конкурстық құжаттаманың сапасын арттыру;

МЖӘ жобасын басқару сапасын арттыру;

МЖӘ жобасын іске асыру тиімділігін және тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдарды қамтиды.

74. Конкурстық құжаттаманың, оның ішінде оған тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезіндегі сараптаманың нәтижесі оң қорытынды, пысықтау қажеттілігі туралы немесе теріс қорытынды болып табылады, ол мынадай бөліктерден тұрады:

1) сараптама қорытындысының кіріспе бөлігі сараптаманың атауы мен жүргізу күні туралы мәліметтерді, сондай-ақ МЖӘ жобасы туралы жалпы ақпаратты қамтиды;

2) сараптама қорытындысының негізгі (талдамалық) бөлігінде осы Қағидаларға сәйкес жүргізілген бағалау нәтижелері көрсетіледі;

3) қорытынды бөлікте сараптама қорытындылары бойынша әзірленген ұсынымдар мен тұжырымдар жазылады.

75. Оң қорытынды мүдделі тұлғалар үшін МЖӘ жобасын басқару сапасын арттыру жөніндегі, оның ішінде МЖӘ жобасын іске асыру тиімділігін және тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдары бар түсіндірмелерді қамтуы мүмкін.

Конкурстық құжаттама пысықталған жағдайда конкурсты ұйымдастырушы оны қайта сараптамаға енгізеді.

Конкурстық құжаттамаға теріс қорытынды оның бағалау нәтижелері ұсынылған схема бойынша МЖӘ жобасын іске асырудың мүмкін еместігін және (немесе) орынсыздығын не мазмұны Қағидалардың талаптарына сәйкес

келмейтіндігін және (немесе) негізделген дәлелдерді көрсете отырып, ұсынылған схема бойынша МЖӘ жобасын іске асырудың мүмкіндігін және (немесе) орындылығын айқындау үшін толыққанды ақпарат болмағандығын көрсетеді.

76. Конкурстық құжаттама құрамындағы МЖӘ шартының жобасын бағалау:

1) шарт жобасының Заңның 46-бабына сәйкестігін талдауды;
2) шарт жобасының конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін талдауды ;

3) сыртқы жағдайлардың МЖӘ жобасын іске асыруға әсерін бағалауды қоса алғанда, мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптестің тәуекелдерін талдауды;

4) МЖӘ субъектілерінің қызметін мемлекеттік қолдау шараларын, көлемі мен оны ұсыну шарттарын, сондай-ақ МЖӘ субъектілерінің шығындарын өтеу және кірістерді алу құрамын талдауды;

5) тараптардың жауапкершіліктерін, МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде туындауы мүмкін дауларды қарау шарттарын талдауды;

6) конкурстық құжаттама құрамындағы шарт жобасы бойынша тұжырымдар мен ұсынымдарды;

7) МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер болған жағдайда жоба бойынша төлемдер кестесін талдауды қамтиды.

77. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті орган конкурстық құжаттаманы келіседі және МЖӘ дамыту орталығы немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары айқындайтын, сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлғалар жүргізген конкурстық құжаттама сараптамасының қорытындысын конкурсты ұйымдастырушыға жолдайды.

Жергілікті МЖӘ жобаларының конкурстық құжаттамаларын, оның ішінде оларға тиісті өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу кезінде транспарентті әрі тәуелсіз бағалауды қамтамасыз ету мақсатында сараптаманы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары айқындайтын, сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлғалар жүргізеді .

78. МЖӘ-ні дамыту орталығы жүргізген, МЖӘ жобасы бойынша республикалық бюджеттен шығыстарға әкеп соғатын бір немесе бірнеше мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуды, жекеше әріптестің шығындарын өтеу және кірістерді алу көздерін енгізу мүмкіндігі туралы ұсынымдарды қамтитын конкурстық құжаттама сараптамасының оң қорытындысы болған жағдайда конкурстық құжаттаманы әзірлеуші мемлекеттік орган МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелердің болжамды шекті сомасын қабылдау мәселесін

республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдарға өтінім жолдайды.

79. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары айқындайтын сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлғалар жүргізген, МЖӘ жобасы бойынша жергілікті бюджеттен шығыстарға әкеп соғатын бір немесе бірнеше мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуды, жекеше әріптестің шығындарын өтеу және кірістер алу көздерін енгізу мүмкіндігі туралы ұсынымдарды қамтитын конкурстық құжаттама сараптамасының оң қорытындысы болған жағдайда мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелердің болжамды шекті сомасын қабылдау мәселесін тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығарады.

80. Ұлттық валютаның шетел валютасының бағамына қатысты айтарлықтай өзгеру себебінен техникалық шешімдердің өзгеруіне әкеп соқпайтын, МЖӘ объектісін құруға (оның ішінде салуға), реконструкциялауға, жаңғыртуға немесе күрделі жөндеуге бағытталған МЖӘ жобасының сметалық құны ұлғайған жағдайда, кейіннен ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізе отырып, ТЭН-ге және (немесе) ЖСҚ-ға түзету жүргізіледі, бұл ретте МЖӘ-ні дамыту орталығының не облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті атқарушы органы айқындайтын сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлғаның сараптамасы және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның қорытындысы талап етілмейді.

81. Конкурсты ұйымдастырушы осы мәселені тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға (республикалық жобалар бойынша) немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға (жергілікті жобалар бойынша) өтінім жібереді.

Тиісті бюджет комиссиясының шешімі негізінде конкурстық құжаттаманы қайта бекіту жүзеге асырылады.

82. Барлық қажетті келісімдер мен сараптамаларды, оның ішінде тиісті бюджеттік комиссияның оң шешімін алғаннан кейін конкурстық құжаттама конкурсты ұйымдастырушының бірінші басшысының не оны ауыстыратын адамның не ол уәкілеттік берген адамның бұйрығымен (шешімімен) бекітіледі.

Аукциондық құжаттаманы бекіту кезінде тиісті бюджеттік комиссияның шешімі талап етілмейді.

83. Конкурстық құжаттаманың қолданылу мерзімі бекітілген күннен бастап 3 (үш) жылдан аспайды.

84. Бекітілген конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, жобаны іске асыру кестесін қозғамайтын конкурсты өткізу кестесінің өзгерістерін қоспағанда, осы параграфқа сәйкес сараптауға және келісуге жатады.

4-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің институционалдық жобасының қаржылық-экономикалық негіздемесін әзірлеу

85. МЖӘ жобасының қаржы-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – ҚЭН) әзірлеу, түзету, сараптау, сондай-ақ бекіту Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Жекеше әріптес конкурс тәсілімен айқындалған жағдайларда уәкілетті тұлға конкурстық құжаттаманы дайындағанға дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығына сәйкес заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың ҚЭН-іне сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді және конкурстық құжаттаманың құрамында заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті органның экономикалық қорытындысын ұсынады.

86. МЖӘ компаниясының (институционалдық МЖӘ) жарғылық капиталына қатысу үшін мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлу Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

МЖӘ компаниясына мемлекеттік әріптестің немесе жекеше әріптестің қатысуын тоқтату шарттары мен тәртібі МЖӘ шартында айқындалады.

3-тарау. Конкурстық негізде жекеше әріптесті анықтау

1-параграф. Жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурс өткізу

87. Жекеше әріптесті конкурс тәсілімен айқындау, оның ішінде екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып жүргізіледі.

Конкурс Заңның 31-бабына сәйкес жабық болуы мүмкін.

88. Конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуды және (немесе) мемлекеттік бюджеттен төлемдерді жүзеге асыруды көздейтін жағдайларды қоспағанда, заңда белгіленген құзыретке сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және Астананың орталық мемлекеттік органы не жергілікті атқарушы органы конкурсты ұйымдастырушы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік әріптес атынан МЖӘ шартын жасасатын заңды тұлға болып табылады.

89. Конкурсты ұйымдастырушы конкурс кезеңінде қажетті жағдайда МЖӨ жобаларын консультациялық сүйемелдеу бойынша заңды тұлғаларды тартады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген заңды тұлғаларды тарту үшін, конкурсты ұйымдастырушы – мемлекеттік орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға МЖӨ жобасын консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді қаржыландыруға өтінім жолдайды.

90. Конкурсты ұйымдастырушы жекеше әріптесті айқындау үшін конкурстық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қалыптастырады.

Комиссияның төрағасы конкурсты ұйымдастырушының бірінші басшысы (конкурсты ұйымдастырушы жергілікті атқарушы орган болған жағдайда – облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімінің орынбасарынан төмен емес) болып табылады.

Комиссия хатшысы конкурсты ұйымдастырушының құрылымдық бөлімше басшысының орынбасарынан төмен емес өкілі болып табылады.

91. Комиссияның құрамына мемлекеттік жоспарлау жөніндегі, бюджетті атқару жөніндегі орталық не жергілікті (жобаны іске асыру деңгейіне байланысты) уәкілетті органдардың (республикалық деңгейде іске асырылатын жобалар бойынша құрылымдық бөлімше басқармасының басшысынан төмен емес, жергілікті деңгейде іске асырылатын жобалар бойынша құрылымдық бөлімше басшысынан төмен емес) өкілдері, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері енгізіледі.

Бұл ретте, егер МЖӨ жобасында мемлекеттік міндеттемелер көзделмеген жағдайда Комиссияның құрамына бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның өкілін қосу міндетті емес.

Конкурсты ұйымдастырушы жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызы мемлекетке тікелей немесе жанама түрде тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар болған жағдайларда Комиссия құрамына тиісті саланың уәкілетті органының өкілі (өкілдері) де қосылады.

Комиссия құрамына өзге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың өкілдері де қосылуы мүмкін.

Конкурсты ұйымдастырушы Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

92. Комиссия мынадай:

1) біліктілік іріктеу нәтижелері бойынша әлеуетті жекеше әріптесті конкурсқа қатысушы деп тану туралы шешім қабылдау осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамамен ресімделеді;

2) біліктілік іріктеуден өткен конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қарау;

- 3) үздік конкурстық өтінімді анықтау;
- 4) конкурстық өтінімі үздік деп танылған әлеуетті жекеше әріптеспен не жалғыз әлеуетті жекеше әріптеспен МЖӘ шартының талаптарын нақтылау жөнінде келіссөздер жүргізу;
- 5) өтініш берушіні жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп тану;
- 6) конкурсты өткізілмеген деп тану;
- 7) жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу үшін қажетті, оның ішінде осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

93. Комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді.

Комиссияның шешімі дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Осы Комиссияның кез келген мүшесі Комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда ерекше пікір білдіреді, оны Комиссия отырысы өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Комиссияның жұмыс органына жібереді және хаттамаға қоса тіркеледі.

Комиссияның отырысына Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса (кворум болса), Комиссияның отырысы заңды болып есептеледі.

Комиссия отырыстарының хаттамаларына отырысқа қатысқан Комиссия мүшелері, сондай-ақ Комиссияның хатшысы қол қояды.

Отырыста Комиссияның төрағасы болмаған не ол болмаған кезеңде оны ауыстыратын адам болмаған жағдайда Комиссияның отырысы өткізілмейді.

94. Жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурс өткізу мынадай дәйекті іс-шараларды орындауды көздейді:

- 1) конкурсты ұйымдастырушының МЖӘ веб-порталында жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарлама орналастыруы;
- 2) конкурсты ұйымдастырушының МЖӘ веб-порталында конкурстық құжаттаманы орналастыруы;
- 3) конкурсты ұйымдастырушыға қалыптастырылған және жіберілген сұрау салулар бойынша конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру, талқылау және түзету;
- 4) біліктілік іріктеуін жүргізу.

Егер мұндай шарт конкурстық құжаттамада көзделсе, конкурстық өтінім енгізілгеннен кейін біліктілік іріктеуді жүргізуге жол беріледі;

5) әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық өтінімді енгізуі, сондай-ақ конкурстық өтінімді қамтамасыз етуі. МЖӘ жобасына бастамашылық жасаған

әлеуетті жекеше әріптес конкурсқа қатысуға өтінім беруге және өтінімді қамтамасыз етуге міндетті;

6) Комиссияның конкурстық өтінімдерді қарауы;

7) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МЖӘ жобасын және МЖӘ шартының талаптарын нақтылау жөніндегі келіссөздердің тиісті хаттамасын ресімдей отырып, конкурстық өтінімі үздік деп танылған әлеуетті жекеше әріптеспен комиссияның келіссөздер жүргізуі;

8) конкурсты ұйымдастырушының МЖӘ шартының жобасын бюджетті атқару жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті органға, сондай-ақ табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға келісуге жіберуі;

9) конкурс жеңімпазын анықтау;

10) МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін тиісті бюджеттік комиссиялардың қарауына шығару.

МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер болмаған жағдайда МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін тиісті бюджеттік комиссиялардың қарауына шығару талап етілмейді.

МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелердің жоқтығын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тиісті хат ресімдей отырып растайды;

11) МЖӘ-нің жергілікті жобалары бойынша уәкілетті тұлға тиісті бюджет комиссиясының оң шешімі шығарылғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде әрбір қабылданған міндеттеменің көлемі туралы ақпаратты (МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауды көздейтін МЖӘ жобалары бойынша) қоса отырып, МЖӘ-нің әрбір жеке жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеп, енгізеді.

Мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың нәтижелері, сондай-ақ жекеше әріптесті айқындау жөніндегі жабық конкурстың нәтижелері туралы мәліметтерді конкурсты ұйымдастырушы МЖӘ веб-порталында және қазақ және орыс тілдерінде орналастырады.

2-параграф. Жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурс өткізу туралы хабарлама және конкурстық құжаттаманың көшірмесін ұсыну

95. Техникалық жағынан күрделі және (немесе) бірегей болып табылатын жобалар бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарламаны конкурсты ұйымдастырушы МЖӘ веб-порталында және өзінің ресми интернет-ресурсында, конкурстық құжаттаманың электрондық көшірмесін МЖӘ дамыту орталығына жібере отырып, кемінде күнтізбелік 60 (

алпыс) үшін қазақ және орыс тілдерінде орналастырады жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс өткізілетін күнге дейінгі күндер, ал жекеше әріптесті айқындау жөніндегі қайталама конкурс өткізілген кезде – кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын. Конкурсты ұйымдастырушы және МЖӘ дамыту орталығы конкурсты өткізу туралы ақпаратты өзге де ақпарат көздерінде қосымша орналастыра алады.

Қалған жобалар бойынша – жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс өткізілетін күнге дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын, ал жекеше әріптесті айқындау жөніндегі қайталама конкурс өткізілген кезде-кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын.

Қайта конкурс бұрын бекітілген конкурстық құжаттаманың негізінде сараптамалар мен келісулерден өтпей, бірақ конкурс өтпеген деп танылған кезден бастап күнтізбелік бір жылдан кешіктірілмей өткізілмеген деп танылған жағдайда өткізіледі.

Бұл ретте көрсетілген мерзімдер МЖӘ веб-порталында хабарлама алғаш жарияланған күннен бастап есептеледі.

96. Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу туралы ақпарат МЖӘ жобасы туралы, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу күні, орны және уақыты туралы мәліметтерді қамтиды.

97. Жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурс өткізу туралы хабарламаны орналастырумен бір мезгілде конкурсты ұйымдастырушы жүктеуге еркін қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, МЖӘ веб-порталында конкурстық құжаттаманы орналастырады.

98. Конкурсты ұйымдастырушы МЖӘ веб-порталынан жүктеу арқылы әлеуетті жекеше әріптестерге ұсыну үшін МЖӘ веб-порталында конкурстық құжаттаманы орналастырады. Конкурстық құжаттаманы жүктеген әлеуетті жекеше әріптестердің деректері автоматты режимде МЖӘ веб-порталында МЖӘ жобасы бойынша конкурстық құжаттаманы алғандар журналында тіркеледі.

Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

99. МЖӘ веб-порталында қалыптастырылатын МЖӘ жобасы бойынша конкурстық құжаттаманы алған тұлғаларды тіркеу журналына конкурсты ұйымдастырушы мынадай мәліметтер енгізіледі: конкурстық құжаттаманы алған тұлғаның атауы, мекенжайы, БСН/ЖСН және байланыс деректері, құжаттарды жүктеу уақыты мен күні.

100. Конкурстық құжаттаманы алған адамдар қажет болған жағдайда конкурсты ұйымдастырушыға конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен жүгінеді.

Сұрау салулар, егер жоба техникалық жағынан күрделі және (немесе) бірегей болып табылса, конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде, ал қалған жобалар бойынша – конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.

Қайта конкурс өткізу кезінде конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар, егер жоба техникалық жағынан күрделі және (немесе) бірегей болып табылса, конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмей, ал қалған жобалар бойынша – конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмей жіберіледі.

Конкурсты ұйымдастырушы сұрау салу келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жауап МЖӘ веб-порталында сұрау салу келіп түскен адамды көрсетпей орналастырады, сондай-ақ конкурстық құжаттаманы алған адамдарды тіркеу журналына енгізілген барлық әлеуетті жекеше әріптестерге сұрау салуды қарау және жауапты орналастыру туралы хабарлама жібереді.

101. Әлеуетті жекеше әріптестерден ұсыныстар түскен жағдайда конкурсты ұйымдастырушы қажет болған жағдайда бәсекелестік диалогты ұйымдастырады.

Бәсекелестік диалог мүдделі әлеуетті жекеше әріптестердің әрқайсысының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, МЖӘ жобасының техникалық, қаржылық, заңдық және өзге де қажетті параметрлері, мемлекеттік қолдау шаралары, жекеше әріптесті іріктеу критерийлері және өзге де шешімдер бойынша оңтайлы шешімдерді қалыптастыру үшін ұйымдастырылады.

Бәсекелестік диалогтың нәтижелері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес хаттамамен ресімделеді.

Бәсекелестік диалогтың барлық қатысушылары оны өткізу барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

102. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар конкурсты ұйымдастырушының бастамасы бойынша немесе әлеуетті жекеше әріптестің сұрау салуына жауап ретінде енгізіледі.

Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу үшін конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірілмейтін мерзімде конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы, ал жекеше әріптесті айқындау бойынша қайталама конкурс өткізілген жағдайда – 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде хабарлайды) күнтізбелік күндер арасында.

МЖӘ веб-порталында конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап

конкурстық өтінімдерді беру мерзімінің өтуі өзгертілген конкурстық құжаттама орналастырылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Конкурсты ұйымдастырушы осы Қағидалардың 2-тарауының 3-параграфында белгіленген тәртіппен сараптамаларға және келісуге конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар жобасын жібереді.

103. Конкурсты ұйымдастырушы бекіткен оған енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескеріле отырып, конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде МЖӘ веб-порталында орналастырылады және осы Қағидалардың 97-тармағының бірінші бөлігінде көзделген тәртіппен конкурстық құжаттаманың көшірмелерін бұрын алған әлеуетті жекеше әріптестерге жіберіледі. МЖӘ жобасы бойынша конкурстық құжаттама алған тұлғаларды тіркеу журналына енгізілді.

Өзгертілген конкурстық құжаттама орналастырылған күннен бастап өтінімдерді беру мерзімін конкурсты ұйымдастырушы кемінде 10 (он), бірақ күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге қайта бастайды.

Әлеуетті жекеше әріптестер бұрын енгізілген өтінімдерді кері қайтарып алады және оларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескеріле отырып, оларды конкурстық құжаттамаға сәйкес қайта енгізеді.

Ашу күніне қабылданған конкурстық өтінімдер оған енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескеріле отырып, конкурстық құжаттамаға сәйкес каралады.

104. Конкурсты ұйымдастырушы Заңның 37-бабының 6-тармағына сәйкес конкурстық құжаттаманы түсіндіру үшін әлеуетті жекеше әріптестермен кездесу өткізеді.

Бұл ретте конкурсты ұйымдастырушы осы кездесу барысында ұсынылған конкурстық құжаттаманы олардың көзін көрсетпей түсіндіру туралы сұрау салуларды, сондай-ақ Осы сұрауларға жауаптарды қамтитын хаттама қалыптастырады.

Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы хаттаманы қалыптастырған және оған қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей оны комиссияға, сондай-ақ конкурстық құжаттаманы алған адамдарды тіркеу журналына енгізілген барлық әлеуетті жекеше әріптестерге жібереді.

105. Егер конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша әлеуетті жекеше әріптестермен кездесу әлеуетті жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің конкурстық құжаттамада белгіленген кездесу өткізілетін күн мен уақытта келмеуі себебінен өтпеген жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы көрсетілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде осындай факт туралы Комиссияны хабардар етеді.

3-параграф. Біліктілік іріктеу

106. Әлеуетті жекеше әріптес өзінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімде конкурсты ұйымдастырушыға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес құжаттарды (бұдан әрі – біліктілік пакеті) МЖӘ веб-порталындағы жеке кабинетте орналастыру арқылы жібереді.

Ескерту. 106-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

107. Әлеуетті жекеше әріптес ұсынған біліктілік пакеттерін қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде конкурсты ұйымдастырушы оларды толықтығы және осы Қағидаларға 8-қосымшаға және конкурстық құжаттамаға сәйкестігі тұрғысынан бағалайды.

Біліктілік пакетінің белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті жекеше әріптестерге біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды толықтыру немесе ауыстыру туралы ұсыныс жібереді. Әлеуетті жекеше әріптес біліктілік пакетінің құжаттарын тиісті ұсынысты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ауыстырады немесе толықтырады.

108. Біліктілік пакеттерін қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні өткеннен кейін конкурсты ұйымдастырушы комиссияға біліктілік іріктеудің алдын ала нәтижелерін жібереді.

Комиссия Заңның 32-бабында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жекеше әріптестерді жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдей отырып, Конкурсқа қатысушылар деп таниды.

Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы МЖӘ веб-порталында орналастырады және конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті жекеше әріптестеріне комиссия шешімі қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жібереді.

109. Біліктілік пакетіндегі құжаттар мен ақпараттың өзектілігі мен дұрыстығын әлеуетті жекеше әріптес қамтамасыз етеді.

110. Біліктілік пакетіндегі ақпараттың немесе құжаттардың анық еместігін комиссия, конкурсты ұйымдастырушы, уәкілетті мемлекеттік органдар жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізудің кез келген сатысында белгілеуі мүмкін.

Әлеуетті жекеше әріптестің біліктілік пакетінің құрамында анық емес ақпарат беру фактісін анықтаған тұлғалар мұндай факт анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы дұрыс емес ақпарат беру фактісін растайтын құжаттарды хабарламаға қоса бере отырып, конкурсты ұйымдастырушыны және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды хабардар етеді.

Конкурсты ұйымдастырушы осындай факт анықталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат берген әлеуетті жекеше әріптесті жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотқа талап қояды.

111. Конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға МЖӘ веб-порталы арқылы хабарлама жібере отырып, осындай шешімдер күшіне енген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде әлеуетті жекеше әріптесті жосықсыз қатысушы деп тану туралы соттардың шешімдерін МЖӘ веб-порталында орналастырады.

112. Жосықсыз қатысушылардың тізілімін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган заңды күшіне енген соттардың шешімдері негізінде қазақ және орыс тілдерінде қалыптастырады және жүргізеді және МЖӘ веб-порталында орналастырылады.

Жосықсыз қатысушы сот шешімі күшіне енген күннен бастап үш жыл өткен соң тізілімнен шығарылады.

4-параграф. Конкурстық өтінім

113. Конкурстық өтінім әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық құжаттамада белгіленген талаптармен және шарттармен келісімін білдіру нысаны болып табылады.

Конкурстық өтінім конкурстық құжаттамада белгіленген нысан бойынша ресімделеді.

114. Конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттамада айқындалған тәртіппен оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін МЖӘ веб-порталы арқылы енгізіледі.

Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

115. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған конкурстық өтінімдер конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді және конкурс шеңберінде қаралмайды.

116. Әлеуетті жекеше әріптес конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін енгізілген конкурстық өтінімге өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады немесе конкурстық өтінімді кері қайтарып ала алады.

117. Әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық өтінімі мынадай жағдайларда қабылданбауға жатады:

1) әлеуетті жекеше әріптес бұрын жекеше әріптесті айқындау бойынша осы конкурсқа қатысуға конкурстық өтінім берген;

2) конкурстық өтінім жекеше әріптесті айқындау бойынша осы конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түсті.

118. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімге сәйкес келеді.

119. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді әлеуетті жекеше әріптес өзінің:

1) конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзінің конкурстық өтінімін қайтармайды не өзгертпейді және (немесе) толықтырмайды;

2) жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың жеңімпазы болып айқындалған жағдайда МЖӨ шартын жасасады.

120. Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімді қамтамасыз ету МЖӨ шарты бойынша болжамды инвестициялар құнының оннан бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

121. Әлеуетті жекеше әріптес, егер ол екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың бірінші кезеңіне қатысса, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізбейді.

122. Әлеуетті жекеше әріптес конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдайды:

1) конкурстарды ұйымдастырушылар үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;

2) банк кепілдігі.

Әлеуетті жекеше әріптестің үшінші тұлғаларда оның конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін енгізілген кепілдік ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

Осы Қағидалардың 123-тармағында көрсетілген әрекеттерді қоспағанда, конкурсты ұйымдастырушының әлеуетті жекеше әріптес енгізген кепілдік ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

123. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді конкурсты ұйымдастырушы мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде қайтармайды:

1) әлеуетті жекеше әріптес конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімді кері қайтарып алды не өзгертті және (немесе) толықтырды;

2) конкурстың жеңімпазы болып айқындалған әлеуетті жекеше әріптес МЖӘ шартын жасасудан жалтарған.

124. Осы Қағидалардың 123-тармағында көзделген жағдайлардың бірі басталған кезде конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

125. Конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті жекеше әріптеске өзі енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы әлеуетті жекеше әріптес өзінің конкурстық өтінімін конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алған;

2) жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қою арқылы жүзеге асырылады. Аталған жағдай жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысушылар деп танылған әлеуетті жекеше әріптестерге қолданылмайды;

3) жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға қол қою. Көрсетілген жағдай конкурс жеңімпазы болып айқындалған жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) МЖӘ шартының күшіне енуі;

5) әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі аяқталған кезде жүзеге асырылады.

5-параграф. Конкурстық өтінімдерді қарау

126. Конкурстық өтінімдерді қарауды және іріктеуді Комиссия конкурстық құжаттамада белгіленген үздік конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттарын, оның ішінде мынадай өлшемшарттарды ескере отырып жүзеге асырады:

1) МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді төлеу көлемі;

2) МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді төлеу мерзімі;

3) МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартуға жататын жекеше әріптес қаражатының көлемі;

4) МЖӘ объектісін салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту және (немесе) пайдалану мерзімдері (айлар, жылдар);

5) МЖӘ Шарты объектісінің техникалық-экономикалық көрсеткіштері;

6) жергілікті қамту үлесі бойынша ақпарат;

7) іске асырылған жобалардың тәжірибесі (МЖӘ шартының объектісіне ұқсас объектілерді салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту және (немесе) пайдалану тәжірибесінің болуы (дербес не қатысушы ретінде өзге тұлғалармен бірлесіп);

8) білікті мамандардың болуы;

9) МЖӘ шартында көзделген қызметті жүзеге асыру кезінде өндірілетін тауарларға, орындалатын жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге шекті бағалар (тарифтер), осындай бағаларға (тарифтерге) үстемеақылар;

10) жекеше әріптес өзіне қабылдайтын тәуекелдер.

127. Осы Қағидалардың 126-тармағында көрсетілген әрбір өлшемшартқа қатысты конкурстық құжаттамада мынадай параметрлер белгіленеді:

1) өлшемшарттың бастапқы сандық мәні;

2) өлшемшарттың бастапқы мәнін азайту немесе ұлғайту;

3) жекеше әріптесті айқындау өлшемшарттарының маңыздылығын ескеретін салмақ коэффициенті.

Жекеше әріптесті айқындау өлшемшарттарын бағалау тәсілдері конкурстық құжаттамада белгіленеді.

128. Хатшы мен комиссия мүшелері қоса берілген құжаттармен бірге конкурстық өтінімдерді конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімде Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісінің қатысуымен қарайды.

Конкурсты ұйымдастырушы кворум болмаған жағдайда немесе Комиссия төрағасының немесе оны ауыстыратын адамның шешімімен конкурстық өтінімдерді ашуды өткізу уақыты мен күні туралы конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізуге жол береді.

Енгізілген өзгерістердің міндетті күші болады және олар туралы конкурстық құжаттаманы алған барлық әлеуетті жекеше әріптестерге, сондай-ақ Комиссия мүшелеріне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органды қоса алғанда, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға МЖӘ веб-порталы арқылы, сондай-ақ орындылығы болған кезде өзге де тәсілдермен дереу хабарланады.

129. Конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қарау кезінде:

1) конкурсты ұйымдастырушы осы конкурс бойынша, оның ішінде:

Комиссияны құрамы;

конкурстық құжаттаманы алған әлеуетті жекеше әріптестердің саны;

МЖӘ веб-порталының конкурстық өтінімдерді тіркеудің электрондық журналында тіркелген конкурстық өтінімдерді белгіленген мерзімде ұсынған әлеуетті жекеше әріптестер туралы ақпарат қалыптастырады;

2) келесі жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МЖӘ жобалары бойынша конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасы ресімдейді.

130. Комиссия барлық конкурстық өтінімдерді қарайды.

Егер бір ғана конкурстық өтінім ұсынылған жағдайда, конкурс жеке бастама негізінде өткізілетін жағдайларды қоспағанда, Комиссия осы өтінімді осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес қарайды.

Жеке бастамашылық негізінде конкурс өткізілген жағдайда, жеке бастамашының өтінімінен басқа өзге өтінімдер болмаған кезде конкурс өткізілмеген болып есептеледі.

131. Конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қарау кезінде Комиссия:

1) конкурстық өтінімдерді толықтығы және тиісті ресімделуі тұрғысынан зерделейді;

2) конкурсқа қатысушыларға конкурстық өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін олардың конкурстық өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсініктемелер беру туралы сұрау салулар жібереді ;

3) конкурстық өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында Комиссия тиісті мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға қажетті ақпарат беру туралы сұрау салулар жібереді.

Конкурстық өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау шеңберінде енгізілген конкурстық өтінімнің мазмұнын өзгертуге немесе толықтыруға жол берілмейді;

Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комиссияның жұмыс органы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МЖӘ жобалары бойынша конкурстық өтінімдерді алдын ала қарау хаттамасын жасайды.

Конкурстық өтінімдерді алдын ала қарау хаттамасында:

конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес конкурстық өтінімдер берген әлеуетті жекеше әріптестердің тізбесі;

өтінімдері ресімдеу бөлігінде конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті жекеше әріптестердің тізбесі;

ұсынылуы және (немесе) конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілуі қажет құжаттардың тізбесі қамтылады;

құжаттарды ұсыну мерзімі, бірақ 10 (он) жұмыс күнінен аспайды.

Конкурстық өтінімдерді алдын ала қарау хаттамасы барлық мүдделі тұлғаларға жіберіледі. Хаттаманы орналастыру туралы хабарлама бір мезгілде біліктіліктен өткен әлеуетті жекеше әріптестерге жіберіледі.

Әлеуетті жекеше әріптес хаттамада белгіленген мерзімнен кейін ұсынған құжаттама қабылданбайды.

Конкурстық өтінімдерді алдын ала қарау хаттамасының талаптарын орындау барысында енгізілген конкурстық өтінімнің мазмұнын өзгертуге және (немесе) толықтыруға жол берілмейді;

4) конкурстық құжаттамада белгіленген үздік конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттарына сәйкес конкурстық өтінімдерді бағалайды;

5) үздік конкурстық өтінімді айқындайды.

132. Конкурстық өтінімдерді комиссия отырысын өткізбей қарауға жол берілмейді.

133. Конкурстық өтінімі үздік деп танылған әлеуетті жекеше әріптеспен Комиссия МЖӘ жобасын және МЖӘ шартының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізеді.

МЖӘ жобаларын сүйемелдеу жөніндегі заңды тұлғалар МЖӘ субъектілері арасындағы келіссөздер процесінде консультациялық қызметтер көрсете алады.

134. Келіссөздер жүргізуге дайындық кезеңінде МЖӘ жобасы мен МЖӘ шарты бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Комиссия әлеуетті жекеше әріптеске жазбаша нысанда жібереді.

Келіссөздер жүргізудің қорытындысы бойынша конкурстық комиссия шешім қабылдайды.

Келіссөздер барысында жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурс шарттарына өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

135. Егер конкурстық өтінімі үздік деп танылған әлеуетті жекеше әріптес Комиссияның ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес конкурстық өтінімді және МЖӘ шартының талаптарын талқылаудан және нақтылаудан бас тартса не оның ұсыныстары жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс талаптары тұрғысынан қолайсыз болып табылса, онда Комиссия бұл конкурстық өтінімді қарамайды және үздік конкурстық өтінімді қайта таңдайды.

Бұл ретте Комиссияның мұндай конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы шешімі жойылады және осы әлеуетті жекеше әріптес конкурстың жеңімпазы болып танылмайды.

Комиссия конкурсқа ұсынылған басқа конкурстық өтінімдердің ішінен үздік конкурстық өтінімді қайта таңдайды.

Мұндай конкурстық өтінімдер болмаған не қалған конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, конкурс өткізілмеген деп танылады.

136. Конкурс:

1) егер белгіленген мерзімде конкурсты ұйымдастырушыға конкурстық өтінімдер түспеген жағдайда;

2) егер барлық ұсынылған конкурстық өтінімдер не жалғыз конкурстық өтінім конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда;

3) осы Қағидалардың 130 және 135-тармақтарында белгіленген жағдайларда өтпеген деп танылады.

137. Конкурсты ұйымдастырушы МЖӘ шартының жобасын, оның ішінде оған тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде, конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы хаттаманың көшірмелерін қоса бере отырып,

бюджетті атқару жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті органға, сондай-ақ табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға (табиғи монополиялар салаларында іске асырылатын МЖӘ жобасы бойынша) келісуге жібереді.

МЖӘ шартының жобасын келісу, оның ішінде оған тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде, әрбір қаралатын мәселе бойынша келіспеу себептерін көрсете отырып, келісу не келіспеу туралы хат түрінде ресімделеді.

138. Егер жеке бастамашы енгізбеген өтінім үздік деп танылған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы МЖӘ шартының жобасымен бір мезгілде МЖӘ шартын жасасқан күннен кешіктірмей, жеке бастамашыға мемлекеттік әріптес, жекеше әріптес және жеке бастамашы келісуі және жасасуы тиіс конкурстық құжаттаманың ақпараттық парағының жобасын және МЖӘ шартының жобасын әзірлеуге жұмсалған шығындарды өтеу туралы үшжақты келісімнің жобасын жібереді.

139. МЖӘ шартының мазмұны Заңның 46-бабына сәйкес айқындалады.

Конкурстық құжаттаманың құрамында сараптамадан өткен МЖӘ шартының бастапқы жобасына енгізілетін барлық өзгерістер және (немесе) толықтырулар осы өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың себептерін негіздей отырып, Комиссияның хаттамасында көрсетіледі.

140. Бюджетті атқару жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті орган құзыретіне кіретін мәселелер бойынша МЖӘ шартының жобасын келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде келіседі.

Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қалыптастыру және бекіту тәртібі бөлігінде МЖӘ шартының жобасын келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде келіседі.

МЖӘ шартының жобасын келісу кезінде көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қалыптастыру және бекіту тәртібі бөлігінде табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган мыналарды айқындайтын:

1) тарифке (бағаға, алым мөлшерлемесіне) енгізілетін шығындарды қалыптастыруды;

2) шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарының техникалық және технологиялық нормалары, сондай-ақ нормативтік техникалық ысыраптар шегінде шығыстар баптарын қалыптастыруды;

3) тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) қалыптастыру кезінде ескерілмейтін шығыстар тізбесін белгілеуді;

4) инвестициялар көлемін және инвестицияланған капиталды қайтару тәртібін;

5) тарифке (бағаға, алым мөлшерлемесіне) енгізілетін пайданы қалыптастыру және шектеуді;

6) негізгі құралдардың тозуын есептеу әдістерін қолдануды;

7) объектіні пайдалану сапасының өлшемшарттарын;

8) объектіні пайдалану сапасын айқындау тәртібін;

9) үшінші тұлғаларға МЖӨ объектісін шектеулі нысаналы пайдалануды ұсынуды;

10) объектілерге күрделі жөндеу жүргізуді немесе жаңғыртуды қаржыландыру мерзімдерін (кезеңдерін) және көздерін;

11) жекеше әріптестің тарифтерді қалыптастыруға және бекітуге байланысты құқықтары мен міндеттерін;

12) табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметасында көзделетін амортизациялық аударымдар құралдарын пайдаланудың негізгі құралдары мен бағыттарына қайта бағалау жүргізуін;

13) МЖӨ жобасы бойынша өндірілетін өнімнің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі мен сапасын бақылауды жүзеге асыруды қоса алғанда, табиғи монополиялар салаларындағы қызметті бақылауды жүзеге асыруды айқындайтын инвестициялық бағдарламаны және МЖӨ шартының ережелерін келіседі.

141. МЖӨ шартының жобасын келісуді ескере отырып, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың қорытындысы бойынша Комиссияның шешімімен үздік конкурстық өтінім айқындалады, МЖӨ шартының жобасы бекітіледі, ал өтініш беруші жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың жеңімпазы болып танылады.

Егер МЖӨ жобасын мемлекеттік кепілдікпен және (немесе) мемлекеттің кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыздар есебінен қаржыландыру болжанып отырса, Комиссияның конкурс қорытындысы туралы шешімі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның МЖӨ жобасына қаржылық сараптаманың қорытындысы ескеріле отырып, қабылданады.

142. Комиссияның шешімі осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МЖӨ жобасы бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың қорытындысы туралы хаттамамен ресімделеді.

143. МЖӨ шартын жасасу мерзімі жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың қорытындысы шығарылған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайды.

144. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды жергілікті МЖӘ жобалары бойынша жасалған МЖӘ шарттары туралы олар жасалған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

6-параграф. Жеке әріптесті айқындау бойынша аукцион өткізу

145. Жеке әріптесті аукцион өткізу арқылы айқындау МЖӘ жобасы төменде көрсетілген барлық белгілерге сай келген жағдайларда жүзеге асырылады:

МЖӘ мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу) түрінде МЖӘ шартын жасасу арқылы іске асырылады;

мемлекеттік әріптес мемлекеттік қолдау шараларын ұсынбайды;

мемлекеттік әріптес МЖӘ субъектілеріне бюджеттен төлемдер болжамайды.

146. Жеке әріптесті айқындау бойынша аукцион өткізу бағаны (жалдау төлемін) көтеру әдісімен жүргізіледі.

147. Егер аукциондық құжаттамада көрсетілген мерзімдерде 3 (үш) аукциондық өтінімнен кем ұсынылған және (немесе) егер аукциондық өтінімдерді қараудың қорытындысы бойынша аукционға 3 (үш) әлеуетті жеке әріптестен кем қатысуға жіберілген жағдайларда, аукцион өткізілмеген болып есептеледі.

Комиссия тиісті шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде аукционның күшін жою туралы ақпарат МЖӘ веб-порталында және аукционды ұйымдастырушының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастырылуы тиіс.

148. Аукционға аукционға қатысуға жіберілген және аукционға қатысушылар ретінде тіркелген әлеуетті жеке әріптестер қатысады.

Аукцион аукцион өткізу туралы хабарламада көрсетілген күні өткізіледі.

Аукционды ұйымдастырушы аукцион өткізілетін күнге дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын қатысуға жіберілген әлеуетті жеке әріптестерді хабардар етеді.

149. Аукционға қатысушылардың өкілдерін тіркеу аукцион басталғанға дейін бір сағат бұрын басталып, бес минут бұрын аяқталады.

Аукционға тіркелген қатысушылар өткізілетін аукционның аудио - және бейнетіркеу жүргізуге құқылы.

150. Аукцион ашық нысанда аукционға қатысушылардың аукциондық құжаттамада көрсетілген МЖӘ шарты нысанасының бастапқы бағасынан бастап аукцион қадамына баға шамасы бойынша өз ұсыныстарын жариялауы арқылы өткізіледі.

Аукцион қадамының шамасы аукциондық құжаттамада көрсетіледі және бастапқы бағаның бестен елуге дейінгі пайызын құрайды.

Аукционға қатысушыларға тіркеу нөмірлері берілген тақтайшалар беріледі, егер олар осы соманы мәлімдеуге дайын болса, олар келесі бағаны жариялағаннан кейін көтереді.

151. Аукцион аукционға қатысушылардың санын, МЖӘ объектісі туралы мәліметтерді, оның негізгі сипаттамаларын, сондай-ақ оны беру шарттарын, аукционды өткізу тәртібін, бастапқы бағаны және аукцион қадамын жариялаудан басталады.

152. Аукционды өткізу кезінде аукционға қатысушылар ағымдағы ең төменгі бағаны аукцион қадамының шамасына арттыруды көздейтін баға туралы ұсыныстар береді.

153. Аукционды ұйымдастырушы аукцион қадамының шамасына ұлғайтылған бастапқы бағасына тең бірінші мәнді жариялайды.

Егер бірінші мән жарияланғаннан және осы мән үш рет қайталанғаннан кейін аукционға қатысушылардың ешқайсысы өзінің тіркеу нөмірі жазылған тақтайшаны көтермесе, аукцион тоқтатылады және өткізілмеген деп танылады.

154. Аукционға қатысушы ағымдағы ең төменгі ұсыныс болмаған жағдайда, аукцион қадамының шамасына қарамастан бастапқы бағадан жоғары баға туралы ұсыныс береді.

155. Бір тақтайша көтерілген жағдайда, аукционды ұйымдастырушы өз тақтайшасын көтерген аукционға қатысушының тіркеу нөмірін атайды. Бірнеше тақтайшалар көтерілген жағдайда, аукционды ұйымдастырушы өз тақтайшасын бірінші болып көтерген аукционға қатысушының тіркеу нөмірін атайды.

Аукцион қадамдарынан өту ведомосіне аукционды ұйымдастырушы атаған аукционға қатысушының нөмірі ғана енгізіледі.

Әрбір келесі мәнді аукционды ұйымдастырушы ағымдағы мәнді аукцион қадамының шамасына ұлғайту арқылы тағайындайды.

156. Аукционның қорытындысын шығару және МЖӘ шартын жасасу.

Ең жоғары баға ұсынған әлеуетті жекеше әріптес аукцион жеңімпазы болады.

Аукционның нәтижелері ол өткізілген күні Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері қол қоятын хаттамамен жарияланады және ресімделеді. Хаттаманың көшірмесі аукцион жеңімпазына табыс етіледі.

Аукцион өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оның нәтижелері аукционды ұйымдастырушының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастырылуы тиіс.

157. Аукционды ұйымдастырушы аукционның қорытындысы шығарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қою үшін аукцион жеңімпазына МЖӘ шартын жібереді.

158. Аукцион жеңімпазы алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде МЖӘ шартына қол қояды.

Егер аукцион жеңімпазы көрсетілген мерзім ішінде аукционды ұйымдастырушыға өз тарапынан қол қойылған МЖӘ шартын ұсынбаған жағдайда, мұндай адам МЖӘ шартын жасасу құқығынан айырылады.

159. Аукционды ұйымдастырушы аукцион жеңімпазынан МЖӘ шартын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде аукцион жеңімпазына оның мемлекеттік әріптес қол қойған МЖӘ шартының данасын жібереді.

160. Егер МЖӘ жобасын аукционда ұтылып қалған әлеуетті жекеше әріптес бастамашылық еткен жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы МЖӘ шартының жобасымен бір мезгілде аукцион жеңімпазына МЖӘ шартының жобасымен бір мезгілде МЖӘ шартын жасасқан күннен кешіктірмей, жеке бастамашыға мемлекеттік әріптес, жекеше әріптес және жеке бастамашы келісуі және жасасуы тиіс конкурстық құжаттаманың жобасын әзірлеуге жұмсалған шығындарды өтеу туралы үшжақты келісімнің жобасын жібереді.

161. Осы Қағидалардың 147 және 153-тармақтарында белгіленген жағдайларда Аукцион өткізілмеген деп танылады.

7-параграф. Екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу ерекшеліктері

162. Екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс конкурсты ұйымдастырушы МЖӘ қолдану аясын және (немесе) объектісін техникалық тұрғыдан күрделі және (немесе) бірегей деп айқындаған жағдайларда өткізіледі.

163. Екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың бірінші кезеңі, мыналарды көздейтін:

1) конкурсты ұйымдастырушының инвестициялық ұсыныстың ережелерін ескере отырып, осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес техникалық тапсырманы жасауға арналған нұсқаулыққа сәйкес техникалық тапсырманы қалыптастыруын;

2) екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялауын.

Екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізуді дайындаудың басталуы туралы ақпарат МЖӘ жобасы туралы, әлеуетті жекеше әріптестің МЖӘ веб-порталында техникалық тапсырмаға сәйкес әзірленген техникалық ұсыныстарды орналастыру күні мен уақыты туралы мәліметтерді қамтиды;

3) конкурсты ұйымдастырушының әлеуетті жекеше әріптестерге техникалық тапсырма беруін.

Осы кезеңде конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті жекеше әріптестерге біліктілік талаптарын, сондай-ақ әлеуетті жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптарды да ұсынады;

4) әлеуетті жекеше әріптестің техникалық тапсырмаға сәйкес әзірленген техникалық ұсыныстарды ұсынуын.

Осы кезеңде әлеуетті жекеше әріптес, соның негізінде конкурсты ұйымдастырушы біліктілік іріктеу жүргізетін, қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынады;

5) конкурсты ұйымдастырушының техникалық ұсыныстарды қарауы және әлеуетті жекеше әріптестермен МЖӘ объектісінің техникалық-экономикалық және пайдалану сипаттамаларына және МЖӘ шарты жобасының талаптарына қатысты мәселелерді талқылауын.

Осы кезеңде конкурсты ұйымдастырушы мүдделі әлеуетті жекеше әріптестердің әрқайсысының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, МЖӘ жобасының қаржылық, заңдық және өзге де параметрлері бойынша оңтайлы шешімдер қалыптастыру қажет болған жағдайда бәсекелі диалог ұйымдастырады.

МЖӘ жобасы бойынша бәсекелі диалогтың нәтижелері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді.

Бәсекелі диалогтың барлық қатысушылары оны өткізу барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды;

6) конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттаманы әзірлеп, бекітуін

Конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті жекеше әріптестермен МЖӘ объектісінің техникалық-экономикалық және пайдалану сипаттамаларына және МЖӘ шарты жобасының талаптарына және бәсекелі диалогқа қатысты мәселелерді талқылаудың нәтижелері негізінде конкурстық құжаттаманы әзірлеуді жүзеге асырады.

Конкурстық құжаттаманың құрамында ТЭН немесе ЖСҚ болмаған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы онда конкурстың бірінші кезеңінде ұсынылған техникалық ұсыныстарды қараудың қорытындысы бойынша МЖӘ объектісін салудың (құрудың) болжамды құнын көрсетеді.

Бұл ретте МЖӘ объектісін салудың (құрудың) болжамды құны ұқсас объектілерді салу (құру) құнынан аспайды.

Қазақстан Республикасында ұқсас объектілер болмаған жағдайда құрылыстың (құрудың) болжамды құны конкурстың бірінші кезеңінде ұсынылған техникалық ұсыныстарды қараудың қорытындысы бойынша ең төменгі құны ретінде айқындалады.

Қазақстан Республикасында ұқсас объектілердің жоқтығын растау үшін конкурсты ұйымдастырушы тиісті уәкілетті органдарға сұрау салулар жібереді.

Бұл ретте конкурстық құжаттамада МЖӘ жобасын іске асыру жөніндегі қаржылық шарттарды қамтитын конкурстық өтінімдерді ұсыну жөніндегі талаптар көзделеді.

Конкурстық құжаттама осы Қағидалардың 2-тарауының 3-параграфында белгіленген тәртіппен сараптауға және келісуге жатады;

7) конкурсты ұйымдастырушының бірінші кезеңде техникалық ұсыныстар берген, сондай-ақ біліктілік іріктеуден өткен әлеуетті жекеше әріптестерге жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың екінші кезеңіне хабарламалар жіберуін көздейтін, әлеуетті жекеше әріптестердің техникалық ұсыныстарын жинауға арналған екі кезеңдік рәсімдердің алдын ала кезеңі болып табылады.

164. Екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың екінші кезеңі мыналарды:

1) біліктілік іріктеуден өткен әлеуетті жекеше әріптестердің конкурстық өтінімдерді енгізуін, сондай-ақ конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуін.

Егер болжамды МЖӘ объектісі табиғи монополиялар саласына жататын болса, әлеуетті жекеше әріптес "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес әзірленетін инвестициялық бағдарламаны орналастыруы қажет.

МЖӘ жобасы бойынша бекітілген ТЭН немесе ЖСҚ болған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы қосымша ақпарат ретінде олардың электрондық көшірмелерін конкурстық құжаттамаға қоса береді.

Егер жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурсқа қатысушы конкурсты ұйымдастырушы ТЭН-де не ЖСҚ-да көзделген техникалық-технологиялық және экологиялық шешімдер қабылдаған жағдайда, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысушы конкурстық өтінімнің құрамында осындай шешімдерді қабылдау туралы кепілдік-хатты қосымша орналастырады.

Егер жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурсқа қатысушы конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттамасында келтірілген маркетингтік және (немесе) институционалдық және (немесе) әлеуметтік-экономикалық шешімдер қабылдаған жағдайда, онда конкурсқа қатысушы жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурстық өтінімнің құрамында осындай шешімдердің қабылданғаны туралы кепілдік-хатты қосымша орналастырады.

Егер конкурстық құжаттамада ТЭН не ЖСҚ болмаса, онда конкурсқа қатысушылар конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес МЖӘ жобасын іске асыру жөніндегі қаржылық шарттары бар конкурстық өтінімдерді ұсынады;

2) осы Қағидалардың 94-тармағының 6), 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында көзделген іс-шараларды жүзеге асыруды көздейді.

8-параграф. Жекеше әріптесті айқындау бойынша жабық конкурс өткізудің ерекшеліктері

165. Конкурсты ұйымдастырушы тізбесін Заңның 19-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын объектілерге қатысты жекеше әріптесті айқындау бойынша жабық конкурстар өткізеді.

166. Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі жабық конкурс мынадай ерекшеліктері ескеріле отырып, осы Қағидаларда көзделген конкурстық рәсімдерге сәйкес өткізіледі:

жекеше әріптесті айқындау бойынша жабық конкурс өткізу туралы хабарлама орналастырылмайды. Конкурсты ұйымдастырушы кейіннен оларға жекеше әріптесті айқындау жөніндегі жабық конкурсқа қатысуға шақырулар жібере отырып, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа жіберілуі мүмкін әлеуетті жекеше әріптестердің шектеулі тобын айқындайды;

жекеше әріптесті айқындау жөніндегі жабық конкурсты өткізудің шарттары, күні, орны және уақыты туралы ақпаратты, сондай-ақ оның нәтижелері туралы мәліметтерді конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті жекеше әріптестерге жазбаша нысанда жібереді;

конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіруді конкурсты ұйымдастырушы сұрау салудың нысанасын көрсете отырып, бірақ сұрау салудың кімнен түскенін көрсетпей, конкурстық құжаттама берілген барлық әлеуетті жекеше әріптестердің назарына жазбаша нысанда жеткізеді;

жекеше әріптесті айқындау жөніндегі жабық конкурсты өткізу барысында жасалған хаттамалар және осындай конкурстарды өткізу барысында алынған ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға және Интернет желісінде орналастырылуға жатпайды.

4-тарау. Тікелей келіссөздер негізінде жекеше әріптесті айқындау

1-параграф. Әлеуетті жекеше әріптестің тікелей келіссөздерге бастамашылық жасауы

167. Тікелей келіссөздер негізінде жекеше әріптесті айқындау технологиялар трансфертін көздейтін бірегей объектілерді құруға және пайдалануға бағытталған МЖӘ жобаларын іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ғана жүзеге асырылады.

168. Жекеше әріптесті айқындау бойынша тікелей келіссөздерді ұйымдастыру және жүргізу мынадай дәйекті кезеңдер арқылы жүзеге асырылады:

1) әлеуетті жекеше әріптестің МЖӘ жобасына бастамашылық жасауы;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тікелей келіссөздер жүргізу туралы шешім қабылдауы;

3) МЖӘ жобасына бизнес-жоспардың сараптамасы;

4) МЖӘ шартының талаптары туралы МЖӘ шартының әлеуетті тараптары арасында келіссөздер жүргізу;

5) МЖӘ шартын жасасу.

169. Тікелей келіссөздерге бастамашылық жасау әлеуетті жекеше әріптес уәкілетті тұлғаға тікелей келіссөздерге бастамашылық жасауға өтінім беру арқылы жүзеге асырылады.

170. Бұл өтінімде:

әлеуетті жекеше әріптестің атауы және мекенжайы;

мемлекеттік тиесілігі (заңды тұлғалар үшін), азаматтығы (жеке тұлғалар үшін);

заңды тұлғалардың басшылары немесе иелері және әлеуетті жекеше әріптесті білдіретін тұлғалар туралы деректер;

осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша әзірленген МЖӘ жобасына бизнес-жоспар қамтылады. Бұл ретте МЖӘ жобасының қаржылық-экономикалық моделін МЖӘ жобасының бастамашысы әзірлейді және МЖӘ жобасына бизнес-жоспардың құрамында ұсынылады.

Тікелей келіссөздер арқылы жекеше әріптесті айқындай отырып, институционалдық МЖӘ жобасына бастамашылық жасаған жағдайларда, бизнес-жоспардың құрамына МЖӘ жобасының ҚЭН енгізілуі тиіс.

171. Жекеше әріптесті айқындау бойынша тікелей келіссөздерге бастамашылық жасауға арналған өтінім МЖӘ шартын жасасуға арналған оферта болып табылады.

172. Тікелей келіссөздерге бастамашылық жасауға өтінім енгізілген уәкілетті тұлға, егер ол Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес келмеген жағдайда, әлеуетті жекеше әріптеске өтінімді 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі мерзімде қайтарады.

Егер көрсетілген мерзім өткенге дейін тікелей келіссөздерге бастамашылық жасауға өтінім қайтарылмаған жағдайда, ол қарауға қабылданған болып есептеледі.

173. Тікелей келіссөздерге бастамашылық жасауға өтінімді қарауға қабылдаған уәкілетті тұлға күнтізбелік 70 (жетпіс) күнге дейінгі мерзімде өтінімді тікелей келіссөздерге бастамашылық жасау бөлігінде оның заңнама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарауды жүзеге асырады, оның ішінде:

1) келіп түскен өтінімді нақтылау және (немесе) талқылау мақсатында әлеуетті жекеше әріптестен қосымша материалдар сұратады және (немесе) хаттама (хаттамалар) ресімдей отырып, алдын ала келіссөздер жүргізеді;

2) МЖӘ веб-порталында тікелей келіссөздер жүргізуге өтінімді қарауға қабылдау туралы хабарлама жариялайды, Қағидалардың 176-тармағында белгіленген тәртіппен мүдделі тұлғалармен жобаны ашық талқылауды жүргізеді;

3) қажет болған жағдайда жобаны іске асырудың орындылығын, сондай-ақ ұсынылатын МЖӘ объектісінің бірегейлігін және технология трансферінің қолайлылығын айқындау үшін мүдделі уәкілетті органдарды, техникалық және өзге де консультанттарды тартады.

Тікелей келіссөздер жүргізуге арналған өтінімді қарау барысында ұсынылған өтінімді нақтылаудың және (немесе) талқылаудың қорытындысы бойынша әлеуетті жекеше әріптес оны түзете немесе кері қайтарып ала алады.

174. Тікелей келіссөздер жүргізуге арналған өтінімді қарауға қабылдау туралы хабарлама МЖӘ веб-порталында осы өтінімді қарауға қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде орналастырылады.

Тікелей келіссөздерге бастамашылық жасауға өтінімді қарауға қабылдаған уәкілетті тұлға орындылығы болған кезде өзге ақпарат көздеріне орналастыру арқылы тікелей келіссөздер жүргізуге арналған өтінімді қарауға қабылдау туралы ақпараттың таралуын қосымша қамтамасыз етеді.

175. Тікелей келіссөздер жүргізуге арналған өтінімді қарауға қабылдау туралы хабарламада МЖӘ жобасының мақсаттары мен міндеттері, МЖӘ объектісінің негізгі техникалық-экономикалық параметрлері, тиімділіктің негізгі өлшемшарттары (мысалы, қуат, өнімділік, халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру, тапшылықты азайту), іске асырудың жоспарланған мерзімдері көрсетіледі.

Тікелей келіссөздер жүргізуге арналған өтінімді қарауға қабылдау туралы хабарламада кемінде 45 (қырық бес) күнтізбелік күн мерзімі және мүдделі тұлғалардың ұсыныстары мен ескертулерін беру және қарау тәртібі көрсетіледі.

176. Тікелей келіссөздер жүргізуге арналған өтінімді қарауға қабылдау туралы хабарламаға ұсыныстар және (немесе) ескертулер болған кезде тікелей келіссөздерге бастамашылық жасауға арналған өтінімді қарауға қабылдаған уәкілетті тұлға жоба бойынша ықтимал балама шешімдерді анықтау үшін келіп түскен ұсыныстарды және (немесе) ескертулерді ашық талқылаулар жүргізеді.

Ашық талқылаулар МЖӘ жобасына бастамашылық жасаған әлеуетті жекеше әріптестің, ұсыныстар және (немесе) ескертулер енгізген адамдардың, уәкілетті тұлғаның міндетті түрде қатысуымен өткізіледі. Ашық талқылауға қатысуға техникалық сарапшылар, консультанттар, тиісті мемлекеттік органдардың өкілдері, өзге де мүдделі тұлғалар шақырылуы мүмкін.

Ашық талқылауларды жүргізу регламентін уәкілетті тұлға бекітеді және ол бекітілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде МЖӘ

веб-порталында жарияланады, сондай-ақ жобаға бастамашылық жасаған әлеуетті жекеше әріптеске атаулы түрде жіберіледі.

177. Осы Қағидалардың 173-тармағында айқындалған тәртіппен өтінімді қарау нәтижелері бойынша тікелей келіссөздерге бастамашылық жасауға арналған өтінімді қарауға қабылдаған уәкілетті тұлға әлеуетті жекеше әріптеске оң немесе теріс қорытынды жібереді.

178. Бастамашылық жасалған МЖӘ жобасы МЖӘ саласындағы заңнамаға сәйкес келген, бірегейлігі расталған, технология трансферінің орындылығы, МЖӘ жобасын іске асырудың орындылығы расталған жағдайда оң қорытынды шығарылады.

Пайдалану барысында тікелей келіссөздерге бастамашылық жасауға өтінім беру сәтінде Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер өндірілетін объектілер бірегей болып танылады.

179. Қағидалардың 178-тармағында санамаланған қандай да бір негіздеме бойынша оң қорытынды үшін растау болмаған кезде теріс қорытынды шығарылады.

Теріс қорытынды алынған кезде әлеуетті жекеше әріптес жобаны пысықтауға және оны тікелей келіссөздер жүргізуге немесе жекеше бастаманы іске асыру жөніндегі конкурсты өткізуге жаңа өтінім беру жолымен іске асыруға бастамашылық жасауға құқылы.

180. Тікелей келіссөздерге бастамашылық жасауға өтінімді қарау нәтижесі бойынша оң қорытынды шығарылған жағдайда, тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне әлеуетті жекеше әріптеспен тікелей келіссөздер жүргізу туралы ұсыныс енгізеді.

181. Қазақстан Республикасының Үкіметі әлеуетті жекеше әріптеспен тікелей келіссөздер жүргізу туралы шешім қабылдаған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті жекеше әріптестің Заңның 32-бабында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеруді жүргізеді.

182. Тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы жекеше әріптесті айқындау бойынша тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссия) қалыптастырады.

Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның төрағасы тікелей келіссөздерді ұйымдастырушының бірінші басшысы не ол уәкілеттік берген тұлға болып табылады.

Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның хатшысы құрылымдық бөлімше басшысының орынбасарынан төмен емес тікелей келіссөздерді ұйымдастырушының өкілі болып табылады.

Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның құрамына құрылымдық бөлімше басшысының орынбасарынан төмен емес тиісті саланың орталық уәкілетті органдарының өкілдері енгізіледі.

Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның құрамына өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдері енгізілуі мүмкін.

183. Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссия мынадай функцияларды :

1) МЖӘ жобасына, МЖӘ шартының жобасына бизнес-жоспарды мақұлдау не пысықтауға жіберу;

2) тікелей келіссөздердің нәтижелері туралы шешім қабылдау;

3) тікелей келіссөздер жүргізу үшін қажетті өзге де функцияларды жүзеге асырады.

184. Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның шешімдері осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МЖӘ жобасы бойынша Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді.

Хаттамаға отырысқа қатысқан Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның шешімі дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

Дауыстар тең болған жағдайда Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда, осы Комиссияның кез келген мүшесі ерекше пікір білдіреді, ол тікелей келіссөздерді ұйымдастырушыға Комиссия отырысы өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жіберіледі және оны Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның жұмыс органы хаттамаға қоса береді. Бұл ретте Комиссия отырысының хаттамасында ерекше пікірдің бар екендігі туралы белгі қойылады және ерекше пікірді енгізудің соңғы мерзімі көрсетіледі.

Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның отырысы, егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса(кворумы бар), заңды болады.

Отырыста Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссия төрағасы болмаған не ол болмаған кезеңде – оны ауыстыратын адам болған жағдайда Комиссия отырысы өткізілмейді.

185. МЖӘ жобасына Бизнес-жоспарға тікелей келіссөздерді ұйымдастырушының бірінші басшысы не оны ауыстыратын адам, МЖӘ

жобасына бастамашылық жасаған әлеуетті жекеше әріптестің бірінші басшысы, сондай-ақ өзге де мүдделі уәкілетті адамдар қол қояды.

МЖӘ жобасына Бизнес-жоспарды, сондай-ақ оған қоса берілетін қосымшалар мен материалдарды тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы мынадай келісулер мен сараптамаларға жібереді:

1) жоба табиғи монополиялар салаларына тиесілі болған жағдайда, тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту тәртібі бөлігінде МЖӘ жобасына бизнес-жоспарды келісу, табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу МЖӘ жобасына бизнес-жоспар енгізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде.

Бұл ретте табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган инвестициялық бағдарламаны және мыналарды айқындайтын МЖӘ шартының ережелерін келіседі:

тарифке (бағаға, алым мөлшерлемесіне) енгізілетін шығындарды қалыптастыруды;

шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарының техникалық және технологиялық нормаларын, сондай-ақ нормативтік техникалық шығындар шегінде шығыстар баптарын қалыптастыруды;

тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) қалыптастыру кезінде ескерілмейтін шығыстар тізбесін белгілеуді;

инвестициялар көлемі және инвестицияланған капиталды қайтару тәртібін;

тарифке (бағаға, алым мөлшерлемесіне) енгізілетін пайданы қалыптастыруды және шектеуді;

негізгі құралдардың тозуын есептеу әдістерін қолдануды;

МЖӘ объектісін пайдалану сапасының өлшемшарттарын;

МЖӘ объектісін пайдалану сапасын айқындау тәртібін;

МЖӘ объектісін шектеулі нысаналы пайдалануды үшінші тұлғаларға беруді;

МЖӘ объектісіне немесе оның бөліктеріне күрделі жөндеу немесе жаңғырту жүргізуді қаржыландыру мерзімдері (кезеңдері) мен көздерін;

жекеше әріптестің тарифтерді қалыптастыруға және бекітуге байланысты құқықтары мен міндеттерін;

табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметасында көзделген амортизациялық аударымдар құралдарын пайдаланудың негізгі құралдары мен бағыттарына қайта бағалау жүргізуді;

МЖӘ жобасы бойынша өндірілетін өнімнің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі мен сапасын бақылауды жүзеге асыруды қоса алғанда,

табиғи монополиялар салаларындағы қызметті бақылауды жүзеге асыруды көздейтін МЖӘ шартының ережелерін келіседі.

МЖӘ жобасына бизнес-жоспарды келісу әрбір қаралатын мәселе бойынша келіспеу себептерін көрсете отырып, келісу не келіспеу туралы хат түрінде ресімделеді;

2) жекеше әріптестердің мемлекеттік функцияларды іске асыруды қамтамасыз етуін көздейтін республикалық жобалар бойынша бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласына жататын бөлігінде-бизнес-жоспар қарауға қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бизнес-жоспарды келісу туралы немесе негіздемелерді көрсете отырып, келісуден бас тарту туралы хатты жіберетін монополияға қарсы органмен келісу;

3) тиісті саланың уәкілетті органының салалық сараптама жүргізуі.

МЖӘ жобасына бизнес-жоспардың салалық сараптамасының нәтижелері бойынша орталық уәкілетті органдар осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салалық қорытынды жасайды.

МЖӘ жобасының орындылығы, іске асыру мерзімдері, көлемі, құны және іске асыру тетігі, МЖӘ жобасы бойынша түпкілікті және тікелей нәтижелерге қол жеткізу мәселелері бойынша сараптаманың нәтижесі бойынша оң немесе теріс салалық қорытынды дайындалады.

МЖӘ жобасына бизнес-жоспар оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде қайта салалық сараптамаға жіберілуі тиіс.

Ақпараттандыру саласындағы МЖӘ жобалары бойынша бизнес-жоспарда МЖӘ жобасына көзделген технологиялық, техникалық шешімдерді, оның ішінде іске асыру кестесін бағалау "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкестігіне жүргізіледі.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы МЖӘ жобалары бойынша МЖӘ жобасына бизнес-жоспарда көзделген технологиялық, техникалық шешімдерді, оның ішінде іске асыру кестесін бағалау "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкестігіне жүргізіледі.

Егер МЖӘ жобасы бірнеше салалық мемлекеттік органдардың жауапкершілік саласын қозғаған жағдайда, аталған салалық мемлекеттік органдар МЖӘ жобасына бизнес-жоспардың тиісті салалық сараптамалардың қорытындыларын қосымша ұсынады;

4) МЖӘ дамыту орталығы не жергілікті атқарушы орган айқындайтын заңды тұлға жүргізетін сараптаманың негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның МЖӘ жобасына бизнес-жоспарға қорытынды дайындау.

Тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті органға МЖӘ жобасына бизнес-жоспарды:

МЖӘ жобасына бизнес-жоспардың салалық сараптамасының оң қорытындысын (қорытындылары);

осы тармақта көзделген келісу нәтижелерін;

МЖӘ жобасына ұсынылатын бизнес-жоспарды жан-жақты және толық бағалау үшін қажетті өзге де материалдар мен мәліметтерді қоса жібереді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті орган келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде МЖӘ дамыту орталығына немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары айқындайтын заңды тұлғаларға МЖӘ жобасына бизнес-жоспарды және сараптама жүргізу үшін келіп түскен материалдарды жібереді.

186. МЖӘ жобасына бизнес-жоспарға, оның ішінде оған тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде сараптама 30 (отыз) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

187. МЖӘ жобасына бизнес-жоспардың сараптамасын, оның ішінде оған тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде МЖӘ дамыту орталығы (республикалық жобалар бойынша) не облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары айқындайтын, сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлғалар (жергілікті жобалар бойынша) МЖӘ жобасына бизнес-жоспарда қамтылған ақпаратты бағалау арқылы МЖӘ жобасын іске асыру мүмкіндігін айқындау мақсатында жүргізеді.

188. МЖӘ жобасына, оның ішінде оған тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде бизнес-жоспарға сараптама қорытындысы:

Қазақстан Республикасының МЖӘ саласындағы қолданыстағы заңнамасы шеңберінде МЖӘ жобасын іске асыру мүмкіндіктерін;

МЖӘ жобасына бизнес-жоспарда көрсетілген мемлекеттік қолдаудың түрлері мен көлемдерін көрсету, сондай-ақ жекеше әріптестің шығындарын өтеу және кірістер алу мүмкіндіктерін;

МЖӘ жобасының тәуекелдерін және оларды басқару жөніндегі шараларды; институционалдық шешімдерді (тараптардың өзара іс-қимыл тетіктері, олардың жауапкершілігі және басқалар);

МЖӘ жобасын іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін;

МЖӘ жобасын іске асырудың коммерциялық тиімділігін;

маркетингтік зерттеу нәтижелерін, оның ішінде МЖӘ жобасын іске асыру нәтижесінде пайда болатын өнімге (тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге) сұранысты;

ұсынылған схема бойынша МЖӘ жобасын іске асыру кезіндегі мемлекеттің пайдасы мен шығындарының арақатынасын бағалауды қамтиды.

189. МЖӘ жобасына бизнес-жоспарды сараптау нәтижесі, оның ішінде оған тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде мынадай бөліктерден тұратын оң не теріс қорытынды болып табылады:

1) сараптама қорытындысының кіріспе бөлігінде сараптаманың атауы мен өткізілетін күні туралы мәліметтер, сондай-ақ МЖӘ жобасы туралы жалпы ақпарат қамтылады;

2) сараптама қорытындысының негізгі (талдамалық) бөлігінде осы Қағидаларға сәйкес жүргізілген бағалаудың нәтижелері көрсетіледі;

3) қорытынды бөлігінде сараптаманың қорытындысы бойынша әзірленген тұжырымдар мен ұсынымдар баяндалады.

Оң қорытындыда тікелей келіссөздерді ұйымдастырушыға, Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияға және МЖӘ жобасын басқару сапасын арттыру, оның ішінде МЖӘ жобасын іске асыру тиімділігін қамтамасыз ету және тәуекелдерді басқару жөніндегі өзге де мүдделі тұлғаларға арналған ұсынымдармен ескертпелер қамтылуы мүмкін.

Пысықтау қажеттілігі туралы қорытынды әзірленген жағдайда МЖӘ жобасына бастамашылық жасаған әлеуетті жекеше әріптес тікелей келіссөздерді ұйымдастырушымен МЖӘ жобасына бизнес-жоспарды пысықтауға және қайта сараптамаға енгізуге құқылы.

МЖӘ жобасының бизнес-жоспарына теріс қорытынды оның бағалау нәтижелері ұсынылған схема бойынша МЖӘ жобасын іске асырудың мүмкін еместігін және (немесе) орынсыздығын не мазмұны Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтіндігін және (немесе) ұсынылған схема бойынша МЖӘ жобасын іске асырудың мүмкіндігін және (немесе) орындылығын айқындау үшін толыққанды ақпарат болмағандығын көрсетеді.

190. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті орган МЖӘ дамыту орталығы не жергілікті атқарушы орган айқындайтын заңды тұлға жүргізетін сараптаманың негізінде МЖӘ жобасына бизнес-жоспарға қорытынды дайындайды.

191. Сараптаманы ескере отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның МЖӘ жобасына бизнес-жоспарды қараудың жалпы мерзімі ол енгізілген кезден бастап 40 (қырық) жұмыс күнінен аспайды.

МЖӘ жобасына бизнес-жоспар бойынша жетіспейтін және (немесе) қосымша ақпаратты ұсыну қажет болған жағдайларда МЖӘ дамыту орталығы немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары айқындайтын, сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлғалар құжаттар топтамасы келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен

аспайтын мерзімде (бірақ бір реттен аспайтын) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға тиісті сұрау салуларды жібереді. Жетіспейтін және (немесе) қосымша ақпаратты не қосымша мерзімдердің қажеттігі туралы хабарламаны тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы сұрау салу келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жібереді.

Бұл ретте жетіспейтін және (немесе) қосымша ақпаратты ұсынудың қосымша мерзімі күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайды.

Сұрау салу жіберілген күннен бастап және қажетті ақпарат берілгенге дейін сараптама жүргізу мерзімдері тоқтатыла тұрады.

Сұрау салуға сәйкес қажетті ақпаратты мерзімінде ұсынбаған жағдайда МЖӨ жобасына бизнес-жоспар қараусыз қалдырылады.

192. Мемлекет тарапынан МЖӨ субъектілеріне мемлекеттік қолдау шаралары мен мемлекеттік бюджеттен төлемдер болмаған жағдайда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы және МЖӨ дамыту орталығының не жергілікті атқарушы орган айқындайтын заңды тұлғаның сараптамасы талап етілмейді.

193. МЖӨ жобасына бизнес-жоспарды жеке бастамашы тікелей келіссөздерді ұйымдастырушымен пысықтайды және тікелей келіссөздерді ұйымдастырушының бірінші басшысының не оны ауыстыратын адамның бұйрығымен бекітіледі және барлық қажетті келісімдер мен сараптамалардың нәтижелерін және Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның шешімін ескере отырып, жеке бастамашының бірінші басшысы қол қояды. МЖӨ жобасына бизнес-жоспарды пысықтаудың және бекітудің жалпы мерзімі барлық қажетті сараптамалар мен келісімдерді алған кезден бастап 2 (екі) айдан аспайды.

Сараптама жүргізбестен МЖӨ жобасына бекітілген бизнес-жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы МЖӨ жобасына бизнес-жоспар бекітілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде бұл туралы МЖӨ жобасына бастамашылық жасаған әлеуетті жекеше әріптесті хабардар етеді.

Жеке бастамашы бекітілген бизнес-жоспарға қол қойылған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде бекітілген МЖӨ жобасына бизнес-жоспарға сәйкес әзірленген МЖӨ шартының жобасын уәкілетті тұлғаға жібереді.

МЖӨ шартының мазмұны Заңның 46-бабына сәйкес айқындалады.

МЖӨ шартының жобасын ұсыну мерзімін ұзарту туралы шешімді Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссия қабылдайды.

2-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының талаптары туралы мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының әлеуетті тараптары арасында келіссөздер жүргізу

194. Жеке бастамашы енгізген МЖӘ шартының жобасы Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның отырысына шығарылады.

Келіссөздердің нәтижелері осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МЖӘ жобасы бойынша Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді, оған Тараптардың уәкілетті өкілдері және МЖӘ шартының жобасын қоса бере отырып, Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссия мүшелері қол қояды.

195. Тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы МЖӘ шартының жобасын, оның ішінде оған тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде, Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның хаттамасын қоса бере отырып, бюджетті атқару жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті органға және табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға (табиғи монополиялар салаларда іске асырылатын МЖӘ жобасы бойынша) келісуге жібереді.

196. Бюджетті атқару жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті орган құзыретіне кіретін мәселелер бойынша МЖӘ шартының жобасын келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде келіседі.

197. Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган МЖӘ шартының жобасын табиғи монополиялар саласына жататын тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту тәртібі бөлігінде ол ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде келіседі.

198. МЖӘ шартының жобасын келісу, оның ішінде оған тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде, әрбір қаралатын мәселе бойынша келіспеу себептерін көрсете отырып, келісу не келіспеу туралы хат түрінде ресімделеді.

199. МЖӘ шартының жобасын бюджетті атқару жөніндегі орталық не жергілікті уәкілетті органның және табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның келісуінің қорытындысы бойынша ұсынымдар болған кезде тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы (уәкілетті тұлға) пысықтайды және оны Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссия бекітеді.

МЖӘ жобасына бекітілген бизнес-жоспарға қайшы келетін МЖӘ шартының жобасын Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның хаттамасымен бекітуге жол берілмейді.

200. Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның тікелей келіссөздер нәтижелері туралы шешім қабылдау қорытындылары бойынша тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы тиісті бюджеттік комиссияның қарауына МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін шығару үшін МЖӘ шартының жобасын келісу нәтижелерін қоса бере отырып, өтінімді бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға (республикалық жобалар бойынша) немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға (жергілікті жобалар бойынша) жібереді.

МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер болмаған жағдайда МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін тиісті бюджеттік комиссиялардың қарауына шығару талап етілмейді.

МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелердің жоқтығын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тиісті хат ресімдей отырып растайды.

3-параграф. Тікелей келіссөздер барысында мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу

201. Тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы (уәкілетті тұлға) тиісті бюджет комиссиясының оң шешімі шығарылғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде әрбір қабылданған міндеттеменің көлемі туралы ақпаратты (МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауды көздейтін МЖӘ жобалары бойынша) қоса отырып, әрбір жеке МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлейді.

202. Қазақстан Республикасы Үкіметінің МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексінің 162-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

203. Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексінің 162 және 163-баптарына сәйкес мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы шешім қабылданған жағдайда, тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы (уәкілетті тұлға) әлеуетті жекеше әріптеспен МЖӘ шартын жасасады.

5-тарау. Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру ерекшеліктері, оның ішінде жекеше әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу тәртібі

204. Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӘ жекелеген жобалар үшін де (оның ішінде бірнеше жобаларды қамтамасыз ету үшін), сол сияқты индустриялық аймақтарды құру шеңберінде де жаңа өндірістер құруға, қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға және кеңейтуге бағытталған

кәсіпкерлік субъектілері жобаларын инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жолымен іске асырылады.

Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды құруды (реконструкциялауды) және (немесе) пайдалануды жекеше әріптес МЖӨ шартына сәйкес жүзеге асырады.

Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӨ жобасын іске асыру шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету кәсіпкерлік субъектісінің (субъектілерінің) жобасы (жобалары) аумағының шекарасына дейін жүзеге асырылады.

Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӨ жобасын жоспарлау және іске асыру мынадай:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының негізгі бағыттары шеңберінде кәсіпкерлік субъектісінің (субъектілерінің) жобасын (жобаларын) іске асыру;

2) кәсіпкерлік субъектісі (субъектілері) жобасының (жобаларының) елді мекенді дамытудың Бас жоспарына сәйкестігі;

3) кәсіпкерлік субъектісінің (субъектілерінің) жобасы (жобалары) бойынша ТЭН және (немесе) ЖСҚ болуы және (немесе) кәсіпкерлік субъектісінің (субъектілерінің) жобасы (жобалары) құнының кемінде жиырма пайызы көлемінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауы;

4) кәсіпкерлік субъектісінің (субъектілерінің) жобасы (жобалары) шеңберінде жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру;

5) кәсіпкерлік субъектісінің (субъектілерінің) жобасында (жобаларында) айлық есептік көрсеткіштің 4000000 еселенген мөлшерінен астам көлемде инвестициялардың болуы;

6) айлық есептік көрсеткіштің 700000 еселенген мөлшерінен аспайтын көлемде (коммуникациялардың барлық түрлеріне) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құру (реконструкциялау) ерекшеліктерге сай келетін жағдайларда осы Қағидалардың 205-тармағында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, жүзеге асырылады..

205. Осы Қағидалардың 204-тармағында айқындалған ерекшеліктерге сай келетін МЖӨ жобалары бойынша жекеше әріптесті жоспарлау және айқындау рәсімдерінің ерекшеліктері:

1) Ведомствоаралық жобалау топтарын құру талап етілмейді;

2) жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу туралы ақпаратты конкурсты ұйымдастырушы МЖӨ веб-порталында және өзінің ресми интернет-ресурсында, қазақ және орыс тілдерінде жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн

бұрын орналастырады. МЖӘ веб-порталында ақпаратты орналастырумен бір мезгілде конкурсты ұйымдастырушы жобалары осы МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілетін кәсіпкерлік субъектілеріне конкурстық құжаттаманы қоса бере отырып, осы ақпаратты жібереді;

3) МЖӘ жобасына бастамашылық жасау тәртібіне қарамастан, бір және одан да көп конкурстық өтінімдер болған кезде конкурс өткізілді деп есептеледі.

206. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды құруға (реконструкциялауға) бағытталған жекеше әріптестің инвестициялық шығындарын өтеу Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӘ жобалары бойынша шығындарды өтеуді жоспарлау кезінде кәсіпкерлік субъектісінің (субъектілерінің) жобаларын (жобаларын) іске асыру басталғанға дейін, сондай-ақ егер кәсіпкерлік субъектісінің (субъектілерінің) жобасы бюджетке оң ақша ағындары мен салық түсімдерін генерациялауды көздемесе, инвестициялық шығындарды өтеу көзделмейді.

6-тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша коммерциялық жабу тәртібі

207. Осы Қағидалардың 203-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті тұлға Комиссияның шешімі негізінде конкурс жеңімпазымен МЖӘ шартын, ал МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауды көздейтін МЖӘ жобалары бойынша – тиісті бюджет комиссиясының оң шешімі, Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексінің 162 және 163-баптарына сәйкес мәслихат шешімі негізінде жасасады.

208. Осы Қағидалардың 202-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік міндеттемелер қабылдауын Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексінің 162-бабына сәйкес тиісті бюджет комиссиясының оң шешімі негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдардың МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 163-бабына сәйкес тиісінше облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихатының әрбір жеке МЖӘ жобасы бойынша шешімі негізінде жүзеге асырылады;

209. Мемлекет кепілгерлігін беруді көздейтін МЖӘ жобасы бойынша МЖӘ Шарты жасалғаннан кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес кепілгерлік шарты жасалады.

210. МЖӘ шартын, оның ішінде МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер болмаған жағдайда, тіркеуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі жүзеге асырады.

МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер болмаған жағдайда МЖӘ шартын тіркеу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның (республикалық жобалар бойынша) не мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның (жергілікті жобалар бойынша) МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелердің жоқтығы туралы растайтын хатын ұсынған кезде тиісті бюджет комиссиясының шешімінсіз жүзеге асырылады.

211. Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың нәтижелері туралы, сондай-ақ коммерциялық жабу - МЖӘ шартын жасасу туралы мәліметтер МЖӘ шарты тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде МЖӘ веб-порталында жарияланады.

7-тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша қаржылық жабу тәртібі

212. Егер қаржылық жабу МЖӘ шарты жасалғанға дейін орындалмаса, МЖӘ шартына қаржылық жабу кестесі, сондай-ақ оны жүзеге асыру жөніндегі тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі қосылады.

213. МЖӘ жобаларын қаржыландыру кезінде жекеше әріптесті кезең-кезеңімен (траншпен) қаржыландыру ұсынылады.

214. Мемлекеттік әріптес, жекеше әріптес пен жекеше әріптестің кредиторы (кредиторлары) арасында тікелей келісім жасасу мынадай дәйекті кезеңдерді көздейді:

1) жекеше әріптес және (немесе) жекеше әріптестің кредиторы (кредиторлары) мемлекеттік әріптеске Заңның 47-бабына сәйкес тікелей келісімнің жобасын енгізеді;

2) мемлекеттік әріптес комиссия отырысына тікелей келісімнің жобасын қарайды және шығарады;

3) Комиссия тікелей келісімнің жобасын қарайды және қажет болған жағдайда "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың құрылуы, қызметі және таратылуы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысына сәйкес сарапшыларды тартады;

4) Комиссия тікелей келісім тараптары келіссөздерінің қорытындысы бойынша тікелей келісімнің түпкілікті жобасын мақұлдайды;

5) тікелей келісімде мемлекеттік бюджет шығыстарына әкеп соғатын ережелер болған жағдайда, бұл мәселе тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығарылады;

6) комиссияның және тиісті бюджеттік комиссияның шешімі негізінде тікелей келісім жасасу.

Тараптар қол қойғаннан кейін тікелей келісімді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе оның МЖӘ шартын тіркеген аумақтық бөлімшесі тіркеуі тиіс.

215. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жекеше әріптес МЖӘ шарты бойынша өз құқықтарын мемлекеттік әріптестің жазбаша келісімімен МЖӘ жобасын іске асыру үшін қарыздық қаржыландыруды тарту мақсатында ғана кепілге беруге құқылы.

216. Жекеше әріптестің МЖӘ шарты бойынша өз құқықтарын кредиторға кепілге беруі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

217. Жекеше әріптес МЖӘ шартында көзделген инвестициялық шығындардың өтемақысы (бұдан әрі – ИШӨ) түріндегі ақшалай түсімдер бойынша талап ету құқығын кепілмен қарыз қаржыландыруды тартқан жағдайда, ИШӨ есепке жатқызу үшін шот кредитор-банкте ашылады.

218. ИШӨ-ні есепке алу үшін шоттан түскен ақша қаражаты мынадай шығыс операциялары үшін пайдаланылады:

1) қаржыландыру шартына сәйкес МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартылған қарыз бойынша негізгі борышты, мерзімі өткен негізгі борышты, капиталдандырылған негізгі борышты және капиталдандырылған сыйақыны өтеу ;

2) кепіл ұстаушы болып табылатын кредитормен келісім бойынша жекеше әріптестің негізгі шотына ақшалай қаражаттың қалған бөлігін төлеу.

219. МЖӘ жобаларын қаржыландыру кезінде кредитордың құқығын қорғау мүддесінде ИШӨ-ні есепке алу шоты ИШӨ түріндегі ақшалай түсімдер бойынша талап ету құқығын кепілге салу үшін пайдаланылады. Шотты ИШӨ-ні өзге мақсаттарда есепке алу үшін қолдануға жол берілмейді.

220. Мемлекеттік әріптес жекеше әріптес МЖӘ шартында көзделген ИШӨ түріндегі талап ету құқығын кепілге қойып қарыз қаражатын тартқан кезде ИШӨ түріндегі ақшалай төлемдерді ИШӨ-ні есепке алуға арналған шотқа жібереді.

221. МЖӘ жобасы бойынша қоса қаржыландыру Заңның 27-бабының 2-тармағына сәйкес МЖӘ шартында белгіленген тәртіппен және көлемде беріледі.

222. Бірлесіп қаржыландыру жекеше әріптестің меншікті және (немесе) қарыз қаражатына пропорционалды түрде бірыңғай төлеммен немесе транштармен төленуі мүмкін.

8 тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер.

223. Республикалық МЖӘ жобалары бойынша республикалық меншікке жататын МЖӘ объектілері бойынша жасалған МЖӘ шарттарының тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) деректерді енгізу үшін мемлекеттік әріптес мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға жасалған МЖӘ шарттары туралы мынадай мәліметтерді:

мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптестің атауы мен деректемелерін;

МЖӘ объектісін;

МЖӘ шартының жасалған күні, қолданылу мерзімі мен тіркеу нөмірін;

МЖӘ шартының мәтінін;

МЖӘ объектісінің құнын;

МЖӘ шартын тізілімге енгізу күнін (жасалған МЖӘ шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы мәліметтер Тізілімге енгізілген жағдайда). қамтитын ақпаратты олар тіркелген кезден бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

Жасалған МЖӘ шарттары туралы ақпаратты мемлекеттік әріптес тиісті саланың уәкілетті органының мөрімен куәландырылған немесе заңнамада айқындалған тәртіппен электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған баспа және электрондық түрде жібереді.

Тізілімді жүргізу үшін қажетті қосымша және (немесе) жетіспейтін мәліметтерді немесе құжаттарды алу қажет болған кезде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган оларды тиісті саланың мемлекеттік әріптесінен, уәкілетті органынан сұратады.

Жасалған МЖӘ шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы мәліметтер осы тармақта белгіленген тәртіппен тізілімге енгізіледі.

"Аса маңызды", "өте құпия", "құпия" деген белгісі бар МЖӘ шарттарының мәтіндері немесе жария етуге жатпайтын құпия мәліметтері бар Шарттың бөлімдері мен бөліктері тізілімге енгізілуге жатпайды.

Жасалған МЖӘ шарттары туралы мәліметтер мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға ақпарат келіп түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде электрондық түрде тізілімге енгізілуге жатады.

224. Жасалған МЖӘ шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу заңда, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен, сондай-ақ МЖӘ шартына сәйкес жүзеге асырылады.

Жасалған МЖӘ шартына ұсынылатын өзгерістер және (немесе) толықтырулар МЖӘ шартының жобасы (МЖӘ шартына қосымша келісім) түрінде ресімделеді.

Қосымша келісімнің жобасы мүдделі мемлекеттік органдармен келісуге жатады.

МЖӘ шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу мақсатында, оның ішінде МЖӘ жобасының іске асырылуын мониторингілеу және (немесе) бағалау нәтижелері бойынша мемлекеттік әріптес мүдделі мемлекеттік органдармен қосымша келісімді келісудің қорытындысы бойынша МЖӘ шартына жеке әріптеспен қосымша келісім жасасады.

Жасалған МЖӘ шартына пайдалану кезеңін алып тастау бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілмейді.

Тиісті бюджет комиссиясының қарауынсыз мемлекеттік міндеттемелердің мөлшерін өзгертуге әкеп соғатын МЖӘ шартын өзгертуге жол берілмейді.

Заңның 46-бабының 1-тармағында көрсетілген МЖӘ шартының талаптары елеулі болып табылады және мұндай өзгерістердің (бюджет шығыстарының ұлғаймауы, мемлекеттік кірістің ұлғаюы) оң бюджеттік тиімділігі (ақшалай түрде) жағдайында, сондай-ақ егер мұндай өзгерістер МЖӘ шартында көзделген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапалық сипаттамаларына және (немесе) көлеміне және (немесе) қолжетімділігіне қойылатын талаптарды төмендетпесе, сондай-ақ мұндай өзгерістер МЖӘ шартын жасасу кезінде оның талаптарында көзделген кездегі жағдайларды қоспағанда, МЖӘ жобасының экономикалық және (немесе) әлеуметтік тиімділігі сақталған не ұлғайтылған жағдайда тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

225. МЖӘ шарттарының, оларға қосымша келісімдердің түпнұсқалары (бар болса) сақтауға жауапты мемлекеттік әріптестің құрылымдық бөлімшесінде арнайы бөлінген сейфте сақталады. МЖӘ шартының, оған қосымша келісімнің (қосымша келісімдердің) түпнұсқасын (бар болса) сақтауға жауапты адам мемлекеттік әріптестің бірінші басшысының не оны ауыстыратын тұлғаның бұйрығымен тағайындалады.

Қолданылу мерзімі өткеннен кейін МЖӘ шарты, оған қосымша келісім (қосымша келісімдер) (бар болса) "Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 235 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33338 болып тіркелген) сәйкес мұрағатқа беріледі.

Ескерту. 225-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

226. Мемлекеттік әріптес МЖӘ шартын, оған қосымша келісімді (қосымша келісімдерді) (бар болса) тіркеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде МЖӘ дамыту орталығына электрондық форматта:

МЖӘ шартының, оған қосымша келісімнің (қосымша келісімдердің) (бар болса) көшірмесін, МЖӘ шартын/қосымша келісімін/концессиясын тіркеу туралы куәліктің көшірмесін;

МЖӘ жобасына бекітілген конкурстық құжаттаманың немесе қаржы-экономикалық модель, салалық және экономикалық қорытындылардың көшірмелерін қоса, бекітілген бизнес-жоспардың көшірмесін жібереді.

Қажетті құжаттама ұсынылмаған жағдайда МЖӘ жобасы осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттер тізбесін қалыптастыру және жариялау тәртібін қоса алғанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жоспарланатын және іске асырылатын жобалары туралы ақпараттық қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес МЖӘ дамыту орталығы қалыптастыратын тізбеде көрсетілмейді.

227. Тиісті бюджеттік комиссияның қарауынсыз МЖӘ шартында көзделген мемлекеттік міндеттемелердің мөлшерін өзгертуге жол берілмейді.

МЖӘ шартына қосымша келісімді "Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 5 желтоқсанда № 9934 тіркелген) сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі тіркеуі тиіс.

228. Жекеше әріптестің кредиторы қарыз қаражатының нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін МЖӘ объектісін салуды/реконструкциялауды/жаңғыртуды/күрделі жөндеуді/кұруды техникалық қадағалауды жүзеге асыратын компанияны тағайындауға қатыса алады.

229. Кезең-кезеңмен қаржыландыру кезінде мемлекеттік әріптес және техникалық қадағалауды жүзеге асыратын компания жекеше әріптестің кезекті траншты берер алдында алдыңғы траншты мақсатты пайдаланғанын растайды.

2-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша жекеше әріптесті ауыстыру

230. Жекеше әріптес кредиторлар алдындағы және (немесе) МЖӘ шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, жекеше әріптесті ауыстыру мақсатында мемлекеттік әріптес конкурс өткізу жолымен жүзеге асырылатын кредитормен келісім бойынша жекеше әріптесті ауыстыруға жол беріледі.

Жекеше әріптесті ауыстыру кезінде инвестициялық ұсыныс әзірленбейді.

231. Жекеше әріптестің міндеттемелерді тиісінше орындамауына мыналар:

- 1) жекеше әріптестің МЖӘ шартының талаптарын бұзуы;
- 2) жекеше әріптестің қаржылық жағдайының нашарлауы;
- 3) жекеше әріптестің оңалту және банкроттық рәсімдеріне бастамашылық жасауы жатады.

232. МЖӘ шарты бойынша жекеше әріптесті ауыстыру мемлекеттік әріптестің конкурс өткізуі арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте конкурсқа қойылатын мынадай талаптарды сақтау қажет:

1) МЖӘ шарты бойынша жекеше әріптесті ауыстыру мақсатында өткізілетін конкурстың түрі, конкурстың шарттары мен өлшемшарттары МЖӘ шарты жасалған жобаны іске асыру туралы шешіммен белгіленеді;

2) жекеше әріптесті ауыстыру мақсатында конкурс өткізілетін конкурстық құжаттаманың ережелері, қайталама конкурс өткізу сәтіне жекеше әріптес нақты орындаған шарт талаптарын ескере отырып өзгертілетін осындай конкурстың ережелерін, оның ішінде өлшемшарттарының параметрлерін қоспағанда, МЖӘ шарты жасалған алдыңғы конкурстың конкурстық құжаттамасының ережелеріне сәйкес келеді;

3) Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген конкурс шарттарымен қатар келісім бойынша жекеше әріптесті ауыстыру мақсатында өткізілетін конкурстың шарты жекеше әріптестің кредиторымен келісілген және конкурсты өткізу үшін конкурстық құжаттамада көзделген тәртіппен және шарттарда жекеше әріптес кредиторының алдындағы міндеттемелерін орындау жөніндегі конкурс жеңімпазының міндеттемесі болып табылады;

4) конкурстық құжаттама жаңа орындаушының кредиторлар алдындағы міндеттемелерін олармен келісілген тәртіппен және шарттарда орындауы жөніндегі талапты қамтиды.

Жекеше әріптес ауыстырылған жағдайда шарттың талаптары жекеше әріптестің келісім бойынша конкурс өткізу сәтіне нақты орындаған міндеттемелер туралы деректердің негізінде, сондай-ақ жекеше әріптесті ауыстыру мақсатында конкурс жеңімпазы ұсынған ұсыныстар мен келісім талаптарымен салыстырғанда ең жақсы талаптарды қамтитын ұсыныстар ескеріле отырып, өзгереді.

Шартқа енгізілетін және шарт талаптарының өзгеруіне байланысты өзгерістер бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда немесе оның аумақтық бөлімшесінде тіркелуге жататын МЖӘ шартына жекеше әріптесті ауыстыру туралы қосымша шартпен ресімделеді.

233. Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер оған өтетін жекеше әріптес МЖӘ саласындағы заңнамада және конкурстық құжаттамада белгіленген жекеше әріптестерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

234. Жекеше әріптесті ауыстыру жөніндегі конкурсты өткізу кезеңінде және жекеше әріптесті ауыстыру туралы қосымша шартқа қол қойылғанға дейін МЖӘ объектісін басқаруды ауыстыруға жататын жекеше әріптес жүзеге асырады, ал заңды тұлға таратылған не жекеше әріптес ретінде әрекет ететін дара кәсіпкер қайтыс болған жағдайда, МЖӘ объектісін басқаруды мемлекеттік әріптес айқындаған тұлға жүзеге асырады.

235. Ауыстыруға жататын жекеше әріптестің МЖӘ шарты бойынша құқықтары мен міндеттері жекеше әріптесті ауыстыру туралы қосымша шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тоқтатылады.

Жекеше әріптесті ауыстыру туралы қосымша шарт тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде МЖӘ шартын орындау барысында, оның ішінде МЖӘ объектісіне қатысты туындаған барлық мүліктік құқықтар қабылдау-беру актісі бойынша жаңа жекеше әріптеске беріледі.

3-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда тараптардың шығыстарын өтеу

236. МЖӘ шартында айтылған мерзім ішінде мемлекеттік әріптестің кінәсінен МЖӘ шарты мерзімінен бұрын (бірақ шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік 270 (екі жүз жетпіс) күннен аспайтын) тоқтатылған жағдайда, мемлекеттік әріптес инвестициялық шығындардың өтемақысын, мемлекеттік әріптес төлеген төлемдерді шегергенде, есептеу шотына МЖӘ объектісін салуға/реконструкциялауға/құруға/жаңғыртуға/күрделі жөндеуге байланысты келтірілген және дәлелденген күрделі шығыстардың жиынтық мөлшеріне тең соманы төлейді. Мерзімінен бұрын тоқтату үшін төлем МЖӘ шартында көзделген өзге де төлемдерді қамтуы мүмкін.

237. Жобаның инвестициялық кезеңінде жекеше әріптестің кінәсінен МЖӘ шарты тоқтатылған жағдайда, МЖӘ шартында айтылған мерзім ішінде (бірақ шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік 270 (екі жүз жетпіс) күннен аспайтын) мемлекеттік әріптес инвестициялық шығындардың өтемақысын есептеу шотына мемлекеттік әріптес төлеп қойған төлемдерді шегергенде, МЖӘ объектісін салуға/реконструкциялауға/құруға/жаңғыртуға/күрделі жөндеуге байланысты барлық шеккен және дәлелденген күрделі шығыстардың жиынтық мөлшерінің

тоқсан пайызына тең соманы төлейді. Бұл ретте, төлемдер сомасы бастапқыда МЖӘ шартында көзделген инвестициялық шығындар өтемақысының сомасынан аспауы тиіс.

238. Жобаның инвестициялық кезеңінде жекеше әріптестің кінәсінен МЖӘ шарты тоқтатылған жағдайда, МЖӘ шартында айтылған мерзім ішінде (бірақ шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік 270 (екі жүз жетпіс) күннен аспайтын) мемлекеттік әріптес инвестициялық шығындардың өтемақысын есептеу шотына мемлекеттік әріптес төлеп қойған төлемдерді шегергенде, МЖӘ объектісін салуға/реконструкциялауға/құруға/жаңғыртуға/күрделі жөндеуге байланысты барлық шеккен және дәлелденген күрделі шығыстардың жиынтық мөлшерінің жүз пайызына тең соманы төлейді. Бұл ретте инвестициялық шығындардың өтемақысын төлеу сомасы бастапқыда МЖӘ шартында көзделген инвестициялық шығындардың өтемақысы сомасынан аспауы тиіс.

239. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар) салдарынан МЖӘ шарты тоқтатылған жағдайда, МЖӘ шартында айтылған мерзім ішінде (бірақ шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік 270 (екі жүз жетпіс) күннен аспайтын) мемлекеттік әріптес инвестициялық шығындардың өтемақысын есептеу шотына мемлекеттік әріптес төлеп қойған төлемдерді шегергенде, МЖӘ объектісін салуға/реконструкциялауға/құруға/ жаңғыртуға/ күрделі жөндеуге байланысты барлық шеккен және дәлелденген күрделі шығыстардың жиынтық мөлшерінің тоқсан пайызына тең соманы төлейді. Бұл ретте, төлемдер сомасы бастапқыда МЖӘ шартында көзделген инвестициялық шығындар өтемақысының сомасынан аспауға тиіс. Мерзімінен бұрын тоқтату үшін төлем МЖӘ шартында көзделген өзге де төлемдерді қамтуы мүмкін.

9-тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілері мен шарттарына мониторинг жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу және бағалау тәртібі

240. Іске асырылып жатқан МЖӘ жобалары бойынша:

республикалық меншікке жататын МЖӘ объектілерін мониторингтеу;

республикалық МЖӘ жобаларының іске асырылуын мониторингтеу;

МЖӘ шарттарын мониторингтеу және жергілікті МЖӘ жобаларын іске асыру жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының МЖӘ жобаларының іске асырылуын мониторингтеуге қатысуы мыналар:

МЖӘ жобаларын іске асыру практикасы мен проблемаларын қарау нәтижелері;

МЖӘ жобаларын іске асырудың табысты практикасын тираждау;

МЖӘ тетіктерін қолдану салалары мен салаларын кеңейту;

Қазақстан Республикасының МЖӘ саласындағы заңнамасын жетілдіру;
МЖӘ жобаларын сүйемелдеу;

МЖӘ жобаларын іске асыруды ақпараттық және әдіснамалық қолдау мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлей отырып, консультативтік-кеңесші орган шеңберінде жүзеге асырылады.

241. Республикалық меншікке жататын МЖӘ объектілерін және коммуналдық меншікке жататын МЖӘ объектілері бойынша МЖӘ шарттарын мониторингтеу (бұдан әрі – МЖӘ объектілері мен шарттарын мониторингтеу) міндеті МЖӘ-ге берілген мемлекеттік мүлікке залал келтіретін нысаналы пайдаланбау жағдайларының алдын алу болып табылады.

МЖӘ объектілері мен шарттарын мониторингтеу МЖӘ объектісін нысаналы мақсаты бойынша пайдалану бойынша ақпарат жинау және талдау жүйесін білдіреді.

242. МЖӘ объектілері мен шарттарын мониторингтеуді:

республикалық меншікке жататын МЖӘ объектілері бойынша – республикалық меншікке билік ету құқығын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті орган;

коммуналдық меншікке жататын МЖӘ объектілері бойынша – облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

243. Республикалық меншікке жататын МЖӘ объектілері бойынша жекеше әріптес республикалық меншікке билік ету құқығын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті органға, коммуналдық меншікке жататын МЖӘ объектілері бойынша – облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына мемлекеттік меншікке байланысты мүліктік сипаттағы мынадай:

- 1) мемлекеттік мүлікті қосалқы жалға беру;
- 2) мемлекеттік мүлік кепілі;
- 3) үшінші тұлғалардың мемлекеттік мүлікті жақсартуды жүргізуі бойынша;
- 4) мемлекеттік мүлікті иеліктен шығару мәмілелері бойынша есептер ұсынады.

244. Мемлекеттік меншікке байланысты мүліктік сипаттағы барлық мәмілелер туралы есептер осындай мәміле жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылады.

245. Мемлекеттік меншікке байланысты мүліктік сипаттағы барлық мәмілелер туралы есеп осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

246. Жекеше әріптес бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, есепті электрондық түрде қалыптастырады, оған ұлттық куәландырушы орталық

берген электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды және бағдарламалық камтамасыз етудегі сервисті пайдалана отырып, тізілім құрылымына жіберу және енгізу үшін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға – республикалық мүлікке қатысты немесе облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына – мемлекеттік мүлік тізілімі арқылы коммуналдық мүлікке қатысты есепті жібереді.

Бағдарламалық жасақтама – бұл бағдарламалардың, бағдарламалық кодтардың, сондай-ақ оларды пайдалану үшін қажетті техникалық құжаттамасы бар бағдарламалық өнімдердің жиынтығы.

Мемлекеттік мүлік тізілімі арнаулы мемлекеттік органдардың жедел басқаруындағы мүлікті және мемлекеттік материалдық резервті қоспағанда, мемлекеттік мүлікті есепке алудың бірыңғай ақпараттық автоматтандырылған жүйесін білдіреді.

247. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға есепті жылдан кейінгі жылдың 30 қаңтарына дейінгі мерзімде жыл сайын МЖӘ-ге берілген мемлекеттік мүлікті нысаналы пайдалану жөніндегі ақпаратты ұсынады.

248. МЖӘ жобаларының іске асырылуын мониторингтеуді тиісті саланың уәкілетті органы, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары МЖӘ шарты күшіне енген сәттен бастап жыл сайынғы негізде жүзеге асырады.

МЖӘ жобаларының іске асырылуын мониторингтеу деген МЖӘ жобасын іске асыру барысы туралы үздіксіз ақпарат жинау, талдау және жинақтау процесін білдіреді.

Жергілікті МЖӘ жобаларының іске асырылуын мониторингтеу шеңберінде мемлекеттік әріптестер жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының аумақтық бөлімшелерін (филиалдарын/өкілдіктерін) бір мезгілде хабардар ете отырып, кейін МЖӘ дамыту орталығына жіберу үшін осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МЖӘ жобасының іске асырылуын мониторингтеу жөніндегі ақпаратты мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

249. МЖӘ жобаларының іске асырылуын бағалауды жүргізу үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган МЖӘ дамыту орталығын тартады.

250. Осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық МЖӘ жобаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі ақпаратты салалық орталық мемлекеттік органдардың МЖӘ жобаларының іске асырылуына бағалау жүргізуі үшін жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 20

ақпанынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасын бір мезгілде хабардар ете отырып, тиісті уәкілетті органның бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес қол қоя отырып, МЖӘ дамыту орталығына ұсынады.

Осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жергілікті МЖӘ жобаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі ақпаратты облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімінің орынбасарынан төмен емес қол қойылып, жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 20 ақпанынан кешіктірмей, бір мезгілде Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасын хабардар ете отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның МЖӘ жобаларының іске асырылуына бағалау жүргізуі үшін МЖӘ дамыту орталығына ұсынады.

Салалық орталық мемлекеттік органдар не мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар толтырған, осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толық емес немесе сапасыз ақпарат ұсынылған жағдайда, бұл ақпарат ресми хатпен пысықтауға қайтарылады. Бұл ретте осы жобаның іске асырылуын бағалау келесі іске асырылуын бағалау туралы есепте көрсетіледі немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ақпараттың сапасыз (толық емес) берілгені туралы хабарламамен келесі жылға көшіріледі.

251. Бағалау іске асыру кезеңі осы Қағидалардың 248 және 250-тармақтарында көрсетілген МЖӘ жобасының іске асырылуын мониторингтеу бойынша ақпаратты тапсыру күніне бір күнтізбелік жылдан астам мерзімді құрайтын барлық іске асырылып жатқан МЖӘ жобалар бойынша, сондай-ақ есепті жыл ішінде аяқталған немесе тоқтатылған МЖӘ жобалары бойынша да жүргізіледі.

252. МЖӘ дамыту орталығы ұсыну мерзімдерін көрсете отырып, тиісті хабарлама жіберу жолымен бағалау жүргізу үшін қажетті жетіспейтін және (немесе) қосымша ақпаратты дербес сұратады және алады.

Егер МЖӘ жобаларының іске асырылуын бағалау үшін ақпарат белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, МЖӘ дамыту орталығы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға тиісті хабарлама жібереді.

Хабарламада тиісті саланың уәкілетті органының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының Қағидалардың осы тармағының талаптарын орындамағаны туралы, сондай-ақ осы орындамауды Үкіметке енгізу үшін жиынтық есепте көрсету туралы ұсыным көрсетіледі.

253. МЖӘ жобаларының іске асырылуын бағалау МЖӘ жобаларының іске асырылуын талдау процесі, оның ішінде осы Қағидалардың 250-тармағына сәйкес қалыптастырылатын мониторинг деректері негізінде болып табылады.

254. МЖӘ жобаларын басқару сапасын жақсарту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын есеп, сондай-ақ МЖӘ жобаларын басқару жөніндегі өңірлердің рейтингі (бұдан әрі – Өңірлердің рейтингі) МЖӘ жобаларын іске асыруды бағалаудың нәтижесі болып табылады.

МЖӘ дамыту орталығы МЖӘ жобаларын іске асыруды бағалау шеңберінде, қажет болған жағдайда МЖӘ саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды қамтитын талдамалық есеп дайындайды.

МЖӘ жобаларын іске асыруды бағалау есебінің құрылымы мыналардан:

тұжырымдары мен ұсынымдары бар МЖӘ жобаларын бағалау жөніндегі жиынтық ақпараттан;

есептің жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуді көрсететін негізгі бөлігінен тұрады. Негізгі есепте МЖӘ жобасының атауын, құнын, мақсатын, іске асыру кезеңін, мемлекеттік және жекеше әріптестердің атауын қамтитын әрбір МЖӘ жобасы бойынша қысқаша ақпарат қамтылады;

салыстырма кестені (қажет болған жағдайда) қоса бере отырып, МЖӘ саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсынымдардан тұрады.

Ескерту. 254-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

255. Өңірлердегі МЖӘ жобаларын басқару сапасының рейтингін (бұдан әрі – Сапа рейтингі) қалыптастыру осы Қағидаларға 15-1-қосымшаға сәйкес есептелінеді.

Ескерту. 255-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

256. Өңірлердің рейтингі әрбір өңірдің позициялары көрсетілген, МЖӘ даму деңгейі бойынша реттелген өңірлердің тізбесін білдіреді.

Рейтингтегі өңірдің позициясы деп 1-ден (бір) 20-ға (жиырма) дейінгі мәнді қабылдайтын және өңірдегі МЖӘ-нің басқа өңірлерге қатысты даму деңгейін сипаттайтын көрсеткіш түсініледі.

Өңірлер арасында позицияларды бөлу Сапа рейтингінің мәні бойынша оларды саралау негізінде басқа өңірлерге қатысты Сапа рейтингінің мәні неғұрлым жоғары өңірлерге жоғары орындар беріле отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 256-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

256-1. Өңірлердегі Сапа рейтингінің мәні мынадай өлшемшарттарды бағалау негізінде айқындалады:

мемлекеттік міндеттемелер есебінен жекеше әріптес инвестицияларының өтелу индексі – пайдалану сатысындағы жобалар бойынша жекеше әріптестің тартылған инвестицияларының жалпы көлемінің өңірдің жобалары бойынша мемлекеттік әріптеспен бірлесіп қаржыландырудың бөлінген сомасы ескеріле отырып, мемлекеттік міндеттемелердің жиынтық көлеміне арақатынасы;

өңірдің МЖӘ жобалары бойынша МЖӘ дамыту орталығына осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаларды іске асыру мониторингі бойынша ақпарат берудің уақтылығы;

өңірдің іске асырылатын МЖӘ жобалары бойынша құжаттар топтамасын ұсыну.

Ескерту. Қағидалар 256-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

256-2. МЖӘ жобаларының іске асырылуын бағалаудың нәтижелерін МЖӘ дамыту орталығы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жылына екі рет:

1) мыналар:

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша инвестициялық шығындарды өтеу;

инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігі;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қаржыландыру үшін тартылатын қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қоса қаржыландыру көзделетін МЖӘ жобалары бойынша 30 мамырға дейін.

2) мыналар:

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша операциялық шығындарды өтеу;

мемлекеттік меншіктегі мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақылар, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін пайдаланғаны үшін жалдау ақысы;

қолжетімділігі үшін ақы;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін пайдалану процесінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда мемлекеттен берілетін субсидиялар;

МЖӘ жобасын іске асыру барысында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің белгілі бір көлемін мемлекеттің тұтынуына кепілдік беру;

мемлекетке тиесілі зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтарды беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заттай гранттар беру;

бюджеттен төленетін басқа да төлемдер көзделетін МЖӘ жобалары бойынша 30 қарашаға дейін жібереді.

Ескерту. Қағидалар 256-2-тармақпен толықтырылды – ҚР

Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

256-3. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган МЖӘ даму орталығының есебі келіп түскен сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей мынадай мүдделі тараптарға:

мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға тізілімге, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына коммуналдық меншікке жататын МЖӘ объектілері бойынша деректерді енгізу үшін МЖӘ жобаларының іске асырылуын бағалау нәтижелерін;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына МЖӘ жобаларын іске асыру кезіндегі тәуекелдер бойынша, оның ішінде іске асыру мерзімдері бойынша ұсынымдары бар ақпаратты жібереді.

Ескерту. Қағидалар 256-3-тармақпен толықтырылды – ҚР

Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Осы мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларын
жоспарлау, конкурс (аукцион)
және жекеше әріптесті айқындау
бойынша тікелей келіссөздер
жүргізу, мемлекеттік-жекешелік
әріптестік шарттарына
мониторинг жүргізу,
мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларының іске
асырылуына мониторинг
жүргізу және бағалау
мәселелерін қамтитын
мемлекеттік- жекешелік
әріптестік жобаларын жоспарлау

Нысан

**_____ жағдай бойынша мемлекеттік-жекешелік
әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобалары бойынша ақпарат (ақпаратты ұсынудың
есепті күні көрсетіледі)**

№ р/с	Өңір (облыс, республикалық маңызы бар қала, Астана), орталық мемлекеттік орган	Мемлекеттік әріптес/тер (ұйымдардың атауы)	Конкурсты немесе тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы	Жеке серіктес (ұйымның атауы, ЖСН/БСН)	Жоба		МЖӘ жобасының деңгейі (экономика саласы (аясы))	МЖӘ жобасының деңгейі (республикалық; жергілікті)
							(жоспарланатын: инвестициялық ұсынысты әзірлеу/сараптау; жоспарланатын: жобаны Мәслихатқа / ОБК-ға шығару; жоспарланатын: заңды тұлғаны жобаны консультациялық сүйемелдеуге айқындау; жоспарланатын: мүдделерін білдіруге сұрау салу; жоспарланатын: конкурст	

							ы қ құжаттам а н ы әзірлеу; жоспарла натын: конкурст ы қ құжаттам а н ы сараптау; жоспарла натын: конкурс/ келіссөзд ер; іске асырылат ы н : қаржылы қ жабу; іске асырылат ын: ҚМЖ ; іске асырылат ы н : пайдалан уға беру)		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Кестенің жалғасы

Бастама түрі (мемлеке ттік (конкур с түрі) немесе (жеке негіздеме) е)	МЖӨ шартын жасасу күні (00.00.00 (00)	МЖӨ шартын казынаш ылық органда рында тіркеу күні (00.00.00 (00)	Қосымш а келісімд ерді жасау және тіркеу күні (бар болса) (00.00.00 (00)	Жобаны ң қуаты	МЖӨ жобасын іске асыру кезеңі				МЖӨ шартын тоқтату	
					құрылыс/ жаңғырту/ қайта құру/ құру		пайдалану/ сенімгерлік басқару/ сервистік қызмет көрсету/ жалға алу		күні (00.00.00 (00)	Себепте р і н көрсете отырып негіздеме (бұзу, қолданы л у мерзімін і ң аяқталу ы , жекеше әріптест і тарату,
					басы	с оңы	басы	соңы		

ОШӨ							
жыл		...		жыл		Барлығы О Ш Ө жоспары	Барлығы ОШӨ факт
Жоспар	Факт	...	...	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт
42	43	44	45	46	47	48	49

Кестенің жалғасы

Шығындарды өтеу және кіріс алу көздері, мың теңгемен							
БҮТ							
жыл		...		жыл		Жиыны Б Ү Т жоспары	Жиыны БҮТ факт
Жоспар	Факт	...	...	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт
50	51	52	53	54	55	56	57

Кестенің жалғасы

Шығындарды өтеу және кіріс алу көздері, мың теңгемен							
ҚҮТ							
жыл		...		жыл		Жиыны Қ Ү Т жоспары	Жиыны ҚҮТ факт
Жоспар	Факт	...	...	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт
58	59	60	61	62	63	64	65

Кестенің жалғасы

Шығындарды өтеу және кіріс алу көздері, мың теңгемен							
Жалдау ақысы							
жыл		...		жыл		Барлығы Жалдау ақысы жоспары	Барлығы Жалдау ақысы факт
Жоспар	Факт	...	...	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт
66	67	68	69	70	71	72	73

Кестенің жалғасы

Шығындарды өтеу және кіріс алу көздері, мың теңгемен							
мемлекеттік тапсырыс/ТМККК және бюджеттен төленетін басқа да төлемдер							
жыл		...		жыл		Мемлекетті к тапсырыс/ ТМККК және бюджеттен төленетін басқа да төлемдер жоспары	Мемлекетті к тапсырыс/ ТМККК және бюджеттен төленетін басқа да төлемдер факт
Жоспар	Факт	...	...	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт
74	75	76	77	78	79	80	81

Кестенің жалғасы

Шығындарды өтеу және кіріс алу көздері, мың теңгемен							
Субсидиялар							
жыл		...		жыл		Субсидия жиыны жоспар	Субсидия жиыны факт
Жоспар	Факт	...	...	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт
82	83	84	85	86	87	88	89

Кестенің жалғасы

Шығындарды өтеу және кіріс алу көздері, мың теңгемен								
Тауарларды жұмыстарды және қызметтерді сату								Тауарларды жұмыстарды және қызметтерді сату
жыл		...		жыл		Т Ж Қ жоспарын іске асыру жиыны	ТЖҚ іске асыру жиыны факт	
Жоспар	Факт	...	...	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт	
90	91	92	93	94	95	96	97	98

Кестенің жалғасы

Жобаның санаты (мемлекеттік бюджеттен жеке әріптестің барлық шығындарын өтеуді талап ететін; мемлекеттік бюджеттен пайдалану шығындарын өтеуді талап ететін; мемлекеттік қолдаудың қандай да бір қаржылық шараларын және мемлекеттік бюджеттен шығындарды өтеу көздерін талап етпейтін)	Жоба бойынша ауытқулар мен проблемалар	Ілеспе ұйымды қоса алғанда, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), байланыс құралдары	Мемлекеттік серіктестің/ конкурсты ұйымдастырушының сайтына сілтеме	Жоба бойынша жаңадан құрылған жұмыс орындары	
				жоспар	факт
99	100	101	102	103	104

Осы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау, конкурс (аукцион) және жекеше әріптесті айқындау бойынша тікелей келіссөздер

жүргізу, мемлекеттік-жекешелік
әріптестік шарттарына
мониторинг жүргізу,
мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларының іске
асырылуына мониторинг
жүргізу және бағалау
мәселелерін қамтитын
мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларын жоспарлау
және іске асыру қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асырудың орындылығы не орындылығының болмауы туралы Хаттама " _____
"

КҮН ТӘРТІБІ: " _____ " МЖӘ жобасын іске асырудың орындылығын немесе орынсыздығын қарау.

Іске асырылуы жоспарланған МЖӘ жобасын туралы ақпарат:

Жобаның атауы	Бастамашы	Жобаның болжамды құны, млн теңге	Жер учаскесінің болуы/ болмауы	Инженерлік желілерге қосылудың болуы/ болмауы	Жобалық-сметалық құжаттаманың болуы
---------------	-----------	----------------------------------	--------------------------------	---	-------------------------------------

Ведомствоаралық жобалау тобы мүшелерінің дауыс беру нәтижесі:

№	Жобаның атауы	Сала	Жобаның болжамды құны, млн теңге	Іске асырудың басымдығы	Шешімі: орынды / орынсыз	Негіздеме
---	---------------	------	----------------------------------	-------------------------	--------------------------	-----------

Шешім:

" _____ " МЖӘ жобасын қараудың қорытындысы бойынша Ведомствоаралық жобалау тобы ШЕШТІ:

1. "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау мен іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына сәйкес (уәкілетті тұлғаға) _____ МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасын әзірлеу ұсынылды (қажет болған кезде жергілікті МЖӘ жобаларын консультациялық сүйемелдеу бойынша заңды тұлғаны тарта отырып).

Ведомствоаралық жобалау тобы мүшелерінің қолдары:

ВЖТ Төрағасы _____ ТАӘ, лауазымы

ВЖТ мүшесі _____ ТАӘ, лауазымы

ВЖТ мүшесі _____ ТАӘ, лауазымы
ВЖТ мүшесі _____ ТАӘ, лауазымы
ВЖТ хатшысы _____ ТАӘ, лауазымы

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

МЖӘ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік;

ВЖТ – ведомствоаралық жобалау тобы;

ТАӘ – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Осы мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларын
жоспарлау, конкурс (аукцион)
және жекеше әріптесті айқындау
бойынша тікелей келіссөздер
жүргізу, мемлекеттік-жекешелік
әріптестік шарттарына
мониторинг жүргізу,
мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларының іске
асырылуына мониторинг
жүргізу және бағалау
мәселелерін қамтитын
мемлекеттік- жекешелік
әріптестік жобаларын жоспарлау
және іске асыру қағидаларына
3-қосымша

Нысан

" _____ " мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы
бойынша бәсекелестік диалогтың нәтижелері туралы ХАТТАМА 20__жылғы " ____ "
_____ №__

Конкурсты ұйымдастырушы: _____

Әлеуетті жеке серіктес _____

Бәсекелестік диалогты өткізу күні: 20__ жылғы " ____ " _____

Төрағалық етті: _____

Хатшы: _____

КҮН ТӘРТІБІ: техникалық, қаржылық, заңдық және өзге де МЖӘ
жобасының қажетті параметрлері, мемлекеттік қолдау шаралары, мүдделі
әлеуетті жекеше әріптестердің әрқайсысының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін
ескере отырып, үздік конкурстық өтінімді және өзге де шешімдерді айқындау
өлшемшарттары бойынша оңтайлы шешімдерді қалыптастыру үшін, " _____
_____ " МЖӘ жобасы бойынша
_____ әлеуетті жеке серіктеспен
бәсекелестік диалог жүргізу.

Конкурсты ұйымдастырушы МЖӘ жобасы бойынша бәсекелестік диалог жүргізу нәтижелері бойынша ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

№	Әлеуетті жеке серіктестің ұсыныстары	Ш е ш і м (қабылданады/ бас тартады)	Қабылданатын редакция	Ұсынылған ұсыныстарды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда түсініктеме

Шешім:

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау мен іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының бұйрығына сәйкес және 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығын басшылыққа ала отырып (уәкілетті тұлға) _____ бәсекелестік диалогтың қорытындыларын ескере отырып, конкурстық құжаттаманы әзірлейді.

Қолы:

Конкурсты ұйымдастырушы _____ ТАӘ, лауазымы

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

МЖӘ-мемлекеттік-жекешелік әріптестік;

ТАӘ-тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Осы мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларын
жоспарлау, конкурс (аукцион)
және жекеше әріптесті айқындау
бойынша тікелей келіссөздер
жүргізу, мемлекеттік-жекешелік
әріптестік шарттарына
мониторинг жүргізу,
мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларының іске
асырылуына мониторинг
жүргізу және бағалау
мәселелерін қамтитын
мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларын жоспарлау
және іске асыру қағидаларына
4-қосымша

Ақпараттық парақтың құрылымы

Атауы	Толтыру бойынша ұсынымдар
1. Жобаның төлқұжаты (жалпы мәліметтер)	
Жобаның атауы	жобаның толық атауы көрсетіледі
Мемлекеттік әріптес	мемлекеттік әріптестің толық атауы көрсетіледі
	жобаның мәні, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобасын техникалық

Жобаны қысқаша сипаттау	тұрғыдан күрделі және (немесе) бірегей жобаларға жатқызылуы көрсетіледі
Жобаны іске асыру саласы (аясы)	экономиканың саласы (аясы) көрсетіледі
Іске асыру жері	жоба іске асырылатын жер көрсетіледі (мекенжайы не орналасқан жеріне қойылатын талаптар немесе сипаты)
Іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	жобаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері көрсетіледі
Жобаның құны	жобаның құны көрсетіледі
Жобаның ретроспективасы	жобамен байланысты бұрын іске асырылған жұмыстар көрсетіледі
Жобаның мақсаттары мен міндеттері	жобаның мақсаттары мен міндеттері көрсетіледі
Жекеше әріптесті айқындаудың болжамды тәсілі	"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес жекеше әріптесті айқындау тәсілі көрсетіледі
Жобаның нәтижесі	жобаның түпкілікті нәтижесі және күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсері көрсетіледі
Байланыс деректері	әзірлеуші өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, байланыс телефоны мен электрондық поштасының мекенжайы (мекенжайлары) көрсетіледі
2. Кіріспе	
Жобаны іске асыру қажеттігінің негіздемесі	1) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі; 2) әлеуетті жекеше әріптестер тарапынан МЖӘ жобасын іске асыруға мүдделіліктің болуы туралы ақпарат көрсетіледі
Ұқсас жобаларды іске асыру тәжірибесі	экономиканың осы саласында (аясында) ұқсас МЖӘ жобаларын іске асырудың халықаралық және/немесе қазақстандық оң тәжірибесі көрсетіледі
МЖӘ объектісі және МЖӘ объектісінің құрамына кірмейтін өзге де мүлік туралы ақпарат	Мыналар көрсетіледі: 1) МЖӘ объектісінің және МЖӘ объектісінің құрамына кірмейтін (меншік, баланс ұстаушы, шектеулер және ауыртпалықтар), бірақ МЖӘ жобасында қолданылатын өзге де мүліктің құқықтық мәртебесі; 2) жобаны іске асыру барысында және оны іске асыру аяқталғаннан кейін жобаға қатысушылардың әрқайсының мүліктік құқықтарының көлемі көрсетіледі. МЖӘ объектісін реконструкциялау, жаңғырту, күрделі жөндеу немесе дамыту кезінде оның ретроспективасы (объектіні пайдалануға беру күні, реконструкциялау, жаңғырту, күрделі жөндеу бойынша жүргізілген жұмыстар және осы объектімен байланысты басқа да мәліметтер) қоса беріледі. Жоспарланатын МЖӘ жобасы археологиялық және мемлекеттің ерекше қорғауындағы өзге де объектілер мәселелерін қозғаған жағдайда аталған объектілердің жай-күйі туралы, сондай-ақ оларға

	МЖӨ жобасының ықпалы туралы мәліметтер келтіріледі.
МЖӨ жобасының табиғи монополиялар салаларына тиесілігі	негізгі қаражатты қайта бағалау, соңғы күнтізбелік үш жылда іске асырылған инвестициялық бағдарламалар, табиғи монополиялар субъектісі қызметінің техникалық сараптамасы, объектілердің техникалық жай-күйін куәландыру туралы ақпаратты және басқа да мәліметтерді қоса алғанда, МЖӨ-ға берілетін табиғи монополиялар субъектісінің мүліктік кешені туралы ақпарат көрсетіледі
3. Институционалдық бөлім	1) тараптардың өзара іс-қимыл жасау тетіктері, МЖӨ жобасының әрбір тарапының, оның ішінде үшінші тұлғалардың инвестициялық және инвестициядан кейінгі кезеңде жауапкершілігі (тараптардың өзара іс-қимыл схемасын қоса) туралы ақпарат; 2) МЖӨ жобасы шеңберінде қызметтің болжамды түрлері, сондай-ақ МЖӨ-ға берілуі жоспарланбайтын қызмет түрлері туралы ақпарат көрсетіледі
4. Маркетингтік бөлім	экономика (өңір) саласы (аясы) проблемаларының сипаттамасы, оның ішінде МЖӨ жобасын іске асыру нәтижесінде түзілетін өнімге (тауарларға/ көрсетілетін қызметтерге) сұраныстың қазіргі кездегі және болжамды (МЖӨ жобасын іске асыру кезеңінде) конъюнктурасын талдау көрсетіледі. SWOT-талдау Strengths (күшті жақтар), Weaknesses (осал жақтар), Opportunities (мүмкіндіктер), Threats (қауіптер) – МЖӨ жобасын іске асыру шеңберінде болжанатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің әлеуетті күшті және осал жақтарын, мүмкіндіктерін және қауіптерін айқындау және бағалау. Пайдаланылатын ақпарат көздері және өткізілген маркетингтік зерттеу бойынша есепті қоса бере отырып, маркетингтік зерттеулер жүргізу әдістемесі міндетті түрде көрсетіледі
	1) МЖӨ жобасы шеңберінде салынуы жоспарланған инвестициялар көлемі, оның ішінде есептеулермен расталған МЖӨ объектісі құрылысының болжамды құны; 2) тарифтердің елдегі, өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға ықпалы туралы есептеулердің негіздемелері мен мәліметтерді қоса, тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға), оның ішінде табиғи монополиялар саласына жататын қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) арналған тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) алдын-ала есептемесі;

5. Қаржылық бөлім

3) мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну қажеттігі мен мүмкіндігін және жекеше әріптестің шығындарын өтеу және кірістер алу көздерін талдаудың нәтижелері, оның ішінде түрлері, көлемі, мерзімдері мен оларды ұсынудың болжамды шарттары;

4) МЖӘ жобасының болжамды түпкілікті нәтижесі (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің түрі және көлемі), сондай-ақ алдын ала есептеулер түрінде негіздемей отырып, жекеше әріптес кірістерінің болжамды келтірілген таза құны мен ішкі кірістілік нормасы;

5) егер жұмыс істеп тұрған объектілерді жаңғырту, реконструкциялау немесе күрделі жөндеу жоспарланса, мыналарды:

ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жоспарлы және нақты көлемі туралы ақпаратты;

көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) түрлері бөлінісінде қолданыстағы тарифтер мен тарифтік сметалар туралы ақпаратты;

реттелмей көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) болған жағдайда көрсетілетін түрлері мен көлемі туралы ақпаратты;

қаржылық есептілікті;

тарифте ескерілетін қолданыстағы амортизациялау әдістері туралы ақпаратты;

бұрын іске асырылған инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпаратты;

бұрын іске асырылған инвестициялық бағдарламалардың нақты орындалу көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламаларда бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпаратты;

қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламалардағы көрсеткіштерден ауытқуы болған жағдайда оның себептерін түсіндіруді;

субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) тұтынушылардың, болған жағдайда, дебиторлық берешектерінің деңгейін және кредиторлық берешек төлемдерін төмендету жөніндегі кешенді іс-шараларды;

болған жағдайда, нормативтік шығындарды азайту және (немесе) нормативтен тыс шығындарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қамтитын, соңғы үш жылда жұмыс істеп тұрған табиғи монополиялар субъектісі туралы ақпарат көрсетіледі.

Жобаны іске асырудың қаржы-экономикалық модельдері формулалар мен қабылданған жорамалдар көрсетіле отырып жасалады.

осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының

6. Әлеуметтік-экономикалық бөлім	әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау әдістемесіне сәйкес әлеуметтік-экономикалық тиімділікті бағалау көрсетіледі
7. Техникалық-технологиялық бөлім	1) енгізілуі жоспарланатын технологиялық инновациялар болған жағдайда, олар туралы мәліметтер; 2) әзірленген жобалық-сметалық құжаттамалардың, үлгілік жобалардың, үлгілік жобалық шешімдердің және қайта қолданылатын жобалардың бар-жоғы туралы мәліметтер; 3) МЖӘ жобасын іске асыру нәтижесінде құрылатын объектінің жоспарланатын физикалық параметрлері мен техникалық сипаттамалары, оның ішінде жоспарланатын өндірістік қуаты; 4) МЖӘ объектісін жобалаудың, салудың, құрудың, реконструкциялаудың, жаңғыртудың, күрделі жөндеудің және пайдаланудың жоспарланған мерзімдері; 5) объектінің орналасқан жері, жер учаскесінің (учаскелерінің) сипаттамасы туралы мәліметтер, сондай-ақ қолданыстағы және/немесе жобаны іске асыруға қажетті инженерлік-көліктік инфрақұрылымдар (теміржол магистральдары, автомобиль жолдары, құбырлар, электр және жылу желілері, су құбыры, газ құбыры және басқа инфрақұрылым) туралы мәлімет көрсетіледі
8. Тәуекелдерді бөлу	осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес МЖӘ жобаларының тәуекелдерін бөлу және бағалау әдістемесіне сәйкес МЖӘ жобасының тәуекелдерін бөлу мен бағалауды талдау көрсетіледі
9. Жоба бойынша тұжырымдар	

Осы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау, конкурс (аукцион) және жекеше әріптесті айқындау бойынша тікелей келіссөздер жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарына мониторинг жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу және бағалау мәселелерін қамтитын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларына 5-қосымша

Салалық қорытынды (оң не теріс екені көрсетіледі)

1. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобасы бойынша қысқаша ақпарат.

1) Салалық сараптама жүргізетін салалық мемлекеттік органның атауы (құны төрт миллион айлық есептік көрсеткіштен асатын жергілікті МЖӘ жобалары бойынша не республикалық МЖӘ жобалары бойынша орталық салалық мемлекеттік органның атау көрсетіледі) не жергілікті салалық мемлекеттік органның (жергілікті МЖӘ жобалары бойынша) атауы көрсетіледі.

2) Жобаны іске асыру саласы (аясы) (экономика саласы (аясы) көрсетіледі).

3) Салалық сараптама объектісі (конкурстық (аукциондық) құжаттама не МЖӘ жобасына бизнес-жоспар көрсетіледі).

4) МЖӘ жобасының атауы (жоспарланған жобаның мәнін көрсететін МЖӘ жобасының атауы көрсетіледі).

5) МЖӘ жобасының қуаты (тиісті өлшем бірліктерінде жобаның қуаты көрсетіледі).

6) Іске асыру орны (жобаны іске асыру орны көрсетіледі (мекенжайы не талаптары не орналасқан жерінің сипаттамасы).

7) МЖӘ объектісі (МЖӘ объектісінің атауы және ол туралы негізгі ақпарат көрсетіледі).

8) Іске асыру мерзімдері мен кезеңдері (жобаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері жылдармен көрсетіледі).

9) Жобаның құны (жобаның болжамды құны мың теңгемен, шығындарды өтеу және кірістер алу көздерінің жоспарланатын құны, Заңға сәйкес мемлекеттік қолдаудың болжамды шаралары және мемлекеттің қатысу нысандары көрсетіледі).

10) Жобаның нәтижесі (МЖӘ жобасының тікелей және түпкілікті нәтижесі көрсетіледі).

2. Негізгі бөлім (төменде көрсетілген кіші бөлімдердің әрқайсысы бойынша бағалау нәтижелерін (оң немесе теріс) қамтиды).

1) Саланың одан әрі дамуына әсер ететін ағымдағы жай-күйінің проблемаларын бағалау.

2) МЖӘ жобасы мақсаттарының саладағы проблемаларды шешуге сәйкестігін бағалау.

3) МЖӘ жобасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігін бағалау, оның ішінде тиісті салада (аяда, өңірде) тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктің болуын, сондай-ақ МЖӘ жобасының болжамды түпкілікті нәтижесінің болуын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларына не актілеріне сәйкестігін көрсету.

4) Ұсынылған схема бойынша МЖӘ жобасын іске асырудың мүмкіндігі мен орындылығын бағалау.

5) МЖӘ жобасының техникалық күрделілігін және (немесе) бірегейлігін бағалау.

6) МЖӘ объектісінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қарашадағы № 710 қаулысымен бекітілген мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру үшін, оның ішінде концессияға беруге жатпайтын объектілер тізбесіне тиесілілігін бағалау.

7) Жекеше әріптестің және жекеше әріптес ұсынатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылар мүдделерінің теңгерімділігін қамтамасыз ету қағидатын негізге ала отырып, МЖӘ жобасын іске асырудың балама нұсқаларын бағалау.

8) МЖӘ жобасын іске асыру және мұндай іске асыру болмаған жағдайларда, саладағы жағдайды бағалау.

9) МЖӘ жобасын іске асырудан түсетін пайданы, оның ішінде халық үшін құндылық қағидатын негізге ала отырып бөлуді бағалау.

10) Жобаны іске асырудан экономиканың аралас салаларына (аяларына) болжамды мультипликативтік әсерді бағалау.

11) Шығындарды өтеу мен табыс алудың, мемлекеттік қолдау мен баға шешімдерінің ұсынылатын көздерін бағалау, оның ішінде инвестициялық және операциялық шығындардың барлық құрамдауыштары бойынша баға-сапа арақатынасының оңтайлылығын бағалау.

12) Конкурстық құжаттамада көзделген технологиялық, техникалық шешімдерді, оның ішінде іске асыру кестесін бағалау.

13) МЖӘ жобасын іске асыру нәтижесінде құрылатын объектінің жоспарланатын физикалық параметрлері мен техникалық сипаттамаларын бағалау.

14) Құрылыс қызметін көздейтін МЖӘ жобалары бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындысында қамтылмаған МЖӘ объектісі құрамдауыштарының оңтайлылығына, жеткіліктілігіне және құнына қосымша бағалау жүргізіледі. Екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурсты өткізу кезінде конкурстық құжаттама құрамында МЖӘ жобасының ТЭН-і және МЖӘ жобасының ТЭН-іне ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындысы болмаған жағдайда, МЖӘ объектісінің барлық құрамдауыштары бойынша оңтайлылықты, жеткіліктілікті және құнды бағалау қосымша жүргізіледі.

15) Тікелей келіссөздердің негізінде жекеше әріптесті айқындау кезінде МЖӘ объектісінің бірегейлігін және технология трансферінің орындылығын бағалау жүргізіледі.

3. Салалық қорытындының нәтижелері бойынша тұжырымдар (тұжырымдарда жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша МЖӘ жобасын қолдау туралы (оң қорытынды) не жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша МЖӘ жобасын қолдамау туралы (теріс қорытынды) салалық мемлекеттік органның ұстанымы көрсетіледі).

Осы мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларын
жоспарлау, конкурс (аукцион)
және жекеше әріптесті айқындау
бойынша тікелей келіссөздер
жүргізу, мемлекеттік-жекешелік
әріптестік шарттарына
мониторинг жүргізу,
мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларының іске
асырылуына мониторинг
жүргізу және бағалау
мәселелерін қамтитын
мемлекеттік- жекешелік
әріптестік жобаларын жоспарлау
және іске асыру қағидаларына
6-қосымша

Нысан

" _____ " мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша
жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы
ХАТТАМА №__ 20__ жылғы " ____ " _____

Конкурсты ұйымдастырушы: _____

КҮН ТӘРТІБІ: Біліктілік іріктеудің нәтижесі бойынша _____
әлеуетті жекеше әріптесті конкурсқа қатысушы ретінде тану туралы шешім
қабылдау.

Әлеуетті жекеше әріптестің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін
оның құжаттар тізбесін қараудың нәтижелері:

Әлеуетті жекеше әріптестің атауы, ЖСН/БСН						
№	Комиссия мүшесінің ТАӘ	Комиссия мүшесінің шешімі	Біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеу себептерінің толық сипаттамасы	Сәйкес келмеу себептерін негіздеу	Біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілуі қажет құжаттардың тізбесі	Конкурстық комиссия мүшелерінің дауыс беру күні мен уақыты
Әлеуетті жекеше әріптестің атауы, ЖСН/БСН						

№	Комиссия мүшесінің ТАӘ	Комиссия мүшесінің шешімі	Біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеу себептерінің толық сипаттамасы	Сәйкес келмеу себептерін негіздеу	Біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілуі қажет құжаттардың тізбесі	Конкурстық комиссия мүшелерінің дауыс беру күні мен уақыты
---	---------------------------	------------------------------	---	-----------------------------------	--	--

Конкурстық комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері:

Әлеуетті жекеше әріптес _____

"қолдау" - _____ дауыс

"қарсы" - _____ дауыс.

Әлеуетті жекеше әріптес _____

"қолдау" - _____ дауыс

"қарсы" - _____ дауыс.

жергілікті жобалар бойынша – Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының аумақтық бөлімшелерін (филиалдарын/ өкілдіктерін) бір мезгілде хабардар ете отырып, есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) күніне дейінгі мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ұсынылған ақпаратты жинақтайды және есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне дейінгі мерзімде көрсетілген ақпаратты мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және тиісті саланың орталық уәкілетті органына бір мезгілде хабардар ете отырып, МЖӘ дамыту орталығына жібереді.

8. МЖӘ жоспарланатын және іске асырылатын жобалар мен мемлекеттік міндеттемелер туралы ақпаратты МЖӘ дамыту орталығы зерттеулер жүргізу, МЖӘ мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу және тиісті жарияланымдар үшін пайдаланады.

2-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін қалыптастыру және жариялау тәртібі

9. Тиісті салалардың орталық уәкілетті мемлекеттік органдары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары жыл сайын "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары негізінде өз құзыретін іске асыру шеңберінде, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың ұсыныстарын және халықтың қажеттіліктерін ескере отырып, МЖӘ жобаларын іске асыру бойынша ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттер тізбесін қалыптастырады.

10. Әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін Заңның 23-бабының 3-1) тармақшасына сәйкес тиісті салалардың орталық уәкілетті мемлекеттік органдары, Заңның 25-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары 2023 жылғы 1 мамырдан кешіктірмей, ал кейінгі кезеңдерде - жыл сайын 1 ақпаннан кешіктірілмейтін мерзімде бекітеді.

МЖӘ жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін қалыптастыруға және бекітуге уәкілетті мемлекеттік орган бекітілген тізбені, МЖӘ веб-порталында орналастыру үшін бекітілген күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде МЖӘ дамыту орталығына жібереді.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 725 бұйрығына
3-қосымша

Мемлекет кепілгерліктерін беру немесе көлемін ұлғайту үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іріктеу тәртібі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.04.2022 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекет кепілгерліктерін беру немесе көлемін ұлғайту үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іріктеу тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 230-бабына сәйкес әзірленді және мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобалары бойынша мемлекет кепілгерліктерін беру және мемлекет кепілгерліктерінің көлемін ұлғайту рәсімдерін өту тәртібін айқындайды.

Мемлекет кепілгерліктерін беру немесе көлемін ұлғайту үшін концессиялық жобаларды іріктеу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы "Концессиялық жобаларды жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" № 157 бұйрығымен бекітілген Мемлекет кепілгерліктерін беру немесе көлемін ұлғайту үшін концессиялық жобаларды іріктеу қағидаларына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10122 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы Тәртіпте пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар Заңға сәйкес қолданылады.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілгерлік шартына сәйкес МЖӘ шарты, оның ішінде концессия шарты шеңберінде тартылған қарыз бойынша қарыз беруші алдындағы қарыз алушының борышын толық немесе ішінара өтеу міндеттемесі мемлекет кепілгерлігі болып табылады.

Кепілгерлік бойынша міндеттемелер қарыздың негізгі сомасын және ол бойынша сыйақыны қамтиды.

4. Мемлекет кепілгерлігі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген лимит шегінде, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 229-бабының 9-тармақшасына сәйкес тиісті кезеңге мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыздар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын МЖӘ жобалары тізбесіне енгізілген МЖӘ жобалары бойынша беріледі.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекет кепілгерлігін беруді көздейтін МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасын (бұдан әрі – конкурстық құжаттама) келісу кезінде конкурстық құжаттаманы немесе МЖӘ жобасына бизнес-жоспарын (тікелей келіссөздер бойынша) әзірлеуші ұсынған мемлекет кепілгерлігінің көлемін және мемлекет кепілгерлігін берумен байланысты конкурстық құжаттаманың елеулі талаптарын келіседі.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган конкурстық құжаттаманы, МЖӘ жобасына бизнес-жоспарын (тікелей келіссөздер бойынша) келісудің нәтижелері бойынша мемлекет кепілгерлігінің көлемін көрсете отырып, кезекті қаржы жылының лимиті шегінде мемлекет кепілгерлігі берілуі мүмкін МЖӘ жобалары тізбесінің жобасын Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Жекеше әріптес қызметіне мемлекеттік қолдау көрсете отырып, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс өткізу, әлеуетті жекеше әріптеспен қызметіне мемлекеттік қолдау көрсете отырып, тікелей келіссөздер бойынша шарт жасасу, МЖӘ шарттарының шеңберінде инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігі Қазақстан Республикасы Үкіметі мемлекеттің кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыздар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын МЖӘ жобаларының тізбесі бекітілгеннен кейін жүзеге асырылады.

5. Мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыз қаражаты МЖӘ объектілерін міндетті түрде мемлекет меншігіне бере отырып, тек МЖӘ объектілерін құруға пайдаланылады.

Мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыз қаражатын кепілгерлік шартында көзделмеген мақсаттарға, сондай-ақ мемлекеттік органдарға кредит беру үшін пайдалануға жол берілмейді.

6. Мемлекет кепілгерліктері қазірдің өзінде тартылған қарыздарды қайта қаржыландыру ретінде немесе қарыздарға қызмет көрсету үшін, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын қайтаруды қамтамасыз ету ретінде тартылатын қарыздар бойынша беріле алмайды.

7. Мемлекеттік емес қарыз бойынша мемлекет кепілгерлігін бергені үшін қарыз алушыдан мемлекет кепілгерлігі сомасының екі пайызы мөлшерінде алдын ала біржолғы төлем (алым) алынады.

8. Әлеуетті жекеше әріптес (қарыз алушы) мемлекет кепілгерлігін алу үшін осы бұйрықпен бекітілген МЖӘ жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларына сәйкес МЖӘ шарттарының шеңберінде инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігін ұсынуды көздейтін конкурстық өтінімді конкурсты ұйымдастырушыға ұсынады.

Әлеуетті жекеше әріптес (қарыз алушы) тікелей келіссөздер бойынша мемлекет кепілгерлігін алу үшін осы бұйрықпен бекітілген МЖӘ жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларына сәйкес МЖӘ шарттарының шеңберінде инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігін ұсынуды көздейтін МЖӘ жобасына бизнес-жоспарын тікелей келіссөздерді ұйымдастырушыға ұсынады.

9. Қарыздар бойынша мемлекет кепілгерлігін алуға қарыз алушы ретіндегі үміткер тұлғаларға Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес мынадай талаптар қойылады:

1) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резиденті болуы;

2) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 229-бабының 2)-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейтін мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздың қайтарылуын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын сақтандыру шартының болуы;

3) тиісті саланың уәкілетті органының оң қорытындысының болуы;

4) МЖӘ жобасын қаржылық сараптау бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның оң қорытындысының болуы;

5) концессиялық өтінімге сараптаманың оң қорытындысының болуы не жекеше әріптесті айқындау туралы хаттаманың болуы;

6) мемлекет кепілгерлігімен не мемлекеттік кепілдіктерімен бұрын алынған, төлем мерзімдері басталған қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша берешегінің, сондай-ақ кредиторлар алдында өзге де мерзімі өткен берешегінің болмауы;

7) МЖӘ объектісінің құнына қатысты кемінде жиырма пайызды құрайтын меншікті капиталының болуы;

8) төлемақы төлеуге қабілетті болып табылуы, таратуға жатпауы, оның мүлкіне тыйым салынбауы, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрмауы тиіс;

9) тиісті кезеңге мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыздар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын МЖӘ жобаларының тізбесіне енгізілген жобалардың іске асырылуын жүзеге асыру.

2 тарау. Мемлекет кепілгерлігін беру үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына іріктеу жүргізу

10. Конкурсты немесе тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы МЖӘ жобасын және МЖӘ шартының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізудің қорытындылары бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және мемлекет кепілгерлігін беру процесіне қатысушылардың талаптарына сәйкес МЖӘ жобаларын қарау үшін талап етілетін мемлекет кепілгерлігін алуға үміткер әлеуетті қарыз алушының (конкурстық өтінімі үздік деп танылған жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысушының, тікелей келіссөздер бойынша әлеуетті жекеше әріптестің) құжаттамасын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

11. Конкурсты немесе тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы МЖӘ жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – ТЭН), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті сараптама қорытындыларын бергеннен кейін, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган МЖӘ жобасына қаржылық сараптама жүргізуді ұйымдастырып, екі ай ішінде тиісті қорытынды дайындап, конкурсты немесе тікелей келіссөздерді ұйымдастырушыға жібереді.

12. Конкурсты немесе тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы МЖӘ жобасының қаржылық сараптамасының оң қорытындысы негізінде МЖӘ жобасы бойынша ақпарат дайындайды және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді, ол мемлекет кепілгерлігін беру туралы мәселені Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

13. Қаржылық сараптаманың теріс қорытындысын алған кезде конкурсты немесе тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы осы бұйрықпен бекітілген МЖӘ жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларына сәйкес МЖӘ жобасын қаржыландырудың балама көздерін қарау мақсатында келіссөз жүргізу процесін қайта бастайды.

14. Республикалық бюджет комиссиясы жоспарланған кезеңге арналған мемлекет кепілгерлігін беру лимитінің немесе лимитінің көлемін ұлғайту

шегінде әрбір МЖӘ жобасы бойынша мемлекет кепілгерлігінің мөлшерін айқындайды.

15. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің хаттамасынан үзіндіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде конкурсты немесе тікелей келіссөздерді ұйымдастырушыға жібереді.

16. Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің негізінде МЖӘ шартының жобасын мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келіскеннен кейін, конкурсты немесе тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы тиісті шешім қабылдау үшін қаулы жобасын әзірлейді, мүдделі мемлекеттік органдармен келісіп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

17. Мемлекет кепілгерлігі:

1) МЖӘ шартын жасасқаннан;

2) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған республикалық бюджет қаражатының қайтарымдылығын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын сақтандыру шарты ресімделгеннен және ұсынылғаннан;

3) мемлекет кепілгерлігін бергені үшін қарыз алушының алдын ала біржолғы төлемақыны (алымды) төлегеннен кейін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген барлық қажетті талаптарды қанағаттандырған жағдайда, кепілгерлік шартын жасасу жолымен Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде беріледі.

Қарыз алушы МЖӘ шартын жасасқан күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде сақтандыру шартын жасасуы тиіс.

3 тарау. Мемлекет кепілгерліктерінің көлемін ұлғайту

18. Мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайту:

1) егер ведомстводан тыс кешенді сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты немесе тікелей келіссөздерді өткізген кезде ескерілмеген өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілсе және МЖӘ шартының тараптары осындай өзгерістің және (немесе) толықтырудың сомасына қосымша қаржыландыру туралы бірлескен шешім қабылдаса;

2) егер ұлғайту құрылыс жұмыстарының ұзақ мерзімділігіне және жобалау-сметалық құжаттамада ескерілмеген МЖӘ объектісі құрылысының құнына объективті, жекеше әріптеске тәуелді емес себептердің (форс-мажорлық мән-жайлар, инфляция, дағдарыс, салық саясатының өзгеруі және басқалары)

ықпал етуіне байланысты болса, МЖӘ жобасын қаржыландыру көлемін ұлғайту қажет болған жағдайларда Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Берілген мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайтудың міндетті шарттары:

1) жоспарланған кезеңге арналған мемлекет кепілгерліктерінің жалпы лимитінің болуы;

2) МЖӘ жобасының өзін-өзі өтеу экономикалық параметрлерінің сақталуы (оның ішінде болжамды кассалық айырмашылықтардың болмауы, таза келтірілген құнның оң көрсеткішінің болуы, МЖӘ жобасының ішкі кірістілігі нормасының сақталуы) және МЖӘ шартында көзделген қаржы ковенанттарының (қарыз алушының кейбір қаржылық көрсеткіштерді белгілі бір деңгейде ұстау міндеттемелері) орындалуы;

3) жекеше әріптес МЖӘ объектісін салуға (реконструкциялауға), құруға салатын меншікті қаражатының мөлшерін МЖӘ объектісі құрылысының ұлғаятын құнының кемінде 20 (жиырма) пайызын құрайтын мөлшерге дейін теңбе-тең ұлғайту;

4) мемлекет кепілгерлігі сақтандыру шарты ұсынылмастан берілген жағдайларды қоспағанда, мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайту сомасына мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген республикалық бюджет қаражатының қайтарымдылығын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын сақтандыру шартының сомасын ұлғайту болып табылады.

20. Жекеше әріптес МЖӘ объектісі құрылысының құнын ұлғайтуды көздейтін жобалау-сметалық құжаттаманы ведомстводан тыс кешенді сараптаудың оң қорытындысын алғаннан кейін МЖӘ жобасын қаржыландыру көлемін және мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайту қажеттілігінің ТЭН-ін әзірлейді және тиісті саланың уәкілетті органына сараптауға және табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға (табиғи монополиялар салаларында іске асырылатын МЖӘ жобасы бойынша) келісуге жібереді.

21. Тиісті саланың уәкілетті органының, табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның (табиғи монополиялар салаларында іске асырылатын МЖӘ жобасы бойынша) оң сараптамаларын алғаннан кейін жекеше әріптес, мыналарды:

1) тиісті саланың уәкілетті органының қорытындысын;

2) жобалау-сметалық құжаттаманы ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындысын немесе "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге сараптамалар қорытындыларын;

3) табиғи монополиялар салаларында іске асырылатын МЖӘ жобасы бойынша табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның келісу хатын;

4) мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайтудың негіздемесі болып табылатын басқа да құжаттарды қоса, МЖӘ жобасын қаржыландыру көлемін және мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайту қажеттілігінің ТЭН-ін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға сараптамаға жібереді.

22. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган МЖӘ жобасын қаржыландыру көлемін және мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайту қажеттілігінің ТЭН-ін сараптамадан өткізу үшін МЖӘ дамыту орталығын тартады.

МЖӘ дамыту орталығы сараптаманы құжаттар топтамасын алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

23. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысын алғаннан кейін жекеше әріптес Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес МЖӘ жобасы бойынша мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайтуды қарау үшін талап етілетін құжаттаманы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

24. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның МЖӘ жобасы бойынша мемлекет кепілгерлігі көлемін ұлғайтудың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның қаржылық сараптамасының оң қорытындысының негізінде кезекті қаржы жылы лимитінің шегінде МЖӘ жобасы бойынша мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайту туралы мәселені қалыптастырады және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

25. Республикалық бюджет комиссиясы мемлекет кепілгерлігін ұлғайту көлемін айқындайды.

26. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Республикалық бюджет комиссиясының шешімін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Республикалық бюджет комиссиясының шешімі хаттамасынан үзіндіні және қаржылық сараптама қорытындысының көшірмесін тиісті саланың уәкілетті органына (мемлекеттік әріптеске) жібереді.

27. Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің негізінде тиісті саланың уәкілетті органы (мемлекеттік әріптес) мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайту туралы тиісті шешім қабылдау үшін қаулы жобасын әзірлейді, мүдделі мемлекеттік органдармен келісіп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

28. Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде мемлекеттік әріптес қаржылық және экономикалық сараптаманың қорытындыларын ескере отырып, МЖӘ шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар жобасын

әзірлейді және оны мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдарға, сондай-ақ табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға (егер МЖӘ жобасы табиғи монополиялар салаларында іске асырылса) келісуге жібереді.

29. Мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың, сондай-ақ табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның (егер МЖӘ жобасы табиғи монополиялар салаларында іске асырылса) МЖӘ шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар жобасына келісімі алынғаннан кейін МЖӘ шартына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелуге жататын қосымша келісім жасалады.

30. МЖӘ шартына қосымша келісім жасалғаннан кейін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес кепілгерлік шартына қосымша келісім жасалады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 725 бұйрығына
4-қосымша

**Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын ерекше маңызы бар
мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына жатқызу өлшемшарттары**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.04.2022 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.11.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі - МЖӘ) жобасын жиынтығында ерекше маңызы бар МЖӘ жобасына жатқызу өлшемшарттары болып:

- 1) МЖӘ объектісінің техникалық күрделілігі;*
- 2) қоғамға бағытталуы (МЖӘ жобасын іске асыру арқылы қоғамдық мүддені қанағаттандыру);
- 3) МЖӘ жобасын республикалық меншікке немесе республикалық маңызы бар қалада республикалық маңызы бар қалалардың және астанада орналасқан және/немесе осы МЖӘ жобаларын іске асырудан экономикалық пайда алушылар екі және одан көп облыстардың жеңіл рельсті көлік желілерін салу бойынша коммуналдық меншікке жататын объектілер (қолданыстағы немесе салынуы болжанатын) бойынша жоспарланады;

4) МЖӨ объектісін құру, салу, реконструкциялау немесе күрделі жөндеу құны 4 000 000-нан астам айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Ескертпе:

*"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында сәйкес МЖӨ объектісінің құрылысы техникалық күрделілігі жауапкершіліктің бірінші деңгейі – жоғарыға жатқызылатын жағдайда.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 725 бұйрығына
5-қосымша

Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің түрлі кезеңдерінде туындайтын тәуекелдердің болжамды тізбесі

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Инвестициялық кезең	
Заңдық тәуекелдер	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӨ) шартын МЖӨ объектісін құру, салу, реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу жұмыстары басталғанға дейін бұзу
	МЖӨ шартын МЖӨ объектісін құру, салу, реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу жұмыстары басталғаннан кейін бұзу
	Мемлекеттік әріптестің жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін жеке меншіктен уақтылы алып қоймауы
	Жер учаскесін уақтылы бермеу
	Жер учаскесін уақтылы қабылдамау
	Қолданыстағы МЖӨ объектісін (мүлікті немесе мүліктік кешенді) уақтылы бермеу
	Қолданыстағы МЖӨ объектісін (мүлікті немесе мүліктік кешенді) уақтылы қабылдамау
	МЖӨ объектісін пайдалануға уақтылы енгізбеу
	МЖӨ объектісін құруға, салуға, реконструкциялауға, жаңғыртуға немесе күрделі жөндеуге рұқсат беретін және басқа да құжаттарды уақтылы алмау
	МЖӨ объектісін пайдалануға рұқсат беретін және өзге де құжаттарды уақтылы алмау
Инвестициялық кезеңнің басқа да заңдық тәуекелдері	

Коммерциялық тәуекелдер	Жекеше әріптестің банкроттығы
	Инвестициялық кезеңнің өзге де коммерциялық тәуекелдері
Әлеуметтік тәуекелдер	Жергілікті тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін бұзу және өзге де теріс ықпал ету
	МЖӘ объектісін құру, салу, реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу үшін жекеше әріптесте білікті кадрлардың жеткіліксіздігі
	Тұрғындар үшін қолайсыздық пен қауіптілік
	Персонал мен жұмысшылар тарапынан өндірістік жанжал (Қазақстан Республикасының еңбек кодексі н бұзу, жаппай жұмыстан босату, митингілер)
	Инвестициялық кезеңнің өзге де әлеуметтік тәуекелдері
Экономикалық тәуекелдер	Инвестициялық шығындардың ұлғаюы (МЖӘ объектісін құру, салу, реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу құны)
	Инвестициялық шығындардың төмендеуі (МЖӘ объектісін құру, салу, реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу құны)
	МЖӘ жобасының шарттарын нашарлатуы мүмкін валюта бағамының өзгеруі
	МЖӘ жобасының шарттарын жақсартуы мүмкін валюта бағамының өзгеруі
	Салық мөлшерлемелерінің артуы
	Салық мөлшерлемелерінің төмендеуі
	Инвестициялық кезеңнің өзге де экономикалық тәуекелдері
Техникалық тәуекелдер	Инвестициялық кезеңді ұлғайту
	Инвестициялық кезеңді қысқарту
	Объектінің сапасыз жобалануы (құрылыс нормаларына, ережелеріне, стандарттарына сәйкес келмеу)
	МЖӘ жобасының шарттарын нашарлатуы мүмкін жобалық шешімдердің өзгеруі
	МЖӘ жобасының шарттарын жақсартуға болатын жобалық шешімдердің өзгеруі
	Инженерлік коммуникацияларды уақтылы жүргізбеу
	Сапасыз жабдықты және (немесе) құрылыс материалдарын жеткізу
	МЖӘ объектісінің зақымдануы немесе жойылуы
	Инвестициялық кезеңдегі өзге де техникалық тәуекелдер
	МЖӘ объектісін құру, салу, реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу үшін қаржы ресурстарын тартпау немесе уақтылы тартпау

Қаржылық тәуекелдер	МЖӨ жобасының шарттарын нашарлатуы мүмкін капитал құнының (пайыздық мөлшерлеменің) өзгеруі
	Жоба шарттарын жақсартуы мүмкін капитал құнының (пайыздық мөлшерлеменің) өзгеруі
	Инвестициялық кезеңнің өзге де қаржылық тәуекелдері
Саяси тәуекелдер	Жобаның шарттарын нашарлатуы мүмкін Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер
	Жобаның шарттарын жақсартуы мүмкін Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер
	Инвестициялық кезеңнің өзге де саяси тәуекелдері
Экологиялық тәуекелдер	Экологиялық стандарттар мен нормаларға сәйкес келмеу
	Инвестициялық кезеңдегі өзге де экологиялық тәуекелдер
МЖӨ жобасының ерекшеліктеріне байланысты өзге де тәуекелдер	
Пайдалану кезеңі	
Заңдық тәуекелдер	МЖӨ объектісін пайдалануға бергеннен кейін МЖӨ шартын бұзу
	МЖӨ объектісін мемлекет меншігіне уақтылы қабылдамау
	МЖӨ объектісін кейіннен пайдалану үшін меншік және пайдалану құқықтарын уақтылы бермеу
	Инвестициялық кезеңнің өзге де заңдық тәуекелдері
Коммерциялық тәуекелдер	Тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге сұраныстың/тұтынудың төмендеуі
	Тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге сұраныстың/тұтынудың артуы
	Жобаның шарттарын нашарлатуы мүмкін тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер құнының өзгеруі
	Жобаның шарттарын жақсартуы мүмкін тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер құнының өзгеруі
	Объектінің пайдалануға қолжетімсіздігі
	Жекеше әріптестің шығындарын өтеу төлемдерін ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау
	Жекеше әріптестің банкроттығы
	Операциялық кезеңнің өзге де коммерциялық тәуекелдері
Әлеуметтік тәуекелдер	МЖӨ объектісін басқару үшін жекеше әріптесте білікті кадрлардың жеткіліксіздігі
	Тұрғындар үшін қолайсыздық пен қауіптілік
	Персонал мен жұмысшылар тарапынан өндірістік жанжал (Қазақстан Республикасының еңбек кодексі

	н бұзу, жұмыстан жаппай босату, митингілер және т.б.)
	Пайдалану кезеңінің өзге де әлеуметтік тәуекелдері
Экономикалық тәуекелдер	Операциялық шығындарды ұлғайту (пайдалану құны, МЖӘ объектісіне қызмет көрсету)
	Операциялық шығындарды қысқарту (пайдалану құны, МЖӘ объектісіне қызмет көрсету)
	Жобаның шарттарын нашарлатуы мүмкін валюта бағамының өзгеруі
	Жобаның шарттарын жақсартуы мүмкін валюта бағамының өзгеруі
	Салық мөлшерлемелерінің артуы
	Салық мөлшерлемелерінің төмендеуі
	Пайдалану кезеңінің өзге де экономикалық тәуекелдері
Техникалық тәуекелдер	Нормаларға, ережелерге, стандарттарға сәйкес келмеуі
	Жабдықтың ақауы немесе жұмыс істемеуі
	Сапасыз техникалық қызмет көрсету
	МЖӘ объектісінің зақымдануы немесе жойылуы
	Пайдалану кезеңінің өзге де техникалық тәуекелдері
Қаржылық тәуекелдер	МЖӘ жобасының шарттарын нашарлатуы мүмкін капитал құнының (пайыздық мөлшерлеменің) өзгеруі
	МЖӘ жобасының шарттарын жақсартуы мүмкін капитал құнының (пайыздық мөлшерлеменің) өзгеруі
	МЖӘ объектісіне зақым келген жағдайда сақтандырушының сақтандыру төлемінің мүмкін еместігі
	Пайдалану кезеңінің өзге де қаржылық тәуекелдері
Саяси тәуекелдер	Жобаның шарттарын нашарлатуы мүмкін Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер
	Жобаның шарттарын жақсартуы мүмкін Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер
	Пайдалану кезеңінің өзге де саяси тәуекелдері
Экологиялық тәуекелдер	Экологиялық стандарттар мен ережелерге сәйкес келмеу
	Пайдалану кезеңінің өзге де экологиялық тәуекелдері
МЖӘ жобасының ерекшеліктеріне байланысты өзге де тәуекелдер	

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 725 бұйрығына
6-қосымша

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптар

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.04.2022 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 154-3-бабының 8-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобасы техникалық-экономикалық негіздемесінің (бұдан әрі – ТЭН) құрылымы мен мазмұнын, сондай-ақ МЖӘ жобасы ТЭН-інің қажетті сараптамалар қорытындысына қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Осы Талаптарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) МЖӘ жобасының жүзеге асатындығы – жобаны әзірлеуші мемлекеттік орган айқындаған жекеше әріптестің ішкі кірістілік нормасының мөлшерлемесі бойынша жекеше әріптес пайдасының оң таза келтірілген құны көрсеткіштеріне қолжетімділігі;

2) МЖӘ жобасының орындылығы – жобаның Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі (іске асыру кезеңіне, қаржыландыру көздеріне және басқалары сәйкестігі) және/немесе МЖӘ жобасының ТЭН-інің мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы бар инвестициялық ұсынысқа сәйкестігі;

3) МЖӘ жобасының тиімділігі – жобаның бюджеттік тиімділігінің ең үздік нәтижесінің және МЖӘ жобасын іске асыру кезіндегі әлеуметтік-экономикалық әсердің оң нәтижесінің қолжетімділігі;

4) МЖӘ жобасының ТЭН-і – маркетингтік, техникалық-технологиялық, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық зерттеулердің нәтижелерін, сондай-ақ МЖӘ жобасын іске асырудың орындылығы мен мүмкіндігін негіздейтін институционалдық шешімдерді, қаржылық шешімдерді, МЖӘ жобасының қатысушылары арасында тәуекелдерді бағалау және бөлу, қажет болған жағдайда мемлекеттік қолдаудың түрлері мен көлемін айқындау, сондай-ақ жобаның мемлекеттік бюджетке әсері бойынша шешімдер және оны іске асыру кезінде экономиканы тұтастай алғанда және оның саласының дамуына әлеуметтік-экономикалық әсерін қамтитын жоба алдындағы құжаттама;

5) МЖӘ жобасы ТЭН-інің сараптамасы – жобаның жүзеге асатындығы мен іске асырылу тиімділігін айқындауға мүмкіндік беретін МЖӘ жобасының ТЭН-інде келтірілген экономикалық талдауды бағалау;

6) МЖӘ жобасы ТЭН-ін түзету – техникалық шешімдердің өзгеруіне және/немесе қосымша шығыстарға алып келетін бекітілген МЖӘ жобасының ТЭН-індегі жобаның техникалық-экономикалық параметрлерінің жобалық (жобалау-сметалық) құжаттамаларды бекіткенге дейінгі немесе бекітілген МЖӘ жобасының ТЭН-інде көзделмеген қосымша құрамдауыштарын енгізуге байланысты жобалық (жобалау-сметалық) құжаттама бекітілгеннен кейінгі өзгеруі.

2 тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге қойылатын талаптар

3. МЖӘ жобасының ТЭН-ін әзірлеу мақсаты жобаны іске асырудың оңтайлы нұсқасын әзірлеу болып табылады.

4. Кейіннен қажетті сараптамаларды жүргізе отырып, МЖӘ жобасының ТЭН-ін түзету техникалық шешімдерді өзгертуге және қосымша шығыстарға алып келетін МЖӘ жобасының белгіленген техникалық-экономикалық параметрлері өзгерген жағдайда жүргізіледі.

5. Құрамында сәулет, қала құрылысы және құрылыс шешімдері бар МЖӘ жобасының ТЭН-іне қойылатын талаптар осы Талаптарда және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын мемлекеттік нормативтерде айқындалады.

6. Әзірлеу немесе түзетудің нәтижелері бойынша МЖӘ жобасының ТЭН-і мынадай құрылымға сәйкес болады:

- 1) жобаның паспорты;
- 2) кіріспе;
- 3) институционалдық бөлім;
- 4) маркетингтік бөлім;
- 5) техникалық-технологиялық бөлім;
- 6) қаржылық бөлім;
- 7) әлеуметтік-экономикалық бөлім;
- 8) жобаның мемлекеттік бюджетке әсері;
- 9) тәуекелдерді бағалау және бөлу;
- 10) жоба бойынша тұжырымдар;
- 11) қосымшалар (қажет болған жағдайда).

7. МЖӘ жобасының ТЭН-інде жобаның ерекшелігіне байланысты қосымша бөлімдер мен қосымшаларды қосуға рұқсат етіледі.

8. Жобаның паспортында жоба туралы қысқаша ақпарат ашылады.

Жобаның паспорты мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) МЖӘ жобасының ТЭН-іне тапсырыс беруші мемлекеттік органның атауы;
- 2) МЖӘ жобасының ТЭН-ін әзірлеушінің атауы;
- 3) жобаның атауы;
- 4) жобаны іске асыру орны;
- 5) жобаның мақсаты мен міндеттері, оның ішінде сандық мәнде;
- 6) жобаның ауқымы;
- 7) жобаның қуаты;
- 8) жобаны іске асыру кезеңі;
- 9) объектіні салу кезеңі;
- 10) жекеше әріптестің объектіні пайдалану мерзімі;

11) МЖӘ жобасының ТЭН-і шеңберіндегі есептеулер үшін қабылданған, жобаның ұлттық валютадағы және шетел валютасындағы жоспарланған жалпы құны, оның ішінде:

инвестициялық шығыстар;

пайдалану шығыстар;

өзге де шығыстар;

12) МЖӘ жобасын қаржыландырудың болжамды көздері;

13) мемлекеттік қолдаудың болжамды түрлері мен мөлшерлері;

14) МЖӘ схемасы бойынша жобаны іске асырудан негізгі пайда алушылар.

9. "Кіріспе" деген бөлімде МЖӘ жобасын іске асыру арқылы шешу жоспарланатын саланың (өңірдің) проблемасы сипатталады, сондай-ақ осы проблеманы, оның ішінде технологиялық, институционалдық, қаржылық шешімдер бойынша шешудің балама нұсқалары көрсетіледі.

10. Институционалдық бөлімде жобаның тіршілік циклінің ішінде оны басқарудың ұсынылған оңтайлы схемасы, МЖӘ жобасының қатысушылары және олардың функциялары, олардың өзара іс-қимыл тәртібі сипатталады.

Сондай-ақ осы бөлімде институционалдық шешімдер бойынша МЖӘ жобасын іске асырудың балама нұсқаларына салыстырмалы талдау жүргізіледі.

11. Маркетингтік бөлім жобаны іске асыру нәтижесінде түзілетін өнімге (тауарларға/көрсетілетін қызметтерге) сұраныстың және өндірістің тұтыну факторларын ұсынудың қазіргі кездегі және болжамды (МЖӘ жобасын іске асыру кезеңіндегі) конъюнктурасын талдауды қамтиды.

Бөлім мыналарды қамтиды:

1) сұраныстың сандық параметрлерін, оның үрдістерін талдау және негіздеу немесе МЖӘ жобасы шеңберінде өндіру жоспарланған өнімге (тауарға/көрсетілетін қызметке) қажеттілікті бағалау;

2) тұтынушылардың санаттары бойынша саладағы (өңірдегі) ағымдағы жағдайды ескере отырып, жүргізілетін өнімнің (тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің) көлемін, түрлерін және бағаларын талдау;

3) жоба шеңберінде әлеуетті тұтынушылардың өнім (тауар/көрсетілетін қызмет) бірлігін сатып алуға (өнім бірлігі үшін төлеуге) дайындығын және мүмкіндігін талдау;

4) өнім (көрсетілетін қызмет) бірлігі үшін белгілі қолайлы (әлеуметтік әділ) бағаны талдау және негіздеу;

5) тұтынушылардың санаттары бойынша МЖӘ жобасын іске асыру нәтижесінде өндірілетін өнімнің (тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің) көлемін, түрлерін және бағаларын талдау;

6) МЖӘ жобасын іске асыру үшін қажетті шикізаттар, материалдар, жабдықтар нарығын талдау, оның ішінде өндірушілер мен жеткізушілер, бағалар, сапа және өнімді жеткізу шарттары бойынша салыстырмалы талдау;

7) инвестициялық, сондай-ақ инвестициядан кейінгі кезеңде жобаның тиісті біліктілігі бар мамандармен қамтамасыз етілуін талдау, сондай-ақ қажет болған жағдайда, шетелдік мамандарды тарту негіздемесі.

Әрбір кіші бөлімде пайдаланылатын ақпарат көздері және өткізілген маркетингтік зерттеу бойынша есеп қоса берілген маркетингтік зерттеулер жүргізу әдістемелері көрсетіледі.

12. Техникалық-технологиялық бөлім МЖӘ жобасының ТЭН-і шеңберінде қабылданған, жобаның параметрлері мен құрамдауыштарын айқындайтын, жобаны іске асырудың техникалық-технологиялық шешімдерін қамтиды.

Бөлім мыналарды қамтиды:

1) жобаны іске асырудың таңдалған оңтайлы нұсқасының негіздемесімен техникалық-технологиялық шешімдердің сипаттамасы және салыстырмалы талдауы;

2) шикізатты, материалдарды, жабдықтарды әлеуетті жеткізушілердің көздері мен орналасқан жерлеріне, өнімді (тауарларды/көрсетілетін қызметтерді) тұтынушыларға және өңірдің географиялық ерекшеліктерін ескере отырып көлік магистральдарына жақындығына қатысты жобаның іске асырылу орнының негіздемесі;

3) қабылданған техникалық-технологиялық шешімдерді ескере отырып жобаның қуатының есептік негіздемесі;

4) жобаны іске асыру болжанатын өңірдің инфрақұрылымына жобаның әсерін бағалау;

5) таңдалған жобалық жабдықтың негіздемесі, оның ішінде бұрыннан пайдаланылып жүрген жабдықпен технологиялық үйлесімдігі (егер бұл жобаны іске асыру шеңберінде болжанатын болса), "баға-сапа" оңтайлы арақатынасы,

жабдықты таңдау бойынша балама нұсқалар, инновациялық жабдықты қолдану, ноу-хауды пайдалану, жобада сапа стандарттарын пайдалану, жобаға қойылатын техникалық және технологиялық талаптарды белгілейтін нормативтік құжаттар;

6) еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы нормалары;

7) қолда бар көлік кіреберістері мен құралдарын, энергиямен, жылумен, сумен жабдықтауды және кәрізді ескере отырып, жобаны іске асырудың инженерлік құрылыстармен қамтамасыз етілуі, сондай-ақ қоймалық үй-жайлармен қамтамасыз етілуі;

8) жоба бойынша уақыт ішіндегі іс-шаралардың бірізділігі мен ұзақтығы графикалық түрде көрсетілген, МЖӘ-ға беруге ұсынылатын объектіні құру/реконструкциялау мерзімін, оны іске асыру жылдары бойынша және технологиялық кезеңдері бойынша пайдалану мерзімін көрсететін жобаны іске асыру кестесі (жоспар-кесте).

Жоба бойынша техникалық-технологиялық шешімдерді таңдау кезінде, бірінші кезекте, экологияға теріс әсері ең төмен және жобаны іске асырудан барынша жоғары әлеуметтік-экономикалық әсер беретін шешімдер таңдалады.

13. МЖӘ жобасының ТЭН-інде қоршаған ортаға әсерді бағалау Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес орындалады.

14. Қаржылық бөлімде жобаны қаржыландырудың балама схемаларын және көздерін ескере отырып, қаржылық пайданы және шығындарды, жобаның іске асырылуына инфляцияның әсерін талдау, жобаның қаржылық тиімділігін бағалау жүргізіледі, МЖӘ жобасының ТЭН-і шеңберінде қабылданған қаржылық шешімдер ашылады.

Бұл бөлім мыналарды қамтиды:

1) жалпы инвестициялық шығыстардың есептеуі;

2) пайдалану шығыстарының есептеуі (өндірістік шығыстарды, ұстауға арналған ағымдағы шығыстар);

3) өнімнің (тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құнының, тауарларды өткізу бағаларының (көрсетілетін қызметтер тарифтерінің) есептеуі;

4) сатудан түсетін кірістердің есептеуі;

5) ақша қаражаты ағынының есептеуі;

6) бөлінбеген және таза пайда есептеуі;

7) инфляцияның, валюта бағамының есебі, дисконт нормасының және тәуекелдер түзетулерінің анықтамасы;

8) ең аз шығындардың талдауы;

9) ең көп пайданың талдауы;

10) дисконттау әдістерінің көмегімен жобаны талдау, оның ішінде таза келтірілген құнның есептеуін (Net Present Value – NPV), кірістіліктің ішкі

нормасын (Internal Rate of Return, IRR), дисконтталатын пайдалар мен шығындардың, өтімділіктің дисконтталатын мерзімінің қатынасын талдау;

11) жобаны қаржыландыру үшін қарыз қаражатын тартудың қолайлы параметрлерін айқындау;

12) пайдалану шығыстарын мұндай шығыстарды кім және қашан қаржыландыратынын айқындай отырып, қаржыландыру көздері;

13) жобаның үлестік қаржылық тиімділігінің, ағымдағы төлемге қабілеттілігінің, қаржылық тетігінің, борыштың қамтамасыз етілуінің, капиталдың кірістілігінің есебі;

14) жобаның сезімталдығын талдау және шығынсыздық шекарасын есептеу.

Бөлімде формулалар мен қабылданған жорамалдар көрсетіле отырып, көрсеткіштерді есептеу тәртібі ашылады. Деректер мен есептеулер тиісті түсініктемелері бар кестелер, графиктер, диаграммалар түрінде беріледі.

Сандық және сапалық көрсеткіштер өзара байланысқан болуы тиіс және экономикалық аяқталған қорытындылары бар салыстырмалы кестелерде көрсетілген болуы тиіс. Талдау математикалық үлгілерді және халықаралық тәжірибені ескере отырып, эмпирикалық көрсеткіштерді пайдалана отырып, негізделген есептеулер негізінде жүргізілуі тиіс.

15. Әлеуметтік-экономикалық бөлім осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау әдістемесіне сәйкес әлеуметтік-экономикалық тиімділікті бағалауды көрсетеді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. "Жобаның мемлекеттік бюджетке әсері" деген бөлімде мыналар көрсетіледі:

1) жекеше әріптес қызметін қолдау үшін көрсетілуі жоспарланған мемлекеттік қолдау түрлері мен мөлшерлері, олардың есептеулері және негіздемесі;

2) жобаны іске асыру жылдары бойынша мемлекеттік бюджетке (республикалық немесе жергілікті) түсетін жүктемені есептеу;

3) МЖӘ объектісін пайдалану кезінде мемлекеттік бюджетке түсуі жоспарланған салықтық түсімдер;

4) таза бюджеттік пайданың, бюджеттік таза келтірілген кірістің (мемлекеттік бюджеттің NPV-сі), кірістіліктің бюджеттік ішкі нормасының (мемлекеттік бюджеттің IRR-і) көрсеткіштерін есептеу;

5) МЖӘ жобасының тиімді мерзімін айқындау;

6) МЖӘ схемасы бойынша жобаны іске асырудың, жобаны тек мемлекеттің бюджет қаражаты есебінен және мемлекеттік қарыздар есебінен қаржыландырудың салыстырмалы талдауы.

17. "Тәуекелдерді бағалау және бөлу" бөлімінде жобаны іске асыру кезінде, оның ішінде МЖӘ объектісін құру, салу, реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу және оны пайдалану кезеңінде туындауы мүмкін тәуекелдер сипатталады.

Бұл бөлім мыналарды:

1) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тәуекелдерін бөлу және бағалау әдістемесіне сәйкес МЖӘ жобасының тәуекелдерін бөлу мен бағалауды талдауды;

2) белгісіздік жағдайындағы талдау, оның ішінде негізгі параметрлер (өткізу көлемі, өткізу бағасы, тікелей шығасылар) бойынша сезімталдықты талдау, оның ішінде параметрдің өзгеруінің шекті жол берілетін мәндерін айқындау.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. "Жоба бойынша тұжырымдар" деген бөлімде мыналар сипатталады:

1) жоба бойынша негізгі артықшылықтар мен кемшіліктер;

2) жобаны іске асырудың оңтайлы нұсқасы;

3) жоба бойынша сыни тәуекелдер және оларды төмендету бойынша шаралар

19. МЖӘ жобасының ТЭН-і МЖӘ жобасының ТЭН-інде келтірілген ақпаратты растайтын және ашатын кестелерден, диаграммалардан, суреттерден, жергілікті жердің карталарынан, сондай-ақ барлық ашылатын формулаларымен Excel форматындағы электрондық нұсқада ұсынылатын, МЖӘ жобасының ТЭН-інде жобаны іске асырудың қарастырылатын нұсқаларының (жобаны қаржыландыру көздері бойынша) әрқайсысы бойынша қаржылық-экономикалық үлгілерден тұратын қосымшаны қамтиды.

20. МЖӘ жобасының ТЭН-дері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға қағаз және электрондық жеткізгіштерде, оның ерекшелігіне байланысты тиісті оң сараптамаларын, атап айтқанда:

1) осы бұйрықпен бекітілген МЖӘ жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларының 132-тармағының 1)-тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, ведомстводан тыс кешенді сараптаманы;

2) тиісті саланың уәкілетті органының сараптамасын;

3) "Қазақстан Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес мемлекеттік кепілдік берілген жағдайда, банктік сараптаманы;

4) қажет болған жағдайда мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы қоса бере отырып, жіберіледі.

Жобаның ерекшелігіне байланысты МЖӘ жобалары бойынша мынадай бастапқы құжаттар талап етіледі:

1) осы бұйрықпен бекітілген МЖӘ жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларының 132-тармағының 1)-тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, құрылыс қызметін көздейтіндерге МЖӘ жобасының ТЭН-іне салалық, ведомстводан тыс кешенді сараптамалардың қорытындылары, сондай-ақ МЖӘ жобасының ТЭН-ін әзірлеуге берілген тапсырмаға қоса берілетін құжаттардың көшірмелері, оның ішінде техникалық шарттар, жаңа объектілер салуды көздейтін жобалар бойынша жер учаскелерін бөлу туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімдері (қажет болған жағдайда жер учаскелерінің иелері мен жер пайдаланушылардың залалдарының, алынатын алқаптардың түріне байланысты ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісінің шығындарының есептеулерін қоса бере отырып) және қолданыстағы объектілерді реконструкциялауды көздейтін жобалар бойынша жылжымайтын мүлікке тиісті құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері талап етіледі;

2) инновациялық қызметті көздейтіндерге салалық және мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамалардың қорытындылары талап етіледі.

МЖӘ жобасының ТЭН-ін түзету кезінде осы тармақта көрсетілген құжаттарға қосымша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға мына құжаттар ұсынылады:

1) мемлекеттік органның бірінші басшысы не оның орынбасары не ол уәкілеттік берген тұлға қол қойған тиісті салыстырмалы кестені қоса бере отырып, өзгеруі болжамданған техникалық шешімдер және/немесе қосымша шығыстарды немесе МЖӘ жобасының ТЭН-і бойынша енгізілетін қосымша құрамдауыштарды көрсете отырып, өтінім беруші мемлекеттік органның бірінші басшысы не оның орынбасары не ол уәкілеттік берген тұлға қол қойған өтінім-хат;

2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысын алған кезде бұдан бұрын қарастырылған сараптама қорытындылары мен МЖӘ жобасының ТЭН-і бойынша құжаттар (бастапқы бекітілген ТЭН бойынша).

3 тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының техникалық-экономикалық негіздемесінің сараптамасына қойылатын талаптар

21. МЖӘ дамыту орталығы конкурстық құжаттаманың сараптамасы шеңберінде МЖӘ жобасының ТЭН-ін бағалауды жүзеге асырады (егер бар болса).

Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерге, оның ішінде оның құрамындағы МЖӨ жобасының ТЭН-іне қажетті сараптамаларды қамтамасыз етеді.

МЖӨ жобасының ТЭН-іне сараптама жүргізу кезінде ерекшелігіне қарай Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да қажетті сараптамалар талап етілуі мүмкін.

Егер конкурсқа қатысушы конкурсты ұйымдастырушының ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысы бар ТЭН-інде көзделген техникалық–технологиялық және экологиялық шешімдерді қабылдаған жағдайда , ТЭН ведомстводан тыс кешенді сараптама өтуді талап етпейді.

22. Құрылыс саласындағы МЖӨ жобасының ТЭН-і бойынша жобалардың ведомстводан тыс кешенді сараптамасы "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 64-4-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік сараптау ұйымымен жүзеге асырылады.

23. Құрамында сәулет, қала құрылысы және құрылыс шешімдері бар МЖӨ жобасы ТЭН-інің сараптамасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын мемлекеттік нормативтерде айқындалады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 725 бұйрығына
7-қосымша

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін құру және (немесе) реконструкциялау құнын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілерін мемлекеттік қолдау мен шығындарын өтеу көздерінің жиынтық құнын айқындау әдістемесі

Ескерту. Бұйрық әдістемемен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 27.02.2018 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жана редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.11.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін құру және (немесе) реконструкциялау құнын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілерін

мемлекеттік қолдау мен шығындарын өтеу көздерінің жиынтық құнын айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 27-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) объектісін құру (оның ішінде салу), реконструкциялау, жаңғырту және күрделі жөндеу құнын, операциялық шығындарды, сондай-ақ жекеше әріптестік мемлекеттік қолдау мөлшерін, шығындарын өтеу және кірістер алу көздерін айқындау мақсатында МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік қолдаудың болжамды мөлшерін, шығындарды өтеу және кірістер алу көздерін есептеуге қойылатын бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

2. МЖӘ объектісін құру (оның ішінде салу), реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу құны осы Әдістеменің 2-тарауына сәйкес есептелген инвестициялардың болжамды мөлшері ретінде айқындалады.

3. Әдістемеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

мемлекеттік қолдау – Заңның 27-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген МЖӘ-ні мемлекеттік қолдау түрлері;

МЖӘ субъектілерінің шығындарын өтеу көздері – Заңның 1-бабының 4), 9), 10) тармақшаларында және 9-бабының 2-тармағында көзделген бюджет қаражаты есебінен ақшалай төлемдер.

Осы Әдістемеде пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар қолданыстағы заңнамаға сәйкес қолданылады.

4. Мемлекеттік қолдаудың болжамды мөлшерін, МЖӘ жобасы бойынша шығындарды өтеу және кірістер алу көздерін есептеу қаржы-экономикалық модельді (бұдан әрі – ҚЭМ) пайдалана отырып жүргізіледі. Мемлекеттік қолдаудың оңтайлы деңгейін, шығындарды өтеу және кірістер алу көздерін айқындау мақсатында ҚЭМ-нің екі нұсқасы, атап айтқанда базалық ҚЭМ және кеңейтілген ҚЭМ әзірленеді.

5. Базалық ҚЭМ-ді әзірлеу кезінде:

жоба мемлекеттік қолдау және шығындарды өтеу көздері болмаған кезде жүзеге асырылады;

жоба МЖӘ объектісін пайдалану процесінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді іске асыруды, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тапсырысты орындауды көздейді;

жоба қарыз алудың нарықтық құны (пайыздық мөлшерлеме) бойынша коммерциялық көздерден ғана қаржыландырылады;

қаржылық қолдау шаралары берілмейді деген болжам пайдаланылады.

Базалық ҚЭМ шеңберінде қаржылық қолдау шараларын ескерусіз жобаның таза келтірілген құны (бұдан әрі – базалық NPV) есептеледі.

Егер жобаның базалық NPV теріс болса, МЖӘ жобасының коммерциялық тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Заңның талаптарын, МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің белгіленген лимиттерін, пайда мен шығындардың арақатынасын, МЖӘ жобасының институционалдық схемасын және басқа да ерекшеліктерін сақтай отырып, базалық ҚЭМ-ге мемлекеттік қолдау шараларын, шығындарды өтеу және кірістер алу көздерін енгізу жолымен кеңейтілген ҚЭМ әзірленеді.

6. МЖӘ жобасы бойынша ішкі кірістілік нормасының (IRR) жол берілетін шекті мөлшері жеке әріптестің шығындарды өтеуі және кірістер алуы мемлекеттік әріптестің төлемдерімен өтелетін МЖӘ жобалары үшін дисконттау мөлшерлемесіне + (плюс) 3 (үш) пайыздық тармаққа тең немесе жеке серіктестің шығындарын өтеудің және кірістер алуының 50 (елу) пайыздан астамы тұтынушылардан алынатын төлеммен қамтамасыз етілетін МЖӘ жобалары үшін дисконттау мөлшерлемесіне + (плюс) 5 (бес) пайыздық тармаққа тең.

МЖӘ жобасының таза келтірілген құнының көрсеткіші (NPV) теріс мәнге ие бола алмайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша инвестициялық және операциялық шығындардың болжамды мөлшерін айқындау 1-параграф.
Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін құру (оның ішінде салу), реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу кезінде инвестициялардың болжамды мөлшерін есептеу

7. МЖӘ жобасын жоспарлау кезеңінде МЖӘ объектісін құру (оның ішінде салу), реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу кезіндегі инвестициялардың болжамды көлемі жекеше әріптестің барлық шығындарының сомасы ретінде айқындалады:

$I = \sum_{t=1}^n C_t, (1)$, мұнда:

I – МЖӘ объектісін құру (оның ішінде салу), реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу кезіндегі инвестициялардың болжамды мөлшері;

t – МЖӘ объектісін құру (оның ішінде салу), реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу кезеңі (жылы);

n – МЖӘ объектісін құру (оның ішінде салу), реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеудің ұзақтығы;

C_t – t кезеңінде жекеше әріптестің МЖӘ объектісін құруға (оның ішінде салуға), реконструкциялауға, жаңғыртуға немесе күрделі жөндеуге жұмсалған барлық шығындарының жиынтық мөлшері;

$$C_t = C_{t\text{крж}} + C_{t\text{жк}} + C_{t\text{сый}} + C_{t\text{сак}} + C_{t\text{баска}}, (2), \text{ мұнда:}$$

1) $C_{t\text{крж}}$ – t кезеңінде МЖӘ объектісін салуға жұмсалған шығыстар:

алдағы күнтізбелік жылға (дарға) жоспарланатын МЖӘ объектісін салуға, реконструкциялауға, жаңғыртуға немесе күрделі жөндеуге арналған шығыстар баға белгілеу және сметалар жөніндегі нормативтік құжаттарға (Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер) сәйкес ағымдағы бағалардан алдағы кезеңдердің бағаларына өтуге арналған коэффициенттер арқылы алдағы кезеңдердің шығыстарын индекстей отырып, инвестициялар көлемін күнтізбелік жылдар бойынша бөлу жолымен анықталады;

ғимараттар мен құрылыстар салу құнының ірілендірілген көрсеткіштері, конструктивтердің көлемі туралы жобалық деректер, сондай-ақ ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысы бар өзекті техникалық-экономикалық негіздеме (бұдан әрі – ТЭН) немесе жобалық-сметалық құжаттама (бұдан әрі – ЖСҚ) болмаған кезде мына формулаға сәйкес анықталады:

$$C_{t\text{крж}} = \sum_{i=1}^m \sum_{t=1}^n (S_i * \Delta C_{i\text{ұқ}} * K_{i\text{ұқ}} + P_{i\text{нег}}), (3), \text{ мұнда:}$$

Δ

$C_{i\text{ұқ}}$ – кешенді ведомстводан тыс сараптаманың қорытындысы бар ТЭН-ге немесе ЖСҚ-ға сәйкес кемінде 3 (үш) ұқсас объектінің негізінде i -ші объектінің қуат бірлігіне шаққандағы құрылыс құнының орташа мәні;

S_i – МЖӘ объектісінің құрамындағы i -ші ұқсас объектінің қуаты;

i – МЖӘ объектісінің құрамындағы ұқсас объект;

m – конструктивтер саны;

n – МЖӘ объектісінің құрамындағы ұқсас объектілердің саны;

$K_{i\text{ұқ}}$ – i -ші ұқсас объектінің құрылыс құнын ағымдағы бағаларға келтіру коэффициенті;

$P_{i \text{ нег}}$ – құн жөніндегі ақпарат көздерін (коммерциялық ұсыныстар, сілтемелер) келтіре отырып, i -ші объектіні қажетті жасақтау, оның ішінде жабдықтар, жиһаздар және құрал-саймандар құны;

ғимараттар мен құрылыстарды (денсаулық сақтау және білім беру) салу құнының ірілендірілген көрсеткіштері болған кезде мына формулаға сәйкес анықталады:

$$C_{t \text{ кржк}} = \sum_{t=1}^n (C_{ap_i} * C_{i \text{ жк}} + P_{\text{жарақ}} + C_{\text{іске қосу}}), \quad (4), \text{ мұнда:}$$

C_{ap_i} – МЖӨ объектісінің құрамындағы i -ші объектінің қуаты;

$C_{i \text{ жк}}$ – ағымдағы баға деңгейінде нақты өңір үшін i -ші объектінің қуат бірлігіне шаққандағы құрылыстың (оның ішінде жабдықтардың, жиһаздардың және құрал-саймандардың) құны;

$P_{\text{жарақ}}$ – қосымша жарақтандыру құны нарықтың ұсынылған коммерциялық ұсыныстарына сәйкес айқындалады;

$C_{\text{іске қосу}}$ – іске қосу-реттеу жұмыстарына арналған шығыстар жабдық пен қосымша жарақтандыру құнының 1 (бір) пайызы мөлшерінде қабылданады;

n – МЖӨ объектісінің құрамындағы объектілердің саны;

i – МЖӨ объектісінің құрамындағы объект.

конструктивтер мен жұмыс түрлерінің сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштері болған кезде мына формулаға сәйкес анықталады:

$$C_{t \text{ кржк}} = \sum_{t=1}^n (Vol_i * C_{i \text{ жк}} + P_{\text{жарақ}}) + C_{\text{іске қосу}} + C_{\text{инж}} + C_{\text{жоба}} + C_{\text{пайд}}, \quad (5), \text{ мұнда:}$$

Vol_i – i -ші конструктивтің/жұмыс түрінің көлемі;

$C_{i \text{ жк}}$ – ағымдағы баға деңгейінде нақты өңір үшін i -ші конструктив/жұмыс түрі көлемінің бірлігіне шаққанда конструктивтің/жұмыс түрі сметалық құны;

$P_{\text{жарақ}}$ – қосымша жарақтандыру құны нарықтың ұсынылған коммерциялық ұсыныстарына сәйкес айқындалады;

$C_{\text{іске қосу}}$ – іске қосу-реттеу жұмыстарына арналған шығыстар жабдық пен қосымша жарақтандыру құнының 1 (бір) пайызы мөлшерінде қабылданады;

$C_{\text{инж}}$ – инжинирингтік көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстар;

$$C_{t \text{ инж}} = C_{t \text{ басқ}} + C_{t \text{ тех}} + C_{t \text{ авт}}, \quad (6), \text{ мұнда:}$$

$C_{t \text{ басқ}}$ – жобаны басқаруға арналған шығыстар;

$$C_{t \text{ басқ}} = C_{t \text{ қржк}} * SC_{t \text{ басқ}}, (7), \text{ мұнда:}$$

$SC_{t \text{ басқ}}$ – жобаны басқаруға арналған шығыстардың нормативі;

$C_{t \text{ тех}}$ – техникалық қадағалауды жүзеге асыруға арналған шығыстар;

$$C_{t \text{ тех}} = C_{t \text{ қржк}} * SC_{t \text{ тех}}, (8), \text{ мұнда:}$$

$SC_{t \text{ тех}}$ – техникалық қадағалауды жүзеге асыруға арналған шығыстардың нормативі;

$C_{t \text{ авт}}$ – авторлық қадағалауды жүзеге асыруға арналған шығыстар;

$$C_{t \text{ авт}} = C_{t \text{ қржк}} * SC_{t \text{ авт}}, (9), \text{ мұнда:}$$

$SC_{t \text{ авт}}$ – авторлық қадағалауды жүзеге асыруға арналған шығыстардың нормативі;

Шығыстар нормативтерінің мөлшері осы Әдістемеге 1-қосымшада келтірілген.

$C_{\text{жоба}}$ – жобалау жұмыстарына арналған шығыстар;

$$C_{\text{жоба}} = (a + b * X) * \prod k_i * k_{1(2)}, (10), \text{ мұнда:}$$

a және b – жобаланатын объектінің негізгі көрсеткішінің белгілі бір интервалына арналған мың теңгемен берілген тұрақты шамалар;

X – жобаланатын объектінің негізгі көрсеткіші: қуат, өнімділік (өндірістік объектілер үшін), ұзындық (желілік объектілер үшін), сыйымдылық, аудан және басқа көрсеткіштер;

$\prod k_i$ – мәндері құрылысқа арналған жобалау жұмыстарының құнын айқындау жөніндегі нормативтік құжатта, құрылысқа арналған жобалау жұмыстарының бағалар жинағында келтірілген жобалау шарттары мен жобалауды күрделілендіретін (жеңілдететін) факторлардың әсерін ескеретін дұрыстау (түзету) коэффициенттерінің туындысы;

$k_{1(2)}$ – кезеңділік коэффициенті: k_1 – жобаны әзірлеу құнының жұмыс құжаттамасын әзірлеу құнына қатынасы және k_2 – жұмыс жобасын әзірлеу құнының жұмыс құжаттамасын әзірлеу құнына қатынасы.

$a, b, k_{1(2)}$ мәндері құрылысқа арналған жобалау жұмыстары бағаларының жинағы бөлімдерінің кестелерінде келтірілген.

$C_{\text{сар}}$ – жобаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған шығыстар;

$$C_{\text{сар}} = C_{\text{жоба}} * k_{\text{св}}, \text{ (11), мұнда:}$$

$k_{\text{св}}$ – осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес мәндер бойынша айқындалатын сараптамалық верификациялау коэффициенті;

n – МЖӨ объектісінің құрамындағы конструктивтердің/жұмыс түрлерінің саны;

i – МЖӨ объектісінің құрамындағы конструктив/жұмыс түрі;

$C_{t \text{ кржк}}$ – кешенді ведомстводан тыс сараптаманың қорытындысы бар өзекті ТЭН немесе ЖСҚ болмаған кезде МЖӨ объектісін реконструкциялауға, жаңғыртуға немесе күрделі жөндеуге арналған t кезеңіндегі шығыстар объектіні техникалық зерттеу бойынша сараптамалық қорытындыда белгіленген жұмыстардың құрамы мен көлемі және реконструкциялау немесе жаңғырту құнының алдын ала есептемесі негізінде айқындалады.

$C_{t \text{ кржк}}$ – инновациялық немесе ғылыми қызметті болжайтын МЖӨ жобаларындағы t кезеңіндегі шығыстар салалық заңнамаға сәйкес айқындалады;

кешенді ведомстводан тыс сараптаманың қорытындысы бар өзекті ТЭН немесе ЖСҚ болған кезде МЖӨ объектісін құруға (оның ішінде салуға, реконструкциялауға, жаңғыртуға немесе күрделі жөндеуге) арналған шығыстар жиынтық сметалық құнға сәйкес айқындалады.

Қосылған құн салығы осы тармақшада көрсетілген есептемелерге қосымша есептеледі және ескеріледі.

2) C_t бас – МЖӨ объектісін құру (оның ішінде салу), реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу кезеңінде мына формулаға сәйкес айқындалатын компанияны басқаруға арналған t кезеңіндегі шығыстар:

$$C_{t \text{ бас}} = P_{t \text{ жал}} + C_{t \text{ перс}} + C_{t \text{ сакт}} + C_{t \text{ ағым}} + C_{t \text{ сал}}, \text{ (12), мұнда:}$$

$P_{t \text{ жал}}$ – МЖӨ жобасын іске асыруға тартылған әкімшілік-басқару персоналы үшін үй-жайларды жалға алуға және/немесе ұстауға арналған шығыстар;

C_t перс – ақпарат көзіне тиісті сілтемелерді көрсете отырып, орташа нарықтық көрсеткіштерге сәйкес еңбекақы төлеу шығыстары, іссапар шығыстары, МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде тартылған әкімшілік-басқару персоналын оқыту іс-шаралары;

C_t сақ – компанияны басқару жөніндегі қызметпен байланысты сақтандыру шығыстары;

C_t ағым – жекеше әріптестің ағымдағы шығыстары (банктік көрсетілетін қызметтер, байланыс қызметтері, күзет қызметі);

C_t сал – салық шығыстары;

3) C_t сый – мына формулаға сәйкес айқындалатын t кезеңіндегі сыйақы шығыстары:

$$C_{t \text{ сый}} = R_{t \text{ қар}} + R_{t \text{ облиг}} + ED_t + C_{\text{өтін}}, \quad (13), \text{ мұнда:}$$

$R_{t \text{ қар}}$ – қарыз капиталы нарығында қалыптасқан, нарықтық сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептелген тартылатын қарыздар бойынша есепке жазылатын сыйақы.

Қазақстан Республикасының қарыз капиталы нарығына инвестициялар тартылған жағдайда қарыздар бойынша сыйақыларды төлеуге арналған шығыстар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсының (<http://www.nationalbank.kz>) "Статистика" бөлімінде статистикалық бюллетеньде соңғы есепті күндегі жағдай бойынша орналастырылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің берілген кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі (орташа алынған) жөніндегі статистика деректері негізінде айқындалады; шетелдік капиталды тарту кезінде – сыйақылар төлеу бойынша шығыстар LIBOR (London Interbank Offered Rate – Лондон банкаралық нарығында әртүрлі валюталарда және әртүрлі мерзімге қаражат ұсынатын банктер беретін банкаралық кредиттер бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме, бұдан әрі – LIBOR) мөлшерлемесін және қарыз капиталы нарығында белгіленген нарықтық сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептелетін маржа ескеріле отырып есептеледі;

$R_{t \text{ облиг}}$ – әлеуметтік-экономикалық дамудың тиісті мақұлданған болжамына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында (<http://economy.gov.kz>) орналастырылған бюджет параметрлеріне және сәйкес есептеулер кезінде облигациялардың бүкіл айналым мерзімі кезінде қолданылатын тіркелген маржаға сәйкес есептеулер кезінде ҚЭМ-де болжанатын инфляция деңгейі (тұтыну бағалары) ретінде айқындалатын МЖӘ объектісін құру (оның ішінде салу), реконструкциялау немесе жаңғырту кезеңінде инфрақұрылымдық облигациялар (қажет болса оларды шығару) бойынша есептелетін сыйақы;

EDt – әлеуметтік-экономикалық дамудың тиісті мақұлданған болжамына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында (<http://economy.gov.kz>) орналастырылған бюджет параметрлеріне сәйкес шетел валютасындағы кредиттер бойынша бағамдық айырмашылықтар;

Сөтін – кредиттік өтінімді қарауға арналған шығыстар;

4) C_t сақ – сақтандыру қызметтерінің нарығын зерттеу нәтижелері бойынша сақтандыру қызметтерінің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигациялар (қажет болса оларды шығару) бойынша мемлекет кепілгерлігімен сақтандыруды қоса алғанда, МЖӘ объектісін құруға (оның ішінде салуға), реконструкциялауға, жаңғыртуға немесе күрделі жөндеуге байланысты t кезеңінде барлық сақтандыру түрлеріне арналған шығыстар;

5) C_t басқ – мына формулаға сәйкес айқындалатын t кезеңіндегі t кезеңіндегі өзге де шығыстар:

$$C_t \text{ басқ} = C_t \text{ тар} + C_t \text{ облиг} + C_t \text{ ком} + C_t \text{ лиц} + C_t \text{ бюд} + C_t \text{ ауд} + C_t \text{ т.б.}, (14), \text{ мұнда:}$$

C_t тар – KazPrime индикаторын (KazPrime индикаторы қазақстандық банкаралық депозиттер нарығында ақшаны орналастыру мөлшерлемесінің орташа мәнін көрсетеді) қалыптастыру туралы KASE келісіміне ("Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының ресми тізімі) қатысушы банктердің көрсетілетін қызметтеріне орташа тарифтер ретінде айқындалатын қарыздарды тарту бойынша шығыстар. Тарифтер жалпыға қолжетімді ақпарат болып табылады және тиісті қаржы ұйымдарының интернет-ресурстарында орналастырылған;

C_t облиг – нарықты зерттеу нәтижелері бойынша тиісті көрсетілетін қызметтердің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигациялар шығаруды (қажет болса оларды шығару) ұйымдастыру;

C_t ком – банктік кепілдік беру қызметтері нарығын зерттеу нәтижелері бойынша банктік кепілдік беру қызметтерінің нарықтық бағаларына сәйкес ақылы банктік көрсетілетін қызметтер мен банктік кепілдік беру бойынша комиссиялар;

C_t лиц – МЖӘ объектісін пайдалану басталғанға дейін қолданыстағы заңнамаға сәйкес көзделген лицензияларды, патенттерді, рұқсаттарды және құжаттарды алу;

C_t бюд – уәкілетті мемлекеттік органдар алатын міндетті алымдар мен төлемдер;

C_t ауд – аудиторлық компаниялардың баға ұсыныстарына сәйкес аудиторлық тексерулер;

Ст т.б. – МЖӨ объектісін құруға (оның ішінде салуға), реконструкциялауға немесе жаңғыртуға арналған жоғарыда аталған барлық шығыстар сомасының 1 (бір) пайызынан аспайтын көлемде МЖӨ объектісін құруға (оның ішінде салуға), реконструкциялауға, жаңғыртуға немесе күрделі жөндеуге байланысты шығыстар.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Инвестициялық шығындар өтемақысының (бұдан әрі – ИШӨ) жыл сайынғы мөлшері индекстелмейді. Инвестициялық шығындардың жекелеген баптары (салықтарға арналған шығыстарды, қарыздарға қызмет көрсету жөніндегі шығыстарды қоспағанда) соңғы бес жылдағы инфляцияның нақты деңгейінің орташа мәніне индекстеледі.

Инвестициялық шығындарды өтеу сомасына конкурстық (аукциондық) құжаттаманың ақпараттық парағының жобасын және МЖӨ шартының жобасын әзірлеуге жеке бастамашының шығындарын өтеу сомасы енгізілмейді.

Инвестициялық шығындарға өтемақы төлеу МЖӨ объектісі пайдалануға берілгеннен кейін МЖӨ шартына сәйкес кемінде 5 (бес) жылды құрайтын мерзім ішінде тең үлестермен жүзеге асырылады.

Бұл ретте инвестициялық шығындарға өтемақы төлеудің жалпы мерзімін қысқартпай және Заңның 46-бабының 1-1-тармағының шарттарын сақтай отырып, инвестициялық шығындарға өтемақы төлеудің біркелкілігін сақтау арқылы МЖӨ объектісін мерзімінен бұрын пайдалануға беру жағдайларын қоспағанда, МЖӨ шартында белгіленген инвестициялық шығындарға өтемақы төлеу мерзімдерін анағұрлым ерте кезеңдерге ауыстыруға жол берілмейді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Операциялық шығындардың болжамды мөлшерін есептеу

9. МЖӨ жобасы бойынша операциялық шығындардың болжамды мөлшерін есептеу кезінде операциялық шығындардың мынадай топтары ескеріледі:

1) МЖӨ объектісінің инженерлік және технологиялық жабдықтарын ұстауға және пайдалануға арналған шығындар;

2) МЖӨ объектісінің ғимараттарын (құрылыстарын) және аумақтарын ұстауға арналған шығындар;

3) әкімшілік шығындар (әкімшілік-басқару персоналының еңбегіне ақы төлеу; сақтандыру бойынша шығыстар; МЖӨ субъектісінің ағымдағы шығыстары (банктік көрсетілетін қызметтер, байланыс қызметтері, күзет қызметтері);

4) салық бойынша шығыстар;

5) сақтандыру бойынша шығыстар;

6) қарыздарға қызмет көрсету бойынша шығыстар (қарыз бойынша есептелетін сыйақы);

7) басқа операциялық шығындар, оның ішінде: ағымдағы жөндеу; орташа жөндеу; материалдық шығыстар (мысалы МЖӨ объектісін пайдалануға қажетті отын сияқты шикізат, жабдықтардың қосалқы бөлшектері, жабдықты ұсақ жөндеу); МЖӨ объектісінің жұмыс істеуі үшін қажетті заттай нормалар немесе материалдық запастар, арнайы киім сияқты салалық шығыстар; республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын МЖӨ объектілеріндегі тамақтану құны; МЖӨ объектілеріндегі қажетті инвентарлық мүлік;

8) осы тарауда көрсетілмеген операциялық шығындардың баптары халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес сәйкестендірілген жағдайда олар өтеледі.

МЖӨ жобасы бойынша операциялық шығындардың өтемақысы қаржыландыруды ұйымдастыруға арналған шығыстарды және МЖӨ объектісін салуға, реконструкциялауға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге байланысты емес қарыздар бойынша сыйақы шығыстарын өтемейді.

10. МЖӨ жобасы бойынша операциялық шығындарды өтеу – осы Әдістеменің 6-тармағына сәйкес айқындалған кірістіліктің ішкі нормасының жол берілетін шекті мөлшеріне қол жеткізу үшін МЖӨ шартына сәйкес операциялық шығындардың белгілі бір көлемін өтеуге бағытталған бюджет қаражаты есебінен ақшалай төлемдер.

11. Операциялық шығындар өтемақысының жыл сайынғы мөлшері индекстелмейді. Операциялық шығындардың жекелеген баптары (салықтарға арналған шығыстарды, қарыздарға қызмет көрсету бойынша шығыстарды қоспағанда) соңғы бес жылдағы нақты инфляция деңгейінің орташа мәніне индекстеледі.

3-тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік қолдау шараларының болжамды мөлшерін, шығындарды өтеу және кірістер алу көздерін есептеу

1-параграф. Қолжетімділік үшін төлемақының болжамды мөлшерін есептеу

12. Қолжетімділік үшін төлемақы мыналардан тұрады:

операциялық шығындарды өтеу сомасы;

жекеше әріптеске МЖӨ объектісінің сапалық сипаттамаларын, сондай-ақ МЖӨ объектісінің жеке техникалық-экономикалық параметрлерін негізге ала

отырып, МЖӨ объектісінің қолжетімділігін қамтамасыз еткені үшін сыйақы сомасы.

13. МЖӨ жобасын жоспарлау сатысында қолжетімділік үшін төлемақының болжамды мөлшері осы Әдістеменің 9, 10-тармақтарында айқындалған операциялық шығындарды өтеу сомасы және жекеше әріптеске МЖӨ объектісінің сапалық сипаттамаларын қамтамасыз еткені үшін осы Әдістеменің 14-тармағына сәйкес есептелетін сыйақы сомасы ретінде айқындалады.

14. Жекеше әріптеске МЖӨ объектісінің сапалық сипаттамаларын қамтамасыз еткені үшін сыйақының ең жоғары мөлшері осы Әдістеменің 6-тармағына сәйкес айқындалатын жобаның ішкі кірістілік нормасының (IRR) шекті жол берілетін мөлшеріне қол жеткізу үшін қажетті ақшалай төлемдер сомасынан аспауға тиіс.

Жеке әріптеске МЖӨ объектісінің сапалық сипаттамаларын қамтамасыз еткені үшін жыл сайынғы сыйақы мөлшері индекстелмейді.

15. Дисконттау мөлшерлемесі капиталдың орташа өлшенген құны ретінде есептеледі (WACC – Weighted Average Cost of Capital):

$WACC = Re * E/V + Rd * D/V * (1 - T)$, (15), мұнда:

Re – меншікті капиталдың құны;

E/V – жалпы салынған капиталдағы меншікті капиталдың құны;

Rd – қарыз капиталының құны;

D/V – жалпы салынған капиталдағы қарыз капиталының мөлшері;

T – корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі.

16. Дисконттау мөлшерлемесін есептеу кезінде жекеше әріптестің меншікті капиталының құны күрделі активтерді бағалау моделі (CAPM – Capital Asset Pricing Model) негізінде мына формула бойынша айқындалады:

$Re = RF + \beta_p * ERP$, (16), мұнда:

Re – меншікті капитал құны;

RF – номиналды тәуекелсіз мөлшерлеме;

β_p – бета жобаның салалық коэффициенті;

ERP – елдің ерекшеліктері ескеріле отырып, жүйелі тәуекелдер үшін күтілетін сыйақы.

Номиналды тәуекелсіз мөлшерлеме (RF) мына формула бойынша айқындалады:

$RF = GBY - \text{ел CDS}$, (17), мұнда:

GBY – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің индекстелмеген мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша 5 жылдан астам мерзімге кірістілік индикаторы Қазақстан қор биржасының ресми интернет-ресурсында (https://kase.kz/ru/stock_market/KZGB/KZGB_Y/) орналастырылған деректерге сәйкес айқындалады;

ел CDS – валютасында ақша ағындары бағаланатын елдің облигациялары бойынша дефолт спреді (тәуекел). А. Дамодаранның Қазақстан Республикасына арналған деректері (Country Risk Premiums) негізінде соңғы есепті күнге айқындау ұсынылады.

МЖӘ жобасына арналған салалық бета коэффициент (β_p) мына формула бойынша айқындалады:

$$\beta_p = \beta_e * 0,67 + 1 * 0,33, (18), \text{ мұнда:}$$

β_e – меншікті капиталға арналған бета коэффициент.

Меншікті капиталдың салалық бета коэффициенті (β_e) мына формула бойынша айқындалады:

$$\beta_e = \beta_a \text{ орт.} * (1 + (1 - T)) * D/V / E/V, (19), \text{ мұнда:}$$

$\beta_a \text{ орт.}$ – активтерге арналған бетаның орташа коэффициенті;

D/V – жалпы салынған капиталдағы қарыз капиталының шамасы;

E/V – жалпы салынған капиталдағы меншікті капиталдың шамасы;

T – корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі.

Активтерге арналған бетаның орташа коэффициенті МЖӘ жобасы іске асырылатын бета салаларға қатысты мына формула бойынша есептеледі:

$$\beta_a \text{ орт.} = (\beta_{a1} * k_1 + \beta_{a2} * k_2 + \beta_{an} * k_n) / n, (20), \text{ мұнда:}$$

β_a – салалар бойынша активтерге арналған бета мәні;

k – жобадағы саланың үлесі (мысалы құрылыс, білім беру, денсаулық сақтау, энергетика) мына формула бойынша айқындалады:

$$k_{1...n} = C_{1...n} / (C_1 + C_2 + C_n), (21), \text{ мұнда:}$$

C_n – МЖӘ жобасының ҚЭҰ деректеріне сәйкес МЖӘ жобасы бойынша қызмет жүзеге асырылатын тиісті сала (-лар) шығындарының сомасы.

Активтерге арналған салалық бета коэффициенті (β_a) А. Дамодаранның дамушы елдерге арналған орташа салалық бета бойынша деректерінің негізінде соңғы есепті күнге айқындау ұсынылады.

17. Корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес номиналды мәнде айқындалады.

18. Елдің ерекшеліктері (ел тәуекелі) ескеріле отырып, жүйелі тәуекел үшін сыйақыны (ERP) А. Дамодаранның Қазақстан Республикасына арналған деректері (Country Risk Premiums) негізінде соңғы жаңарту күніне, бірақ МЖӘ жобасын жоспарлау басталғанға дейін бір жылдан кешіктірмей айқындау ұсынылады.

19. Қолжетімділік үшін жыл сайынғы төлемақы мөлшері индекстелмейді.

2-параграф. Мемлекет меншігіндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақының болжамды мөлшерін есептеу

20. Мемлекет меншігіндегі МЖӘ объектісін басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақының ең жоғары мөлшері осы Әдістemenің 6-тармағына сәйкес айқындалатын жобаның ішкі кірістілік нормасының (IRR) шекті жол берілетін мөлшеріне қол жеткізу үшін қажетті ақшалай төлемдер сомасынан аспауға тиіс.

21. Мемлекет меншігіндегі МЖӘ объектісін басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақының жыл сайынғы мөлшері индекстелмейді.

3-параграф. Жалдау төлемақысының болжамды мөлшерін есептеу

22. Жалдау төлемақысы мемлекеттік әріптестің жеке меншіктегі МЖӘ объектісін мүліктік жалдауын көздейтін МЖӘ шарттарында қолданылады.

23. Жалдау төлемақысының болжамды мөлшерін есептеу МЖӘ шарты шеңберінде мемлекеттік әріптестің жекеше әріптеске төлейтін төлемдерінің мөлшерін айқындау үшін қолданылады.

24. Жалдау төлемақысының болжамды мөлшерін айқындау кезінде мемлекеттік әріптестің жалдайтын мүлікке қоятын параметрлері негізге алынады.

25. Жалдау төлемақысының болжамды мөлшері МЖӘ жобасын іске асырудың әрбір жылы үшін есептеледі.

26. Әкімшілік-офистік мақсаттағы үй-жайларды жалдау кезінде жалдау төлемақысының жылдық мөлшерлемесінің болжамды мөлшері мыналарды құрайды:

$$RP = BR_a * 12 * S * k_{\text{тд}}, \text{ (22), мұнда:}$$

BRa – осы Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес үй-жайдың класына негізделген әкімшілік-офистік үй-жайларды жалдау кезіндегі жалдау төлемақысының 1 (бір) шаршы метрге шаққандағы базалық мөлшерлемесі;

S – жобаның мақсаттары үшін жалданатын алаң;

ктд – жалданатын жабдықтың тозу дәрежесін ескеретін коэффициент.

Базалық мөлшерлеменің мөлшері Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми интернет-ресурсында орналастырылған "Қазақстан Республикасындағы коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасы мен баға индекстері" статистикалық деректеріне сәйкес айқындалады.

27. Өзге де мақсаттағы үй-жайларды жалдау кезінде жалдау төлемақысының жылдық мөлшерлемесінің болжамды мөлшері мыналарды құрайды:

$$RP = BR_{ин} * 12 * S * k_{жд} * k_{тд}, (23), \text{ мұнда:}$$

BR_{ин} – тиісті жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Астана, Алматы және Шымкент қалалары үшін 1 айлық есептік көрсеткіш, ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс үшін 0,6 айлық есептік көрсеткіш, 1 шаршы метр үшін айына теңгемен;

S – жалданатын алаң, шаршы метр;

k_{жд} – барлық инженерлік-техникалық құрылғылары (электр энергиясы, кәріз, сумен жабдықтау, жылу, телефондандыру, интернет) бар үй-жайлар үшін жайлылық дәрежесін ескеретін коэффициент – 1, қандай да бір коммуникация түрі болмаған кезде әрбір түр үшін 0,1-ге төмендейді;

ктд – жалданатын жабдықтың тозу дәрежесін ескеретін, мына формула бойынша айқындалатын коэффициент:

$$k_{тд} = BSV / OV, (24), \text{ мұнда:}$$

BSV – баланстық (қалдық) құн бойынша жалданатын негізгі құралдардың құны;

OV – бастапқы құн бойынша жалданатын негізгі құралдардың құны.

МЖӘ жобасында тозу дәрежесі 50 (елу) пайыздан асатын жабдықты жалдауға жол берілмейді.

4-параграф. Тұтыну кепілдігінің болжамды мөлшерін есептеу

28. МЖӘ жобасын іске асыру барысында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің белгілі бір көлемін мемлекеттің тұтыну кепілдігі жекеше әріптеске (off-take келісімшарттары) салынған инвестициялардың

қайтарымдылығын және жобаның дисконттау мөлшерлемесіне + (плюс) 3 (үш) пайыздық тармаққа тең мөлшерде жобаның ішкі кірістілік нормасына (IRR) қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік қолдау шарасы ретінде ұсынылады.

29. Мемлекеттің тұтыну кепілдігі халық тарапынан төлемақы талап етілмейтін жобаларда беріледі.

30. Мемлекеттің тұтыну кепілдігі салалар бойынша бөлінетін мемлекеттік тапсырысты (мысалы мемлекеттік білім беру тапсырысы, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі) көздейтін жобаларда қолданылмайды.

31. Мемлекеттің тұтыну кепілдігінің болжамды мөлшері жобаны іске асырудың әр жылы үшін тіркелген көлемді (100 (жүз) пайыз өндірістік қуат) өткізудің кепілдік берілген сомасы ретінде мына формула бойынша айқындалады :

$A_i = p_i * PC$, (25), мұнда:

p_i – жобаны іске асырудың i -ші жылында тауарларды/жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді өткізу бағасы;

PC – жобаның өндірістік қуаты.

32. Тауарларды/жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді өткізу бағасын салалық мемлекеттік орган белгілейді.

5-параграф. Мемлекеттік қолдау шараларының болжамды мөлшерін есептеу

33. Мемлекеттік заттай гранттарды бағалау Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 288-бабының 4-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

34. МЖӘ шарттары шеңберінде инфрақұрылымдық облигациялар (қажет болса оларды шығару) бойынша мемлекеттік кепілгерліктің болжамды мөлшері кепілгерлікпен қамтамасыз етілген облигациялық қарыз бойынша негізгі борыштың және ол бойынша 1 (бір) есептеу кезеңіне және 6 (алты) айға есепке жазылған МЖӘ жобасын іске асыру кезеңіне болжанатын ең жоғары пайыздық мөлшерлеме бойынша сыйақы сомасы ретінде есептеледі:

$V = DP * (1 + r/p + 0,5 * r)$, (26), мұнда:

DP – негізгі борыш сомасы;

r – ҚЭМ-де болжанатын инфляцияның ең жоғары деңгейі ретінде айқындалатын пайыздық мөлшерлеме + (плюс) облигациялардың бүкіл айналым мерзімі кезінде қолданылатын тіркелген маржа;

p – күнтізбелік жылда купондық сыйақыны есепке жазу кезеңдерінің саны.

35. Мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктің болжамды мөлшері мемлекеттік кепілгерлікпен қамтамасыз етілген қарыз бойынша негізгі борыштың және ол бойынша 1 (бір) есептеу кезеңіне және 1 (бір) айға не шарт талаптарына сәйкес кезеңге есепке жазылған МЖӘ жобасын іске асыру кезеңіне болжанатын ең жоғары пайыздық мөлшерлеме бойынша сыйақы сомасы ретінде есептеледі:

$$G = DP * (1 + r/p + r/12), (27), \text{ мұнда:}$$

DP – мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша негізгі борыш сомасы;

r – қарыз туралы шарттың немесе конкурстық өтінімнің талаптарына сәйкес МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде мемлекет кепілдік беретін қарыз бойынша болжанатын ең жоғары жылдық сыйақы мөлшерлемесі. Конкурстық құжаттаманы әзірлеу кезеңінде LIBOR мөлшерлемесі + (плюс) 1 (бір) пайыздық тармақ (шетел валютасындағы қарыздар үшін), "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленген базалық мөлшерлеменің пайыздық дәлізінің жоғарғы шегі + (плюс) 1 (бір) пайыздық тармақ (шетел валютасындағы қарыздар үшін) ретінде айқындалады;

p – күнтізбелік жылда мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша сыйақыны есепке жазу кезеңдерінің саны.

36. МЖӘ жобасын қоса қаржыландырудың болжамды мөлшері инвестициялық кезең ішінде мемлекеттік бюджеттен жұмсалған шығыстардың жиынтық шамасына тең, бірақ МЖӘ объектілерін құру (оның ішінде салу), реконструкциялау немесе жаңғырту мақсатында салынатын инвестициялар мөлшерінің 30 (отыз) пайызынан аспауға тиіс.

37. МЖӘ жобасын қоса қаржыландыру МЖӘ жобасы тұтастай алғанда төменде көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келген кезде:

1) МЖӘ жобасына орталық мемлекеттік орган не Заңда белгіленген құзыретіне сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы бастамашылық жасаса;

2) МЖӘ объектісін құру құны кемінде бір жарым миллион айлық есептік көрсеткішті құраса;

3) алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 37-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Мемлекетке тиесілі зияткерлік меншік объектілеріне ерекше құқықтардың құны Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік және бағалау қызметі мәселелері жөніндегі заңнамасына сәйкес айқындалған құн болып табылады.

39. МЖӘ объектісінің құны 16 "Негізгі құралдар" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес айқындалады.

Ескерту. Әдістеме 39-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік-жекешелік
әріптестік объектісін құру және
(немесе) реконструкциялау
құнын, мемлекеттік-жекешелік
әріптестік субъектілерін
мемлекеттік қолдау мен
шығындарын өтеу көздерінің
жиынтық құнын
айқындау әдістемесіне
1-қосымша

Тапсырыс берушінің жобаларды басқару, құрылысты техникалық қадағалау және авторлық қадағалау жөніндегі инжинирингтік көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстарының лимиті

Ағымдағы баға деңгейінде жылына құрылыс құны, мың АЕК */жыл	Мыналарға арналған шығыстар лимитінің нормативі		
	жобаны басқару, пайыз	құрылысты техникалық қадағалау, пайыз	авторлық қадағалау, пайыз
1	2	3	4
300-ге дейін	1,39%	3,24%	1,12%
300-ден 450-ге дейін	1,25%	2,93%	1,01%
450-ден 580-ге дейін	1,13%	2,64%	0,91%
580-нен 1000-ға дейін	1,02%	2,38%	0,82%
1000-нан 1300-ге дейін	0,92%	2,15%	0,74%
1300-ден 1900-ге дейін	0,83%	1,95%	0,67%
1900-ден 2580-ге дейін	0,76%	1,77%	0,61%
2580-нен 3200-ге дейін	0,70%	1,62%	0,56%
3200-ден 3850-ге дейін	0,65%	1,51%	0,52%
3850-ден 4850-ге дейін	0,61%	1,41%	0,49%
4850-ден 5800-ге дейін	0,58%	1,35%	0,47%

Мемлекеттік-жекешелік
әріптестік объектісін құру
және (немесе) реконструкциялау
құнын, мемлекеттік-жекешелік
әріптестік субъектілерін
мемлекеттік қолдау мен
шығындарын өтеу көздерінің

Сараптамалық верификация коэффициентінің мәндері

ЖСК әзірлеу құны ҚҚС-сыз мың АЕК	Коэффициент	ЖСК әзірлеу құны ҚҚС-сыз мың АЕК	Коэффициент
1	2	1	2
0,93 дейін	0,1728	185,81	0,0152
1,86	0,1727	278,71	0,0128
2,79	0,1354	418,06	0,0108
4,65	0,0996	557,42	0,0096
7,43	0,0751	706,06	0,0087
8,36	0,07	836,13	0,0082
12,08	0,0561	1021,94	0,0077
15,79	0,0478	1207,74	0,0073
19,51	0,0421	1393,55	0,007
23,23	0,0379	1579,35	0,0068
26,94	0,0346	1765,16	0,0066
38,09	0,0281	1950,97	0,0064
46,45	0,025	2136,77	0,0063
69,68	0,023	2322,58	0,0061
92,9	0,0211	2573,55 бастап	0,0058
139,35	0,0174		

Мемлекеттік-жекешелік
әріптестік объектісін құру және
(немесе) реконструкциялау
құнын, мемлекеттік-жекешелік
әріптестік субъектілерін
мемлекеттік қолдау мен
шығындарын өтеу көздерінің
жиынтық құнын айқындау
әдістемесіне
3-қосымша

Әкімшілік-офистік үй-жайларды жалдау кезінде базалық мөлшерлемені айқындау параметрлері

Өлшемшарт	"А" класындағы офистер	"В" класындағы офистер	"С" класындағы офистер	"D" класындағы офистер
Ғимараттың мақсаты	Мамандандырылған офистік ғимараттардағы офистік үй-жайлар, әрлеу сапасы жоғары, реконструкцияланған және қайта жарақталған әкімшілік ғимараттар		Әкімшілік-офистік ғимараттардағы тұрғын емес үй-жайлар, офиске	Офистерді орналастыруға бейімделген тұрғын және тұрғын емес ғимараттардағы үй-жайлар (тұрғын үйлердің бірінші

		бейімделген өзге мақсаттағы ғимараттар	қабаттары мен жертелелері)
Ғимаратты пайдалану мерзімі	Жаңадан салынған немесе реконструкцияланған ғимараттар	3 жылдан астам пайдалану, өзге мақсаттағы реконструкцияланған ғимараттар	5 жылдан астам пайдалану, өзге мақсаттағы реконструкцияланған ғимараттар
Орналасқан жері	Қаланың іскерлік аудандарында, басты көлік магистральдарында және кіреберісі ыңғайлы алаңдарда	Қаланың іскерлік аудандарынан, негізгі көшелерден шалғай, кіреберісі ыңғайсыз	Қаланың іскерлік аудандарынан, орталық көшелерден айтарлықтай қашық, кіреберісі ыңғайсыз
Инфрақұрылым және сервис	Жақсы дамыған инфрақұрылым; талшықты-оптикалық байланыс және телекоммуникация; конференц-залдардың, келіссөз залдарының, орталық Reception, тұрмыстық қызмет көрсету және демалыс құралдарының болуы	Дамыған инфрақұрылым; талшықты-оптикалық байланыс және телекоммуникация; конференц-залдардың, келіссөз залдарының, орталық Reception, тұрмыстық қызмет көрсету және демалыс құралдарының болуы	Бизнес және демалыс инфрақұрылымының жеткіліксіздігі
Ғимаратты басқару	Кәсіби басқару. Ғимарат мінсіз күйде ұсталады, өзінің қауіпсіздік, басқару және техникалық қызмет көрсету қызметтері бар	Кәсіби басқару. Ғимарат мінсіз күйде ұсталады.	Тәулік бойы күзет; жақсы пайдалану қызметі; тәжірибелі жалға беруші

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 725 бұйрығына
8-қосымша

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау әдістемесі

Ескерту. Бұйрық 8-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 11-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобаларының әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалауға қойылатын бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қолданылады.

2. Осы Әдістемеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) базалық әлеуметтік әсерлер – МЖӘ жобасын іске асыру саласына карамастан, барлық МЖӘ жобаларына тән әлеуметтік сипаттағы өзгерістер;

2) базалық экономикалық әсерлер – МЖӘ жобасын іске асыру саласына карамастан, барлық МЖӘ жобаларына тән экономикалық сипаттағы өзгерістер;

3) салалық әлеуметтік әсерлер – экономиканың тиісті салаларында іске асырылатын МЖӘ жобаларына тән әлеуметтік сипаттағы өзгерістер;

4) салалық экономикалық әсерлер – экономиканың тиісті салаларында іске асырылатын МЖӘ жобаларына тән экономикалық сипаттағы өзгерістер.

Осы Әдістемеде пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

3. МЖӘ жобасының әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау МЖӘ жобасын іске асырудың әлеуметтік-экономикалық пайдасы мен шығындарын көрсетеді және мыналарды қамтиды:

1) саладағы, өңірдегі және Қазақстан Республикасындағы ағымдағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды және МЖӘ жобасын есепке алмағанда, оның даму перспективаларын талдау;

2) саладағы, өңірдегі, Қазақстан Республикасындағы ағымдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды және МЖӘ жобасы іске асырылған жағдайда, оны дамыту перспективаларын талдау;

3) қажет болған кезде Қазақстан Республикасының шекаралас әкімшілік-аумақтық бірліктерін дамытуға ықпалын қоса алғанда, МЖӘ жобасын іске асырудың әсерін талдау;

4) МЖӘ жобасының Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетінің өсуіне және импортты алмастыруға, инновацияларды дамытуға әсерін талдау;

5) МЖӘ жобасының пайдасы мен шығындарын талдау;

6) МЖӘ жобасының қоршаған ортаға әсерін талдау;

7) тікелей, жанама және жиынтық әлеуметтік-экономикалық әсерді есептеу;

8) экономикалық таза келтірілген құн (Economic Net Present Value – ENPV), экономикалық ішкі кірістілік нормасы (Economic Internal Rate of Return – EIRR) көрсеткіштерін есептеу.

4. МЖӘ жобасының әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау МЖӘ шартына қол қоюдың болжамды сәтінен бастап МЖӘ шартының қолдану мерзімі аяқталғанға дейінгі уақыт аралығын қамтитын кезең ішінде жүргізіледі.

5. МЖӘ жобасының әлеуметтік-экономикалық тиімділігін есептеу МЖӘ жобасының қаржылық-экономикалық моделінің деректерін пайдалана отырып жүргізіледі.

6. МЖӘ жобаларының әлеуметтік-экономикалық әсерлерінің болжамды тізбесі осы Әдістемеге 1-қосымшада келтірілген.

2-тарау. МЖӘ жобасын әлеуметтік-экономикалық бағалаудың құрылымы

7. Саладағы, өңірдегі, Қазақстан Республикасындағы қазіргі әлеуметтік-экономикалық ахуалды және МЖӘ жобасын есепке алмағанда, оны дамыту перспективаларын талдау мыналарды:

ресми дереккөздердің соңғы 5 (бес) жылдағы қолда бар статистикалық деректері бойынша негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді (оның ішінде халықтың табыс деңгейін, жұмыссыздық, жұмыспен қамтылу, өлім-жітім, бала туу деңгейін, жалпы ішкі өнімді, жалпы өңірлік өнімді, инвестициялық ахуалды) талдауды;

ресми дереккөздердің соңғы 5 (бес) жылдағы қолда бар статистикалық деректері бойынша негізгі салалық (өңірлік) көрсеткіштерін (оның ішінде өнім өндірісінің (тауарлардың/қызметтердің) көлемін, жалпы ішкі өнім құрылымындағы саланы (өңірдің) үлесін, салаға (өңірге) салынған инвестиция көлемін, олардың жоспарлы кезеңдегі үрдістерінің) талдауды қамтиды.

8. Саладағы, өңірдегі, Қазақстан Республикасындағы қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайды және МЖӘ жобасы іске асырылған жағдайда, оның даму перспективаларын талдау мыналарды:

МЖӘ жобасын іске асыру кезеңіндегі негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің (халықтың табыс деңгейі, жұмыссыздық деңгейі, жұмыспен қамту, өлім-жітім, туу, жалпы ішкі өнім, жалпы өңірлік өнім, инвестициялық ахуал) өзгерістерін талдауды;

МЖӘ жобасын іске асыру кезеңіндегі негізгі салалық (өңірлік) көрсеткіштердің (оның ішінде өнім өндірісінің (тауарлардың/қызметтердің) көлемін, жалпы ішкі өнім құрылымындағы саланың (өңірдің) үлесін, салаға (өңірге) салынған инвестиция көлемін, олардың жоспарлы кезеңдегі үрдістерін) өзгерістерін талдауды қамтиды.

9. МЖӘ жобасын іске асырудың аралас салаларды дамытуға ықпалын талдау, қажет болған кезде көрші өңірлердің дамуына ықпалын қоса алғанда, мыналарды :

экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес МЖӨ жобасының қызметтің басқа түрлеріне ықпалын сипаттауды қамтиды.

10. МЖӨ жобасын іске асырудың Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетінің өсуіне және импортты алмастыруға, инновацияларды дамытуға ықпалын талдау мыналарды:

МЖӨ жобасының халықаралық нарықта МЖӨ жобасы шеңберінде өндірілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу кезінде МЖӨ жобасының Қазақстан Республикасы саласының (өңірінің) экспорттық әлеуетіне қолайлы әсерін талдауды;

МЖӨ жобасы шеңберінде өндірілген тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің олардың импорттық аналогтарын алмастыруын талдауды;

өңірдегі және Қазақстан Республикасындағы инновациялық, ғылыми-техникалық әлеуетті дамытуға МЖӨ жобасының әсерін талдауды қамтиды.

11. МЖӨ жобасының пайдасы мен шығынын талдау мыналарды:

Алушылары МЖӨ субъектілері, халық, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілер және МЖӨ жобасын іске асырумен және (немесе) оның нәтижелерімен тікелей немесе жанама байланысты үшінші тұлғалар болып табылатын тікелей және жанама пайдалардың сандық көрсеткіштерін талдауды;

Алушылары МЖӨ субъектілері, халық, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілер және МЖӨ жобасын іске асырумен және (немесе) оның нәтижелерімен тікелей немесе жанама байланысты үшінші тұлғалар шеккен тікелей және жанама шығындардың сандық көрсеткіштерін талдауды қамтиды;

12. МЖӨ жобасының қоршаған ортаға ықпалын талдау;

МЖӨ жобасын іске асырудан болатын қоршаған ортаға оң және (немесе) теріс әсерлердің сипаттамасы (оның ішінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, қолданылатын халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкестігі; МЖӨ жобасында жаңартылатын энергия көздерін, энергияны тұтыну класы жоғары жабдықты қолдану және қоршаған ортаға әсер ететін басқа факторлардың болуы).

13. Жанама пайданы есептеу:

базалық әлеуметтік әсерлерді есептеу осы Әдістеменің 3-тарауының 1-параграфына сәйкес жүргізіледі;

базалық әлеуметтік әсерлерді есептеу осы Әдістеменің 3-тарауының 2-параграфына сәйкес жүргізіледі;

салалық әлеуметтік әсерлерді есептеу тиісті саладағы жобаны іске асырудан болатын әсерлерді есептеу әдістемесін және (немесе) есептеулерді негіздей отырып, басқа қолданылатын әдістерді регламенттейтін бекітілген салалық ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі;

салалық экономикалық әсерлерді есептеу тиісті саладағы жобаны іске асырудан болатын әсерлерді есептеу әдістемесін және (немесе) есептеулерді негіздей отырып, басқа қолданылатын әдістерді регламенттейтін бекітілген салалық ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі;

Жанама шығындар МЖӘ субъектілеріне, халыққа, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерге және МЖӘ жобасын іске асыруға және (немесе) оның нәтижелеріне жанама түрде байланысты үшінші тұлғаларға теріс ықпал ететін сандық көрсеткіші ретінде айқындалады.

14. Экономикалық таза келтірілген құнды (ENPV), экономикалық ішкі кірістілік нормасын (EIRR) есептеу осы Әдістеменің 4-тарауына сәйкес жүргізіледі.

15. МЖӘ жобасының әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау кезінде осы Әдістеменің 3-тармағында көрсетілген бөлімдердің әрқайсысында тиісті бөлім бойынша тұжырымдар көрсетіледі.

3-тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асырудан болатын базалық әлеуметтік және базалық экономикалық әсерлерді есептеу

1-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының базалық әлеуметтік әсерлерін есептеу

16. Бюджеттен тыс қорларға ақшалай қаражат ағынының ұлғаюынан болатын әсер, МЖӘ жобасы шеңберінде жекеше әріптес пен оның жалданбалы қызметкерлерінің t уақыт кезеңінде зейнетақы, әлеуметтік, тұрғындарға міндетті медициналық қызмет көрсетуді жақсартуға бағытталған аударымдарды төлеуі түріндегі ақшалай қаражат түсімі ретінде есептеледі:

$$SE_{t \text{ бюджет}} = \sum F_{t \text{ ӘА}} + \sum F_{t \text{ МӘМС}} + \sum F_{t \text{ ЗҚ}}, (1), \text{ мұнда:}$$

$S_{Et \text{ бюджет}}$ – бюджеттен тыс қорларға ақша ағыны ұлғаюынан болатын әсер;

$F_{t \text{ ӘА}}$ – t уақыт кезеңінде жекеше әріптестің жалданбалы қызметкерлері бюджетке төлеуге жататын әлеуметтік аударымдар;

$F_{t \text{ МӘМС}}$ – t уақыт кезеңінде жекеше әріптестің және оның жалданбалы қызметкерлері бюджетке төлеуге жататын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жөніндегі төлемдер;

F_t зж – t уақыт кезеңінде жекеше әріптестің жалданбалы қызметкерлері бюджетке төлеуге жататын зейнетақы жарналары.

17. Жаңа жұмыс орындарын құрудан болатын әсер t уақыт кезеңінде инвестициялық кезеңде МЖӘ жобасын іске асыруға және МЖӘ жобасын іске асыру үшін жаңадан құрылған жұмыс орындарына тартылған қызметкерлерге берілетін еңбекақы сомасы ретінде есептеледі:

$$SE_{t \text{ жұм}} = \sum EI_{t \text{ инв}} + \sum EI_{t \text{ пайд}}, (2), \text{ мұнда:}$$

$SE_{t \text{ жұм}}$ – жаңа жұмыс орындарын құрудан болған әсер;

$EI_{t \text{ инв}}$ – t уақыт кезеңінде инвестициялық кезеңде МЖӘ жобасын іске асыруға тартылатын қызметкерлерге төлеуге жоспарланған еңбекақы;

$EI_{t \text{ пайд}}$ – t уақыт кезеңінде МЖӘ жобасын іске асыру үшін жаңадан құрылған жұмыс орындарына тартылаған қызметкерлерге төлеуге жоспарланған еңбекақы.

2-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының базалық экономикалық тиімділігін есептеу

18. Мемлекеттік бюджетке ақшалай қаражат ағымының ұлғаюынан болатын әсер, МЖӘ жобасы шеңберінде t уақыт кезеңінде жекеше әріптес пен оның жалданбалы қызметкерлерінің мемлекеттік бюджетке бағытталатын салықтар баждар, алымдар мен өзге де төлемдерді төлеуі түріндегі ақшалай қаражат ағымының сомасы ретінде есептеледі:

$$EE_{t \text{ бюдж}} = \sum T_{t \text{ КТС}} + \sum T_{t \text{ ҚҚС}} + \sum T_{t \text{ ЖТС}} + \sum T_{t \text{ ӘС}} + \sum T_{t \text{ бас.}}, (3), \text{ мұнда:}$$

$EE_{t \text{ бюдж}}$ – мемлекеттік бюджетке ақша ағынының ұлғаюынан болатын әсер;

$T_{t \text{ КТС}}$ – t уақыт кезеңінде, жекеше әріптес бюджетке төлейтін корпоративтік табыс салығы бойынша төлемдер;

$T_{t \text{ ҚҚС}}$ – t уақыт кезеңінде жекеше әріптес бюджетке төлеуге жататын қосылған құн салығы бойынша төлемдер;

$T_{t \text{ ІЖТС}}$ – t уақыт кезеңінде жекеше әріптес қызметкерлері бюджетке төлеуге жататын жеке табыс салығы бойынша төлемдер;

$T_{t \text{ ӘС}}$ – t уақыт кезеңінде жекеше әріптес бюджетке төлеуге жататын әлеуметтік салық төлемдері;

$T_{t \text{ бас}}$ – t уақыт кезеңінде жекеше әріптес бюджетке төлеуге жататын өзге де салықтар, баждар, алымдар мен төлемдер.

19. Қазақстандық тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен өзара әрекеттесуден болатын әсер жекеше әріптестің МЖӨ жобасын іске асыру үшін t уақыт кезеңінде сатып алатын тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер үшін қазақстандық жеткізушілерге түсетін түсімдердің сомасы ретінде есептеледі:

$$EE_{t \text{ кз}} = \sum In_{t \text{ тау}} + \sum In_{t \text{ жұм}} + \sum In_{t \text{ кыз}}, (4), \text{ мұнда:}$$

$EE_{t \text{ кз}}$ – отандық тауар, жұмыс және көрсетілетін қызметтерді өндірушілермен өзара іс-қимыл жасасудан болатын әсер;

$In_{t \text{ тау}}$ – t уақыт кезеңінде жекеше әріптес МЖӨ жобасын іске асыру үшін сатып алатын тауарлар үшін отандық жеткізушілерге түсетін түсімдер;

$In_{t \text{ жұм}}$ – t уақыт кезеңінде жеке әріптес МЖӨ жобасын іске асыру үшін сатып алатын жұмыстар үшін отандық жеткізушілерге түсетін түсімдер;

$In_{t \text{ кыз}}$ – t уақыт кезеңінде жекеше әріптес МЖӨ жобасын іске асыру үшін сатып алатын көрсетілетін қызметтер үшін отандық жеткізушілерге түсетін түсімдер.

20. Қазақстандық қаржы институттарымен өзара іс-қимыл жасасудан болатын әсер, t уақыт кезеңінде жекеше әріптес МЖӨ жобасын іске асыру үшін тартатын қарыздар бойынша есептелген сыйақы сомасы ретінде есептеледі:

$$EE_{t \text{ қарж}} = \sum In_{t \text{ қарж}}, (5), \text{ мұнда:}$$

$EE_{t \text{ қарж}}$ – қазақстандық қаржы институттарымен өзара іс-қимыл жасасудан болатын әсер;

$In_{t \text{ қарж}}$ – t уақыт кезеңінде МЖӨ жобасын іске асыру үшін тартылатын қарыздар бойынша қазақстандық қаржы институттары есептейтін сыйақы.

21. Тікелей шетелдік инвестициялардан болатын әсер t уақыт кезеңінде МЖӨ жобасын іске асыру үшін тартылатын тікелей шетелдік инвестициялардың сомасы ретінде есептеледі:

$$EE_{t \text{ тши}} = \sum I_{t \text{ тши}}, (6), \text{ мұнда:}$$

$EE_{t_{\text{тши}}}$ – тікелей шетелдік инвестициялардан болатын әсер тікелей шетелдік инвестициялардың сомасы ретінде есептеледі;

$I_{t_{\text{тши}}}$ – t уақыт кезеңінде МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартылатын тікелей шетелдік инвестициялар.

4-тарау. Экономикалық таза келтірілген құнның (Economic Net Present Value – ENPV), экономикалық ішкі табыстылық нормасының (Economic Internal Rate of Return – EIRR) көрсеткіштерін есептеу

22. Экономикалық таза келтірілген құнның (ENPV), экономикалық ішкі табыстылық нормасының (EIRR) көрсеткіштерін есептеуге арналған МЖӘ жобасының әлеуметтік-экономикалық моделінің нысаны осы Әдістемеге 2-қосымшада келтірілген.

МЖӘ жобасының әлеуметтік-экономикалық моделін есептеу формулалары ашылатын Excel бағдарламасында жүзеге асырылады.

23. Дисконттау мөлшерлемесіне МЖӘ жобасының қаржылық-экономикалық моделіндегі дисконттау мөлшерлемесіне тең капиталдың орташа сараланған құны (WACC – Weighted Average Cost of Capital) қабылданады.

24. Экономикалық таза келтірілген құн (ENPV) ағымдағы уақыт кезеңінде келтірілген әлеуметтік-экономикалық ақша ағындарының дисконтталған мәндерінің сомасы ретінде есептеледі.

25. Экономикалық ішкі табыстылық нормасы (EIRR) болашақ ақша түсімдерінің келтірілген құны мен бастапқы инвестицияның құны теңестірілетін пайыздық мөлшерлеме ретінде есептеледі.

26. МЖӘ жобасының әлеуметтік-экономикалық тиімділігі, МЖӘ жобасының қаржылық-экономикалық моделіне сәйкес, егер экономикалық ішкі табыстылық нормасы (EIRR) жобаның ішкі табыстылық нормасынан (IRR) 1 (бір) немесе одан да көп пайыздық тармақтан асып кетсе, жеткілікті болып саналады.

Мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларының
әлеуметтік-экономикалық
тиімділігін бағалау әдістемесіне
1-қосымша

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларының әлеуметтік-экономикалық әсерлерінің болжалды тізбесі

Базалық әлеуметтік әсерлер	
барлық салалардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобалары үшін	бюджеттен тыс қорларға ақша қаражатын ағымының ұлғаюынан болатын әсер
	жаңа жұмыс орындарын құрудан болатын әсер
Салалық әлеуметтік әсерлер	

денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер саласындағы МЖӘ жобалары үшін	халықты медициналық-әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету деңгейін арттырудан болатын әсер
	көрсетілетін медициналық-әлеуметтік қызметтердің сапасын арттырудан болатын әсер
	науқастардың жедел сауығуынан болатын әсер
	өлім-жітім деңгейін төмендетуден болатын әсер
	өмір сүру ұзақтығын арттырудан болатын әсер
	медициналық немесе әлеуметтік қызметтерді алу мақсатында өңірге (елге) шетелдік туристер ағынын арттырудан болатын әсер
білім беру саласындағы МЖӘ жобалары үшін	халықты білім беру қызметтерімен қамтамасыз ету деңгейін арттырудан болатын әсер
	білім сапасын арттырудан болатын әсер
	Қазақстандық оқушылар алатын гранттар санын арттырудың әсері
	халықтың әл-ауқатының деңгейін арттырудан болатын әсер
энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы МЖӘ жобалары үшін	қылмыс деңгейін азайтудан болатын әсер
	облысты (елді) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету деңгейін арттырудан болатын әсер
абаттандыру саласындағы МЖӘ жобалары үшін	халықтың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтеріне қанағаттану деңгейінен болатын әсер
	қалалық аумақтарды жасылдандырудан болатын әсер
мәдениет және спорт саласындағы МЖӘ жобалары үшін	атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларын азайтудан болатын әсер
	халықты спорт және мәдениет нысандарымен қамтамасыз ету деңгейін арттырудан болатын әсер
	халықтың денсаулық жағдайын жақсартудан болатын әсер
	халықтың салауатты өмір салтына қызығушылығын арттырудан болатын әсер
қауіпсіздік саласындағы МЖӘ жобалары үшін	өңірдің (елдің) туристік тартымдылығын арттырудан болатын әсер
	қауіпсіздік деңгейін арттырудан болатын әсер
	қылмыс деңгейін азайтудан болатын әсер
цифрландыру саласындағы МЖӘ жобалары үшін	жол-көлік оқиғаларының ауырлығы мен зардаптарын азайтудан болатын әсер
	жаңа инновациялық технологияларды енгізуден болатын әсер
	өңірдің, елдің ғылыми әлеуетін дамытудан болатын әсер
	процестерді автоматтандырудан, оның ішінде халыққа қызмет көрсету сапасы мен жылдамдығын арттырудан, сыбайлас жемқорлықты азайтудан және т.б. болатын әсер

көлік саласындағы МЖӘ жобалары үшін	халықты қоғамдық көлікпен қамтамасыз ету деңгейін арттырудан болатын әсер
	жолаушыларды тасымалдау уақытын қысқартудан болатын әсер
	халықтың қоғамдық көлікпен қанағаттанушылық деңгейінен болатын әсер
	автомобиль жолдарын пайдаланушылардың қанағаттанушылық деңгейінен болатын әсер
	жол төсеміне байланысты жол-көлік оқиғаларының санын азайтудан болатын әсер
туризм саласындағы МЖӘ жобалары үшін	өңірге (елге) шетелдік туристер ағынының ұлғаюынан болатын әсер
	ішкі туристік ағынның ұлғаюынан болатын әсер
	өңір (ел) халқының өмір сүру жағдайын жақсартудан болатын әсер
	жалданбалы қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсартудың әсері
	"Гудвилл" әсері (іскерлік бедел)
	өзге де әсерлер
Базалық экономикалық әсерлер	
барлық салалардағы МЖӘ жобалары үшін	мемлекеттік бюджетке ақша түсімдерінің ұлғаюынан болатын әсер
	отандық тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен өзара іс-қимыл жасасудан болатын әсер
	қазақстандық қаржы институттарымен өзара іс-қимылдан болатын әсер
	тікелей шетелдік инвестициялардан болатын әсер
Салалық экономикалық әсерлер	
түрлі салалардағы МЖӘ жобалары үшін	бюджет қаражатын үнемдеуден болатын әсер
	өңір (ел) халқының қаражатын үнемдеуден болатын әсер
	салаға қосымша инвестиция тартудан болатын әсер
	өңір (ел) халқының табысын арттырудан болатын әсер
	экспорттың ұлғаюынан болатын әсер
	жаңа инновациялық технологияларды енгізуден болатын әсер
	импортты алмастырудан болатын әсер
	өзге де әсерлер

Мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларының
әлеуметтік-экономикалық
тиімділігін бағалау әдістемесіне
2-қосымша

Нысан

Таза қоғамдық пайданың көрсеткіштерін есептеу үшін МЖӘ жобасының әлеуметтік-экономикалық моделінің нысаны: экономикалық таза келтірілген құн (Economic net present value – ENPV), кірістің экономикалық ішкі табыстылық нормасы (Экономикалық ішкі кірістілік нормасы – EIRR)

№	Атауы	Ескертпе (негіздеме)	1 кезең	2 кезең	3 кезең	...	n кезең
1	Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасының пайдасы, мың теңге (1.1-жол + (плюс) 1.2-жол)						
1.1	Тікелей экономикалық пайда (тікелей ақша ағындары), мың теңге (1.1.1-жол + (плюс) 1.1.2-жол + (плюс) 1.1.3-жол + (плюс) 1.1.4-жол + (плюс) 1.1.5-жол + (плюс) 1.1.6-жол + (плюс) 1.1.7-жол + (плюс) 1.1.8-жол + (плюс) 1.1.9-жол)						
	оның ішінде :						
1.1.1	М Ж Ә жобасын берлесіп қаржыландыру, мың теңге (М Ж Ә қаржылық-экономикалық моделіне сәйкес)						

1.1.2	Қ Р заңнамасын д а белгіленген жағдайлард а мемлекетте н берілетін субсидияла р, мың теңге (МЖӘ жобасының қаржылық-э кономикалы қ моделіне сәйкес)						
1.1.3	М Ж Ә жобасы бойынша инвестиция л ы қ шығындард ы өтеу, мың теңге (М Ж Ә жобасының қаржылық-э кономикалы қ моделіне сәйкес)						
1.1.4	М Ж Ә жобасы бойынша операциялы қ шығындард ы өтеу, мың теңге (М Ж Ә жобасының қаржылық-э кономикалы қ моделіне сәйкес)						
	мемлекет меншігіндег і М Ж Ә объектісін басқарғаны ү ш і н сыйақы, сондай-ақ						

1.1.5	М Ж Ә объектісін пайдаланған ы үшін жалгерлік төлемі, мың теңге (М Ж Ә жобасының қаржылық-э кономикалы қ моделіне сәйкес)						
1.1.6	қолжетімділ ік үшін төлем, мың теңге (М Ж Ә жобасының қаржылық-э кономикалы қ моделіне сәйкес)						
1.1.7	мемлекеттік тұтыну кепілдігі, мың теңге (М Ж Ә жобасының қаржылық-э кономикалы қ моделіне сәйкес)						
1.1.8	М Ж Ә объектісін пайдалану кезінде тауарларды, жұмыстард ы , көрсетілетін қызметтерді өткізу, мың теңге (М Ж Ә жобасының қаржылық-э кономикалы қ моделіне сәйкес)						
	өзге де тікелей а қ ш а						

1.1.9	ағындары, мың теңге (оның ішінде , МЖӘ жобасы бойынша жеке әріптестің коммерциял ық қызметінен түсетін түсімдер (МЖӘ жобасының қаржылық-э кономикалы қ моделіне сәйкес)						
1.2	Жанама әлеуметтік- экономикал ық пайда (жанама ақша ағындары), мың теңге (1.2.1-жол + (плюс) 1.2.2 -жол + (плюс) 1.2.3-жол + (плюс)) 1.2.4-жол + (плюс) 1.2.5-жол + (плюс) 1.2.6 -жол + (плюс) 1.2.7-жол + (плюс)) 1.2.8-жол + (плюс) 1.2.9-жол + (плюс) 1.2.10-жол + (плюс) 1.2.11- жол)						
	оның ішінде :						
	бюджеттен тыс қорларға ақшалай қаражаттың						

1.2.1	түсуін арттырудан болатын базалық әлеуметтік әсер, мың теңге (о с ы Әдістеменің 1 4 - тармағына сәйкес)						
1.2.2	жаңа жұмыс орындарын кұрудан болатын базалық әлеуметтік әсер, мың теңге (о с ы Әдістеменің 1 5 - тармағына сәйкес)						
1.2.3	салалық әлеуметтік әсер, мың теңге (о с ы Әдістеменің 1 1 - тармағына сәйкес)						
1.2.4	салалық әлеуметтік әсер ..., мың теңге (о с ы Әдістеменің 1 1 - тармағына сәйкес)						
1.2.5	п салалық әлеуметтік әсер, мың теңге (о с ы Әдістеменің 1 1 - тармағына сәйкес)						

1.2.6	мемлекеттік бюджетке қаражаттың түсуін арттырудан болатын базалық экономикалық әсер, мың теңге (осы Әдістеменің 16 - тармағына сәйкес)						
1.2.7	отандық тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен өзара іс-қимыл жасасудан болатын базалық экономикалық әсер, мың теңге (осы Әдістеменің 17 - тармағына сәйкес)						
1.2.8	қазақстандық қаржы институттарымен өзара іс-қимыл жасасудан болатын базалық экономикалық әсер, мың теңге (осы Әдістеменің 18 - тармағына сәйкес)						
	тікелей шетелдік						

1.2.9	инвестициялардан болатын базалық экономикалық әсер, мың теңге (осы Әдістеменің 19 - тармағына сәйкес)						
1.2.10	... салалық экономикалық әсер, мың теңге (осы Әдістеменің 11 - тармағына сәйкес)						
1.2.11	... салалық экономикалық әсер, мың теңге (осы Әдістеменің 12 - тармағына сәйкес)						
1.2.11	... салалық экономикалық әсер, мың теңге (осы Әдістеменің 12 - тармағына сәйкес)						
2	М Ж Ә жобасының шығындары, мың теңге (2.1- жол + (плюс) 2.2 - жол)						
2.1	Тікелей шығындар, мың теңге (2.1.1- жол + (плюс) 2.1.2- жол)						

	оның ішінде :						
2.1.1	инвестиция л ы қ шығындар, мың теңге (МЖӘ жобасының қаржылық-э кономикалы қ моделіне сәйкес)						
2.1.2	операциялы қ шығындар , мың теңге (МЖӘ жобасының қаржылық-э кономикалы қ моделіне сәйкес)						
2.2	Жанама шығындар, мың теңге (2.2.1- жол + (плюс) 2.2.2 -жол)						
	оның ішінде :						
2.2.1	жанама инвестиция л ы қ шығындар, мың теңге (о с ы Әдістеменің 1 1 - тармағына сәйкес)						
2.2.2	жанама операциялы қ шығындар , мың теңге (о с ы Әдістеменің 1 1 - тармағына сәйкес)						
	М Ж Ә жобасының						

3	тәуекелдері, мың теңге (3.1- жол)						
3.1	саланың (өңірдің) және Қазақстан Республика сының әлеуметтік- экономикал ы қ көрсеткіште ріне әсер ететін тәуекелдер, мың теңге (негіздемесі бар, тандалған тәуекелді есептеу әдісіне сәйкес).						
4.	М Ж Ә жобасының таза әлеуметтік- экономикал ы қ ағынының жиыны, мың теңге (1-жол – (минус) 2- жол – (минус) 3- жол)						
5.	М Ж Ә жобасының жалпы таза дисконтталғ ан әлеуметтік- экономикал ық ағынының жиыны, мың теңге (дисконтты ескее отырып, 4- жол)						

6.	Экономикалық таза келтірілген құн (ENPV), мың теңге (осы Әдістеменің 20, 21, 22-тармақтарына сәйкес)						
7.	Экономикалық ішкі табыстылық нормасы (EIRR), мың теңге (осы Әдістеменің 20, 21, 23, 24-тармақтарына сәйкес)						

Ескертпе:

1. 1-жолда МЖӘ жобасының тікелей экономикалық пайдасы мен жанама әлеуметтік-экономикалық пайдасының сомасы көрсетіледі;
2. 1.1-жолда тікелей экономикалық пайданың сомасы (МЖӘ жобасын іске асырудан түсетін тікелей ақша ағындары) көрсетіледі;
3. 1.2-жолда МЖӘ жобасының әлеуметтік-экономикалық пайдасының (әсерлерінің) сомасы көрсетіледі;
4. 2-жолда МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде келтірілген тікелей және жанама шығындардың сомасы көрсетіледі;
5. 2.1-жолда МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде келтірілген тікелей инвестициялар мен тікелей операциялық шығындардың сомасы көрсетіледі;
6. 2.2-жолда МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде келтірілген жанама инвестициялық және жанама операциялық шығындардың сомасы көрсетіледі;
7. 3-жолда саланың (өңірдің) және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне әсер ететін тәуекелдер сомасы көрсетіледі;
8. 3.1-жолда саланың (өңірдің) және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне әсер ететін сандық бағаланған тәуекелдер көрсетіледі;
9. 4-жолда МЖӘ жобасының тәуекелдері ескеріле отырып, МЖӘ жобасының пайдасы мен шығындарының айырмасы көрсетіледі;

10. 5-жолда тәуекелге түзету ескеріле отырып, МЖӘ жобасының пайдасы мен шығындары арасындағы дисконтталған айырма көрсетіледі;

11. 6-жолда экономикалық таза келтірілген құн (ENPV) көрсетіледі;

12. 7-жолда экономикалық ішкі табыстылық нормасы (EIRR);

13. Экономикалық таза келтірілген құн (ENPV) және экономикалық ішкі табыстылық нормасын (EIRR) есептеу үшін осы Әдістеменің 21-тармағына сәйкес дисконттау мөлшерлемесі қолданылады;

14. Жанама әлеуметтік-экономикалық пайданы (жанама ақша ағындарын) және жанама шығындарды есептеу кезінде көрсеткіштер соңғы бес жылдағы нақты инфляция деңгейінің орташа мәніне индекстелуі мүмкін;

15. Ақша ағыны болмаған жағдайда, кестеде көрсеткіштердің нөлдік мәндері көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 725 бұйрығына
9-қосымша

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тәуекелдерін бөлу және бағалау әдістемесі

Ескерту. Бұйрық 9-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тәуекелдерін бөлу және бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 20-бабының 11-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобаларының тәуекелдерін бөлуге және бағалауға қойылатын бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қолданылады.

2. МЖӘ жобаларын жоспарлау және іске асыру кезінде МЖӘ жобаларының тәуекелдерін тиімді басқару мақсатында мынадай рәсімдер жүзеге асырылады:

- 1) тәуекелдеді сәйкестендіру;
- 2) тәуекелдерді бағалау;
- 3) тәуекелдерді бөлу;
- 4) тәуекелдерді басқару.

Бұл ретте пайда болған жағдайда МЖӨ жобасының мақсаттарына, міндеттеріне және қаржы-экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізуге ықпал ететін белгісіз оқиға немесе шарт тәуекел болып табылады.

3. Тәуекелдерді анықтау, бағалау және бөлу МЖӨ жобасында қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу мүмкіндігін талдау мақсатында жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының тәуекелдерін сәйкестендіру

4. Тәуекелді сәйкестендіру мынадай қадамдарды қамтиды:

- 1) басталуы ықтимал тәуекелдердің тізімін жасау;
- 2) тәуекелдердің сипаттамасы;
- 3) тәуекелдердің туындау себептерін сипаттау;
- 4) тәуекелдер туындаған кезде орын алуы мүмкін салдардың сипаттамасы.

5. Инвестициялық және пайдалану кезеңдеріндегі тәуекелдер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) заңдық тәуекелдер – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеу тәуекелі, МЖӨ жобалық құжаттамасының дұрыс рәсімделмеу тәуекелі және МЖӨ шарты тараптарының құқықтары мен міндеттеріне байланысты өзге де тәуекелдер;

2) коммерциялық тәуекелдер – жеке әріптестің қаржы-шаруашылық қызметі көрсеткіштерінің және нарық конъюнктурасының өзгеруінің МЖӨ жобасын іске асыру шеңберінде кіріс алуға ықпал етуіне байланысты тәуекелдер;

3) әлеуметтік тәуекелдер – МЖӨ жобасын іске асыру шеңберінде халыққа, жекеше және (немесе) мемлекеттік әріптестің қызметкеріне зиян келтіруге байланысты тәуекелдер;

4) экономикалық тәуекелдер – Қазақстан Республикасы экономикасының көрсеткіштері өзгерістерінің ықпал етуіне байланысты тәуекелдер;

5) техникалық тәуекелдер – МЖӨ объектісінің болжанбайтын және (немесе) бақыланбайтын жұмыс істеуіне, сондай-ақ жобалық құжаттама мен техникалық шешімдердің дұрыс болмауына байланысты тәуекелдер;

6) қаржылық тәуекелдер – қаржы нарығының көрсеткіштері өзгерістерінің МЖӨ жобасының қаржылық-экономикалық көрсеткіштеріне қолайсыз әсер етуіне байланысты тәуекелдер;

7) саяси тәуекелдер – МЖӨ жобасында ескерілмеген немесе МЖӨ жобасын іске асыру кезінде өзгертілген заңнамаға байланысты тәуекел, сондай-ақ МЖӨ жобасын іске асыру кезінде саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты өзге де тәуекелдер;

8) экологиялық тәуекелдер – МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде қоршаған ортаға, сондай-ақ үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірумен байланысты тәуекелдер;

9) МЖӘ жобасының ерекшеліктеріне байланысты өзге де тәуекелдер.

6. МЖӘ түрлі кезеңдерінде туындайтын тәуекелдердің үлгі тізбесі осы бұйрыққа 5-қосымшада келтірілген.

3-тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының тәуекелдерін бағалау

7. Тәуекелдерді сараптамалық бағалау әдісі бойынша бағалау мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) сарапшыларды іріктеу және сарапшылар тобын қалыптастыру;
- 2) МЖӘ жобасының тәуекелдерін бағалау сауалнамасын қалыптастыру;
- 3) сарапшылармен жұмыс;
- 4) сараптамалық бағалау деректерін талдау және өңдеу.

8. Сарапшылар тобы тәуекелдерді бағалауды жүргізу үшін тартылатын кемінде 4 (төрт) сарапшыдан (МЖӘ/экономика/қаржы/ инвестициялар, құқықтану, МЖӘ жобасын іске асыру саласынадғы мамандар және техникалық маман) тұрады.

9. Конкурстық құжаттамаға немесе МЖӘ жобасының бизнес-жоспарына сарапшылардың жоғары білімінің, жұмыс тәжірибесі мен біліктілігінің болуын растау мақсатында жұмыс орны мен кезеңі, атқаратын лауазымы туралы ақпаратты көрсете отырып, сарапшылардың түйіндемесі қоса беріледі.

10. Тәуекелдерді бағалау үшін осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ықтимал тәуекелдер тізбесімен МЖӘ жобасының тәуекелдерін бағалау сауалнамасы қалыптастырылып, сарапшыларға жіберіледі.

11. Сарапшыларға бағалауды жүргізу үшін барлық қажетті МЖӘ жобасы туралы ақпаратқа рұқсат беріледі.

12. Сарапшыларда сауалнамада көрсетілген жекелеген тәуекелдерді қосуға және (немесе) алып тастауға қатысты бірауыздан қабылданған шешім болған жағдайда, сауалнама түзетіледі және МЖӘ жобасының тәуекелдеріне қайталап бағалау жүргізу үшін сарапшыларға жіберіледі.

13. МЖӘ жобасының тәуекелдерін бағалау сауалнамаларын сарапшылар қағаз жеткізгіште толтырады, әрбір парағына қол қойылады және МЖӘ жобасына конкурстық құжаттаманың немесе бизнес-жоспардың ажырамас бөлігі болып табылады.

14. Тәуекелдерді бағалау кезінде сарапшылар тәуекелдердің басталу ықтималдығын және олар басталған кезде тәуекелдердің ықпал ету дәрежесін бағалайды.

Тәуекелдің басталу ықтималдығы мынадай бағалау жүйесіне сәйкес сандық мәнде айқындалады:

0-20% - тәуекелдің іске асырылмау ықтималдығы үлкен;

21-40% - тәуекелдің іске асырылу ықтималдығы елеусіз;

41-60% - тәуекелдің іске асырылу ықтималдығы орташа;

61-80% - тәуекелдің іске асырылу ықтималдығы үлкен;

81-100% - тәуекел толық сенімділікпен іске асырылады.

Тәуекел басталған кезде оның ықпал ету дәрежесі мынадай бағалау жүйесіне сәйкес сандық мәнде айқындалады:

1 балл - залал деңгейі елеусіз;

2 балл - залал деңгейі төмен;

3 балл - залал деңгейі орташа;

4 балл - залал деңгейі елеулі;

5 балл - залал деңгейі шекті.

15. Тәуекелдердің құнын бағалауды МЖӨ жобасын әзірлеуші осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, электронды түрде формулалары ашылатын Excel форматында МЖӨ жобасының қаржы-экономикалық моделінің (бұдан әрі – ҚЭМ) деректерін пайдалана отырып, осы сауалнамалар негізінде жүргізеді.

16. Тәуекел құны тәуекел басталған кезде МЖӨ жобасының қаржылық-экономикалық көрсеткіштерінің ықтимал ең жоғары өзгерісін көрсетеді.

17. МЖӨ жобасын іске асыру кезеңіндегі n-ші тәуекелдің құны тәуекел салмағы мен МЖӨ жобасын іске асыру кезеңіндегі тәуекел құнын есептеу базасының туындысы ретінде есептеледі:

$$Rc_n = Rwn * B_n, (1), \text{ мұнда:}$$

Rc_n – МЖӨ жобасын іске асыру кезеңіндегі n-ші тәуекелдің құны;

Rwn – МЖӨ жобасын іске асыру кезеңіндегі n-ші тәуекелдің салмағы;

B_n – n-ші тәуекелдің құнын есептеуге арналған база.

18. МЖӨ жобасын іске асыру кезіндегі n-ші тәуекелдің салмағы басталу ықтималдығының орташа мәні мен МЖӨ іске асыру кезеңіндегі n-ші тәуекелдің ықпал ету дәрежесінің орташа мәнінің туындысы ретінде есептеледі:

$$Rwn = \bar{P}_n * \bar{D}_n, (2), \text{ мұнда:}$$

Rwn – МЖӨ іске асыру кезеңіндегі n-ші тәуекелдің салмағы;

$$\bar{P}_n$$

– МЖӘ жобасын іске асыру кезеңіндегі n-ші тәуекелдің басталу ықтималдығының орташа мәні;

$$\bar{D}_n$$

– МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде басталған кезде n-ші тәуекелдің ықпал ету дәрежесінің орташа мәні.

19. МЖӘ жобасын іске асыру кезінде n-ші тәуекелдің басталу ықтималдығының орташа мәні сарапшылардың осы көрсеткіш бойынша бағалауларының орташа арифметикалық мәні ретінде есептеледі:

$$\bar{P}_n = \frac{\sum_{i=1}^e P_{n_i}}{e}, (3), \text{ мұнда:}$$

$$\bar{P}_n$$

– МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде n-ші тәуекелдің басталу ықтималдығының орташа мәні;

$$P_{n_i}$$

– i-ші сарапшының бағалауына сәйкес n-ші тәуекелдің басталу ықтималдығының мәні;

e – сарапшылар тобындағы сарапшылардың саны.

20. МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде пайда болған n-ші тәуекелдің ықпал ету дәрежесінің орташа мәні осы көрсеткіш бойынша сарапшылардың бағалауларының орташа арифметикалық мәні ретінде есептеледі:

$$\bar{D}_n = \frac{\sum_{i=1}^e D_{n_i}}{e}, (4), \text{ мұнда:}$$

$$\bar{D}_n$$

– МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде ол басталған кезде n-ші тәуекелдің ықпал ету дәрежесінің орташа мәні;

$$D_{n_i}$$

- i-ші сарапшының бағалауы бойынша МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде n-ші тәуекелдің ықпал ету дәрежесінің мәні;

е – сарапшылар тобындағы сарапшылардың саны.

21. Тәуекел құнын есептеу үшін база ретінде МЖӘ жобасының ҚЭМ-де көрсетілген түсімдер/шығарымдар, кірістер/шығыстар, қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің қол жеткізілуіне немесе қол жеткізілмеуіне басталған тәуекел ықпал етуі мүмкін баптарының ақшалай мәні қабылданады.

22. Тәуекелдің құнын есептеу үшін мыналар база бола алады:

1) инвестициялық шығындардың жалпы сомасы немесе МЖӘ жобасын іске асыру кезеңіндегі инвестициялық шығындардың белгілі бір бабының (-тарының) сомасы;

2) операциялық шығыстардың жалпы сомасы немесе МЖӘ жобасын іске асыру кезеңіндегі инвестициялық шығыстардың белгілі бір бабының (-тарының) сомасы;

3) сыйақының жалпы сомасы немесе МЖӘ жобасын іске асыру кезеңіндегі сыйақының белгілі бір бөлігі;

4) өтемақының (-лардың) жалпы сомасы немесе МЖӘ жобасын іске асыру кезеңіндегі өтемақының (-лардың) белгілі бір бөлігі;

5) МЖӘ жобасын іске асыру кезеңіндегі коммерциялық кірістің жалпы сомасы немесе белгілі бір бөлігі;

6) МЖӘ жобасының таза келтірілген құны (NPV);

7) МЖӘ жобасы бойынша түсетін таза пайда;

8) МЖӘ жобасының ҚЭМ-де көрсетілген түсімдердің/шығымдардың, кірістердің/шығыстардың, қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің өзге де баптары.

23. Қажет болған кезде тәуекелдер құнын бағалау тиісті саладағы тәуекелдерді бағалау әдістемесін және (немесе) есептеулерді негіздей отырып, басқа да қолданылатын әдістерді реттейтін бекітілген салалық ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады.

4-тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының тәуекелдерін бөлу

24. Тәуекелдерді бөлу МЖӘ шартына қол қойылған сәттен бастап МЖӘ шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін әрбір жекелеген тәуекелді басқаруға қабылдайтын МЖӘ шартының тарабын айқындау мақсатында осы Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады.

25. Тәуекелдерді теңгерімделген бөлу әрбір жекелеген тәуекелді:

1) тәуекелді ең жақсы басқаратын;

2) тәуекелдерді басқару үшін жеткілікті тәжірибесі, біліктілігі бар;

3) тәуекелді ең аз шығындармен басқаратын;

4) тәуекелдың басталуынан болатын теріс салдарды мүмкіндігінше қысқа мерзімде жоятын және (немесе) жұмсартатын;

5) тәуекелдерді басқару үшін қажетті қаржылық, материалдық, еңбек және басқа да ресурстарға ие МЖӨ шартының тарапы (мемлекеттік әріптес немесе жекеше әріптес) қабылдаған жағдайда, тәуекелдерді бөлу болып саналады.

Бұл ретте мемлекеттік әріптес немесе жекеше әріптес қабылдайтын тәуекелдердің саны мен құны тәуекелдерді теңгерімді бөлудің шарты болып табылмайды.

26. Мемлекеттік әріптес барлық МЖӨ жобаларында, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе МЖӨ шартында өзгеше көзделмесе, тәуекелдердің мына түрлерін басқаруға қабылдайды:

1) мемлекеттік әріптестің кінәсі немесе бастамасы бойынша МЖӨ шартын бұзу;

2) мемлекеттік әріптестің жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін жеке меншіктен уақтылы алып қоймауы;

3) мемлекеттік әріптеске тиесілі жер учаскесін және (немесе) қолданыстағы МЖӨ объектісін (мүлікті немесе мүліктік кешенді) уақтылы бермеу;

4) жергілікті жердегі тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін бұзу және оларға өзге де теріс ықпал ету;

5) мемлекеттік әріптес жобалаған кезде МЖӨ объектісін сапасыз жобалау (құрылыс нормаларына, ережелеріне немесе стандарттарына сәйкес келмеуі);

6) МЖӨ жобасының шарттарын нашарлатуы немесе жақсартуы мүмкін мемлекеттік әріптестің бастамасымен жобалық шешімдерді өзгерту;

7) инженерлік коммуникацияларды уақтылы жеткізбеу;

8) саяси тәуекелдер, оның ішінде МЖӨ жобасының шарттарын нашарлатуы немесе жақсартуы мүмкін Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер;

9) МЖӨ объектісін мемлекет меншігіне уақтылы қабылдамау;

10) МЖӨ объектісін кейіннен пайдалану үшін меншік және пайдалану құқықтарын уақтылы бермеу;

11) жекеше әріптестің кінәсінен МЖӨ объектісінің бүлінуі немесе жойылуы;

12) жекеше әріптеске шығындарын өтеуге төлемдерді бермеу немесе уақтылы ұсынбау.

27. Жекеше әріптес барлық МЖӨ жобаларында, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және (немесе) МЖӨ шартында өзгеше көзделмесе, тәуекелдерді басқару кезінде тәуекелдердің мынадай түрлерін қабылдайды:

1) жекеше әріптестің кінәсі немесе бастамасы бойынша МЖӨ шартын бұзу;

2) мемлекеттік әріптестің меншігіндегі жер учаскесін және (немесе) қолданыстағы МЖӨ объектісін (мүлікті немесе мүліктік кешенді) уақтылы қабылдамау;

- 3) МЖӘ объектісін пайдалануға уақтылы енгізбеу;
- 4) МЖӘ объектісін құруға, салуға, реконструкциялауға, жаңғыртуға немесе күрделі жөндеуге, сондай-ақ пайдалануға рұқсат беретін және өзге де құжаттарды уақтылы алмау;
- 5) жекеше әріптестің банкроттығы;
- 6) МЖӘ объектісін құру, салу, реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу үшін жеке әріптесте білікті кадрлардың болмауы;
- 7) тұрғындар үшін қолайсыздық пен қауіпсіздік;
- 8) қызметкерлер мен жұмысшылар тарапынан өндірістік қақтығыс (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін бұзу, жаппай жұмыстан босату, митингілер);
- 9) инвестициялық шығындардың ұлғаюы немесе төмендеуі (МЖӘ объектісін құру, салу, реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу құны);
- 10) айырбас бағамының өзгеруі, бұл жобаның шарттарын нашарлатуы немесе жақсартуы мүмкін;
- 11) салық мөлшерлемелерінің ұлғаюы немесе төмендеуі;
- 12) инвестициялық кезеңнің ұлғаюы немесе қысқаруы;
- 13) жекеше әріптес жобалаған кезде сапасыз жобалану (құрылыс нормаларына, ережелеріне немесе стандарттарына сәйкес келмеу);
- 14) МЖӘ жобасының шарттарын нашарлатуы немесе жақсартуы мүмкін жобалау шешімдерінің өзгеруі;
- 15) жекеше әріптестің бастамасымен МЖӘ жобасының шарттарын нашарлатуы немесе жақсартуы мүмкін жобалық шешімдердің өзгеруі;
- 16) сапасыз жабдықты және (немесе) құрылыс материалдарын жеткізу;
- 17) жекеше әріптестің кінәсінен МЖӘ объектісінің бүлінуі немесе жойылуы;
- 18) МЖӘ объектісін құру, салу, реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу үшін қаржы ресурстарын тартпау немесе уақтылы тартпау;
- 19) жобаның шарттарын нашарлатуы немесе жақсартуы мүмкін капитал құнының (пайыз мөлшерлемесінің) өзгеруі;
- 20) экологиялық стандарттар мен нормаларға сәйкес келмеу;
- 21) тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге сұраныстың/тұтынудың төмендеуі немесе ұлғаюы;
- 22) МЖӘ жобасының шарттарын нашарлатуы немесе жақсартуы мүмкін тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер құнының өзгеруі;
- 23) объектінің пайдаланушылық қолжетімсіздігі;
- 24) операциялық (пайдалану құны, МЖӘ объектісіне қызмет көрсету) шығындардың ұлғаюы немесе қысқаруы;
- 25) нормаларға, ережелерге, стандарттарға сәйкес келмеу;
- 26) жабдықтың ақауы немесе жұмыс істемеуі;
- 27) сапасыз техникалық қызмет көрсету.

28. Мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптес, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде МЖӘ шартында өзгеше көзделмесе, барлық МЖӘ жобалары бойынша тәуекелдердің келесі түрлерін бірлесіп қабылдайды:

- 1) форс мажор;
- 2) сақтандырылмайтын тәуекелдер;
- 3) МЖӘ шартында көрсетілген тәуекелдер тізбесіне қосылмаған тәуекелдер.

29. Осы Әдістеменің 26, 27 және 28-тармақтарында көрсетілген тәуекелдер тізбесі МЖӘ жобалары үшін шектейтін болып табылмайды. Осы Әдістеменің 26, 27 және 28-тармақтарында көрсетілмеген барлық тәуекелдер МЖӘ шарты тараптарының келісуі бойынша 25-тармаққа сәйкес бөлінеді.

5-тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының тәуекелдерін басқару

30. Әрбір тәуекелді басқару бойынша егжей-тегжейлі қадамдық іс-шаралар жоспары конкурстық құжаттамада немесе МЖӘ жобасының бизнес-жоспарында және МЖӘ шартында көрсетіледі.

31. Тәуекелдердің басталу ықтималдығын төмендету бойынша шаралар қажет болған кезде мынадай іс-шаралар түрін қамтиды:

- 1) тәуекелдің басталуы салдарынан туындаған МЖӘ жобасының күтпеген шығыстарын жабу үшін резервтер құру;
- 2) тәуекелдерді сақтандыру шарттарын (хеджирлеу) жасасу;
- 3) мердігер шарттары арқылы тәуекелдерді беру;
- 4) персоналдың санын және (немесе) біліктілігін арттыру;
- 5) бюджетті және жұмыс кестесін бақылау және мониторингтеу;
- 6) МЖӘ жобасын іске асыру қағидаларын, стандарттарын және нормаларын регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды дайындау;
- 7) тәуекелдерді басқару бойынша өзге де іс-шаралар.

32. МЖӘ жобасының тәуекелдері басталған кезде МЖӘ шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері МЖӘ шартының тиісті ережелері арқылы МЖӘ шартында көрсетіледі.

33. Тәуекелдерді басқару басталу ықтималдығын төмендету және басталған тәуекелдердің теріс салдарын жою және (немесе) жұмсарту бойынша шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін әдістерді, тәсілдерді және іс-шаралар кешенін білдіреді.

34. Тәуекелдерді басқаруда жауапты тарап оңтайлы шешімді анықтау жолымен МЖӘ жобасындағы бұзушылықтарды барынша азайтады.

35. Тәуекел басталған кезде, осы тәуекелді басқаруға жауапты тарап үшін ең аз уақытты және оны іске асыру үшін қажетті шығындардың ең аз мөлшері қажет болатын шешім оңтайлы болып саналады.

36. Мемлекеттік әріптес МЖӘ шартына қол қойылған сәттен бастап МЖӘ шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін тәуекелдерді мониторингтеуді жүзеге асырады.

37. Тәуекелдерді мониторингілеу рәсімдері МЖӘ шартында көрсетіледі және сәйкестендірілген тәуекелдер тізбесіне сәйкес тәуекелдерді қадағалау, сондай-ақ МЖӘ шартына сәйкес тәуекелдерді басқару мақсатында жаңа тәуекелдерді анықтау процестерін қамтиды.

38. Жекеше әріптес МЖӘ шартына қол қойылған сәттен бастап МЖӘ шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МЖӘ жобасының тәуекелдер тізілімін жүргізеді.

Мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларының
тәуекелдерін бөлу және
бағалау әдістемесіне
1-қосымша

Нысан

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының тәуекелдерін бағалау сауалнамасы

1-кесте

1	Жобаның атауы	
2	Сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)	
3	Жоғары білімінің болуы	
4	Экономика, қаржы, инвестиция саласындағы жұмыс тәжірибесінің болуы	
5	Құқықтану саласындағы жұмыс тәжірибесінің болуы	
6	МЖӘ жобасын іске асыру саласында (аясында) жұмыс тәжірибесінің болуы	
7	Ұқсас объектілерді құру, салу, реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу саласында тәжірибесінің болуы	
толтыру күні		қолы/тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)

Ескерту:

- 1-жолда МЖӘ жобасының атауы көрсетіледі;
- 2-жолда сауалнаманы толтыратын сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) көрсетіледі;
- 3-жолда жоғары білім, ғылыми дәреже, мамандық (мамандану) алған оқу орны көрсетіледі;
- 4-жолда экономика, қаржы, инвестиция саласындағы жұмыс тәжірибесінің (бар болса) жылдар саны көрсетіледі;

5. 5-жолда құқықтану саласындағы жұмыс тәжірибесінің (бар болса) жылдар саны көрсетіледі;

6. 6-жолда МЖӘ жобасын іске асыру саласында (аясында) жұмыс тәжірибесінің (бар болса) жылдар саны көрсетіледі;

7. 7-жолда ұқсас объектілерді (бар болса) құру, салу, реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеудегі жұмыс тәжірибесінің жылдар саны көрсетіледі.

2-кесте

№	Тәуекел түрі	Тәуекел атауы	Басқару үшін жауапты тұлға	Тәуекелдің басталу ықтималдығы	Басталған жағдайда ықпал ету дәрежесі
1	2	3	4	5	6
толтыру күні			қолы/тегі, аты, әкесініңаты (бар болған кезде)		

Ескерту:

1. Тәуекелдің басталу ықтималдығы мынадай бағалау жүйесіне сәйкес сандық мәнде анықталады:

0-20% - тәуекелдің іске асырылмау ықтималдығы үлкен;

21-40% - тәуекелдің іске асырылу ықтималдығы елеусіз;

41-60% - тәуекелдің іске асырылу ықтималдығы орташа;

61-80% - тәуекелдің іске асырылу ықтималдығы үлкен;

81-100% - тәуекел толық сенімділікпен жүзеге асырылады.

Тәуекел басталған кезде оның ықпал ету дәрежесі мынадай бағалау жүйесіне сәйкес сандық мәнде анықталады:

1 балл - залал деңгейі елеусіз;

2 балл - залал деңгейі төмен;

3 балл - залал деңгейі орташа;

4 балл - залал деңгейі елеулі;

5 балл - залал деңгейі шекті.

2. 1-бағанда тәуекелдің реттік нөмірі көрсетіледі;

3. 2-бағанда осы Әдістеменің 5-тармағына сәйкес тәуекел түрі көрсетіледі;

4. 3-бағанда тәуекелдің атауы көрсетіледі;

5. 4-бағанда осы Әдістеменің 25, 26, 27, 28 және 29-тармақтарына сәйкес тәуекелді басқаруға жауапты тарап (мемлекеттік әріптес немесе жекеше әріптес) көрсетіледі.

6. 5-бағанда осы Әдістеменің 14-тармағына сәйкес бағаланған тәуекелдің басталу ықтималдығы көрсетіледі;

7. 6-бағанда осы Әдістеменің 14-тармағына сәйкес бағаланған, тәуекел басталған кездегі ықпал ету дәрежесі көрсетіледі.

Мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларының
тәуекелдерін бөлу және
бағалау әдістемесіне
2-қосымша

Нысан

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының тәуекелдерін бағалау

Тәуекел түрі	Тәуекел атауы	Тәуекелдің жобаға ықпалы				Тәуекелдің басталу ықтималдығы				Тәуекелдің басталу ықтималдығының орташа мәні
		Сарапшы1	Сарапшы2	...	Сарапшып	Сарапшы1	Сарапшы2	...	Сарапшып	
1	2	3				4				5
Инвестициялық кезең										
	1 - тәуекел									
	2 - тәуекел									
	...									
	n-ші тәуекел									
Пайдалану кезеңі										
	1 - тәуекел									
	2 - тәуекел									
	...									
	n-ші тәуекел									

Кестенің жалғасы

Тәуекелдің басталу ықтималдығының орташа мәні	Жобаға тәуекел ықпалының орташа мәні	Тәуекел салмағы	Тәуекел құнын есептеу базасы	Тәуекел құнын есептеу базасының мәні	Тәуекел құны
5	6	7	8	9	10
Инвестициялық кезең					
Пайдалану кезеңі					

Ескерту:

1. 1-бағанда осы Әдістеменің 5-тармағына сәйкес тәуекел түрі көрсетіледі.

2. 2-бағанда инвестициялық және пайдалан укезеңдеріндегі тәуекелдердің толық тізбесі көрсетіледі.

3. 3-бағанда осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған сауалнамалар сәйкес сарапшылардың бағалары көрсетіледі.

4. 4-бағанда осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған сауалнамаларға сәйкес сарапшылардың бағалаулары көрсетіледі.

5. 5-бағанда осы Әдістеменің 19-тармағына сәйкес есептелген тәуекелдің басталу ықтималдығы бойынша сарапшылардың бағалауларының орташа мәндері көрсетіледі.

6. 6-бағанда осы Әдістеменің 20-тармағына сәйкес есептелген МЖӘ жобасына тәуекелдің ықпал ету дәрежесі бойынша сарапшылар бағалауларының орташа мәндері көрсетіледі.

7. 7-бағанда осы Әдістеменің 18-тармағына сәйкес есептелген тәуекелдің салмағы көрсетіледі.

8. 8-бағанда осы Әдістеменің 21 және 22-тармақтарына сәйкес айқындалған тәуекел құнын есептеу үшін қабылданған базаның атауы көрсетіледі.

9. 9-бағанда осы Әдістеменің 21 және 22-тармақтарына сәйкес айқындалған тәуекел құнын есептеу үшін қабылданған базаның құны көрсетіледі.

10. 10-бағанда осы Әдістеменің 17-тармағына сәйкес есептелген тәуекелдің құны көрсетіледі. Тәуекелдің басталуы МЖӘ жобасы үшін теріс салдарға алып келетін болса, тәуекелдің құны "-" (минус) белгісімен теріс мәнде көрсетіледі. Тәуекелдің басталуы МЖӘ жобасы үшін оң салдарға алып келетін болса, тәуекел құны "+" (плюс) белгісімен оң мәнде көрсетіледі.

Мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларының
тәуекелдерін бөлу және
бағалау әдістемесіне
3-қосымша

Нысан

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының тәуекелдерін бөлу және басқару

Тәуекел атауы	Тәуекелдерді басқаруға жауапты тұлға	Тәуекел құны	Мемлекеттік әріптес үшін тәуекел құны	Жекеше әріптес үшін тәуекел құны	Тәуекелдің басталу ықтималдығын төмендету бойынша шаралар	Тәуекелдің басталу салдарын жою бойынша шаралар
1	2	3	4	5	6	7
Инвестициялық кезең						
1-тәуекел						
2-тәуекел						
...						

n-ші тәуекел						
Пайдалану кезеңі						
1-тәуекел						
2-тәуекел						
...						
n-ші тәуекел						

Ескерту:

1. 1-бағанда инвестициялық және пайдалану кезеңдеріндегі тәуекелдердің толық тізбесі көрсетіледі.

2. 2-бағанда тәуекелді басқаруға жауапты тұлға көрсетіледі: осы Әдістеменің 25, 26, 27, 28 және 29-тармақтарына сәйкес айқындалған жекеше әріптес және (немесе) мемлекеттік әріптес.

3. 3-бағанда осы Әдістеменің 17-тармағына сәйкес (2-қосымшаға сәйкес) есептелген тәуекелдің құны көрсетіледі.

4. 4-бағанда мемлекеттік әріптес үшін тәуекелдің құны (мемлекеттік әріптес тәуекелдерді басқаруға толық жауапты болған жағдайда тәуекел құнының 100%-ы; тәуекелдерді басқару жауапкершілігі і мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптес арасында бөлінген кезде, тәуекел құнының 50%) көрсетіледі.

5. 5-бағанда жекеше әріптес үшін тәуекелдің құны (жекеше әріптес тәуекелдерді басқаруға толық жауапты болған жағдайда тәуекел құнының 100%-ы; тәуекелдерді басқару жауапкершілігі мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптес арасында бөлінген кезде, тәуекел құнының 50%) көрсетіледі.

6. 6-бағанда тәуекелдің басталу ықтималдығын төмендету бойынша шаралар тізбесі көрсетіледі.

7. 7-бағанда тәуекелдің басталу салдарын жою бойынша іс-шаралар тізбесі көрсетіледі.

Мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларының
тәуекелдерін бөлу және
бағалау әдістемесіне
4-қосымша

Нысан

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының тәуекелдер тізілімі

			Тәуекелдің басталуынан	Тәуекелдерді басқару үшін жауапты	Шарт бойынша тараптардың	Басталу ықтималдығын азайту үшін алдынала қабылд	Басталу салдарын жою бойынша алдынала қабылд	Тәуекелдерді басқаруға бағытталған ресурстар		
								қаржылық		басқа
			Тәуекелдің басталуы							

№	Тәуекел түрі	Тәуекел атауы	басталу себептері	болған салдарлар	тұлға	жауапкершілігі	анған шаралар	анған шаралар	енбек	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	

Ескерту:

1. 1-бағанда тәуекелдің реттік нөмірі көрсетіледі.
2. 2-бағанда осы Әдістеменің 5-тармағына сәйкес тәуекел түрі көрсетіледі.
3. 3-бағанда тәуекелдің атауы көрсетіледі.
4. 4-бағанда тәуекелдің басталу себептері көрсетіледі.
5. 5-бағанда МЖӘ жобасы үшін тәуекелдің басталуынан болған салдарлар көрсетіледі.
6. 6-бағанда МЖӘ шарты бойынша жауапты тарап (мемлекеттік әріптес немесе жекеше әріптес) көрсетіледі.
7. 7-бағанда МЖӘ шартына сәйкес тәуекел басталған жағдайда тараптардың жауапкершілігі көрсетіледі.
8. 8-бағанда тәуекелдің басталу ықтималдығын азайту үшін тәуекелді басқаруға жауапты тарап алдын ала қабылдаған шаралар көрсетіледі.
9. 9-бағанда тәуекелді басқару үшін жауапты тұлғаның тәуекелдің басталу салдарын жою бойынша алдына ала қабылдаған шаралары көрсетіледі.
10. 10-бағанда тәуекелдерді басқаруға бағытталған ресурстар (оның ішінде қаржылық, еңбек және басқа да ресурстар) көрсетіледі.